



АЛАШШЫЛ ЖАС

Студенттердің әдеби-танымдық журналы



«Күн туды, Алаш,
күн туды»



«Азаматтың міндеті
– елді қорғау»




Ұлт жанашыры



Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны



**Қазақ баласы
бірігіп, тізе қосып іс
қылса, халықтық
мақсат сонда
орындалады.**

Әлихан Бөкейханов

МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУ: АЛАШ РУХТЫ ӘДЕБИЕТ

Төлегенова Ғ. «Күн туды, Алаш, күн туды».....	4
Адылбекова Ғ. «Азаматтың міндеті – елді қорғау».....	7
Қырықбай С. Ұлт жанашыры.....	10

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҚЫЗДАРЫ

Қазақ хандығы дәуіріндегі әйелдер.....	12
----------------------------------------	----

КЕШЕГІ СТУДЕНТ – БҮГІНГІ ҒАЛЫМ

Әдебиеттанушы ғалым	14
---------------------------	----

ПОЭЗИЯ

Шерхан Т. Жыр күнделігінен.....	18
Мәді Б. Жыр күнделігінен.....	20
Мұратбеков А. Жыр күнделігінен	22
Сарқытова Ә. Жыр күнделігінен.....	24
Жазай К. Жыр күнделігінен.....	26
Сейсенбаева Н. Жыр күнделігінен	28

ПРОЗА

Әбдімәлікова Н. Аялы алақан.....	29
Тоқташбай А. Бір бөлменің қыздары.....	30
Айтқаримов Б. Қираған өткел.....	32
Әбішева М. Бір үзім нанның дәмі.....	34

АУДАРМА

Бижанова Н. Қайта орау.....	37
Ердебекова А. Махаббат алде ақша.....	38
Қожаназарова И. Операдағы елес.....	42
Айтлеуова Ғ. Артық қылам деп тыртық қылма.....	45

ИМАНИ ГҮЛ

Қыдырбай М. Бүгінгі амал-әрекеттеріміз қайда апарар екен?.....	46
Әлібек А. Құрбан шату.....	47
Тұрсынова С. Тілге абай болу.....	49

ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕРІ

Зәки Ахметов 85 жаста.....	50
Бейсенова Ғ. Әдебиетте де, кинодраматургияда да танылған қаламгер.....	55

ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Рыспанбетова С. Мамандық, диплом, жұмысқа орналасу мәселесі.....	60
Бойжеткендердің кейбір қылығы қынжылтады.....	62

«Күн туды, Алаш, күн туды...»

1917 жылғы Ресейдегі қос төңкеріс, Патша үкіметінің тақтан құлауы қазақ зиялыларының саяси күресін одан әрі жетілдіре түсіп, соның арқасында Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы жарияланып, «Алаш» партиясы өмірге келгені белгілі. Осы уақыт аралығында «Алаш туы астында» жиналған қазақ зиялыларының негізгі бағыты, арман-мүдделері ақындар шығармаларында қолдау тауып, ашық түрде бейнеленген еді. Алашшыл ақындардың бірі Ғұмар Қараш та осы уақыттың танбалары көрініс тапқан өлеңдерін «Тұрымтай» жинағына жариялаған еді.

Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қараған Ғұмар Қараш «Күн туды», «Алашқа», «Алаш азаматтарына», «Неден қорқам?», «Саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен?», «Келер ме екен?», тағы басқа өз жұртын азаттыққа, ел болуға үндеген өлеңдер жазады. Мәселен, «Күн туды» өлеңінде:

Екі талай іс болып,
Елге қиын күн туды.
Аспанда ай, күн тұтылып,
Жер жиһанды қан жуды.
Көзі ашық елдер қам қылып,
Ертерек бекем бәл буды...—

деп, ел басына түскен ауыртпашылықтарды аспандағы ай мен күннің тұтылуына теңеп, басқа елдердің тезірек ауызбіршілікке келуін үлгі тұта отырып, қазақ азаматтарының бас қосып кен байтақ елін қорғауға үндейді.

«Алаш» деп ұран шақырып...
Дұспанды іштен тындырып,
Іс қыла алсан қылатын,
Ел бола алсан болатын,
Күн туды, Алаш, күн туды,—

деп ел азаматтарын рухтандырады. Ғұмар ақын «Күн туды, алаш, күн туды» деген өлеңінде қазаққа «жер, суды» қорғайық деп ұрандағанымен, сол «жер, суды қорғағанда» кімнен қорғайтынын ашық айтпайды. Әйтеуір бір үлкен күш барын, ол күш алашордаға қарсы күш екенін елестетіп қана қояды.

Халық қамын ойлаған Ғұмар Қараштың 1917 жылғы ақпан төңкерісін қуанышпен қарсы алғаны өлеңдерінен аңғарылады. С.Өзбекұлының пайымдауынша, сол заманның басқа да озық ойлы азаматтары сияқты ақ патшаның тақтан құлауын ірі саяси оқиға деп таныды, самодержавиялық зорлықтың күйреуі халықтарды отарлық езгіден құтқарады деп санады. Бірақ осы аралықта пайда болған қос өкіметтің саясатына жете түсінбейді. Қазақ қоғамының барлық озық ойлы азаматтары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты ірі тұлғалардың «Алаш» туының астына бірігуін қолдайды /Арыстары алаштың.— 1998, 53-б./ Алаштың жаршысы ретінде «Алаш азаматтарына» атты өлеңін де осы тұста жариялайды. Ақынның «Сарыарқа» /1918, 22 қаңтар/ газетінде жарияланған «Алаш азаматтарына», «Алашқа» деген өлеңдерінде де алаш азаматтары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, біріксе дегенді меңзей отырып, елді ауызбіршілікке шақырады:

Ау, Алаш, көзіңді бүгін ашар күнің!
Қарманып ілгері аяқ басар күнің!
Шығарып бір жерден қол, бір жерден сөз,
Адымдап асқар белден асар күнің!

«Күн туды, Алаш, күн туды» деп ұрандаған Ғұмар Қарашұлы шынында да алаш партиясына үлкен сенім артады. Сол уақытта көпшілік қауымның «Алашордаға» қосылмай жатқанына ызаланып, «Саған не болды?» өлеңінде ақын жұртшылыққа былай дейді:

Дүние толы өсек-аяң, жер солды,
Елемесең, елім, байқап оң-солды.

Өтер жолың тайғақ кешу тар жол-ды,
Байқамастай, елім, саған не болды?

Ақын өлеңдерінде не айтса да ішкі мұңын жасырмай, және оны ел-жұртына сұрақ қою арқылы кейбір шындықты өзі ашып берсін:

Дұспан шықты, жан-жағынды қамады,
Жиғаныңды алды, өртсін, талады,
Қарсыласқан тамағыңнан шалады,
Мұны көрмей, жұртым, саған не болды?

Ғұмар Қараштын «Үрім-бұтақ ұрпағыңды құл етер, Әлпештеген аруыңды күн етер» деген ескертуінде де үлкен сыр жатыр. Жалпы, бұл өлеңінде ақын қалың ұйқыда жатқан елінің шымбайына бататындай сөздер айтып, ұйқышыл халқын барынша оятуға ұмтылады.

Алатаудан асып барып жайлаған,
Беткейінде құлын-тайың ойнаған,
Ойына алған ісін етпей қоймаған,
Ел емес пе ең, жұртым, саған не болды? –

деген сөздерімен халқын жігерлендіре отырып, олардың тығырықтан шығар жолын да іздейді.

Ғұмар Қарашұлы өлеңдерінің дені «Неден қорқам?», «Жұртым саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен?», «Келер ме екен?» деген сияқты сұрақтарға негізделуінің өзі оның ақындық шеберлігінің бір қырын аша түсетін тәрізді. «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар ақын өмір сүрген уақыттың тарихи шындығын танып-білуде маңызы зор.

Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам,
Күлімдеп кіріп, ішкі сырынды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам...

Жаңа қоғамдағы жаңа саясатқа көндіге алмаған ақын «Кім көрсе, соған айтқан сырдан қорқам» деп те сақтандыра отырып, түрлі-түрлі болып жатқан келеңсіздіктерді сынға алады.

Сүзіліп, сопысынып дінді сатқан,
Таңқы мұрт, таспа қара сұрдан қорқам.
Бұлғақтап құр білімсіз, ағымға еріп,
Білгенді еліктеген зырдан қорқам.

Ғұмар Қарашұлының бұл шумағындағы «сұр» мен «зыр» бейнесі кімдер болды екен? Сондай-ақ ақын «қандары тасқан қара күштен», «тысына қайшы келген іштен», «құбылма тез оңатын түстен» қорқады. Осы жолдар Міржақып Дулатовтың «Қайда едің?» /«Қазақ», 1917, 21 тамыз/ өлеңін, яғни, ондағы «көсемдердің», «шешендердің», «данышпандардың», «қамқорлардың», «жомарттардың», «жанашырлардың» ел басында ауыр жағдай туғанда жанынан табылмай, елге жаңа күн туғанда олардың шыға келуіне күйінген ақынның ашына жырлағанын еске түсіреді. Ақын оларды жайдан-жай сынға алған жоқ еді. Мұның да өз сыры, тарихы бар. Жалпы, бұл өлеңдерде ел-жұртының ертеңін ойлағандықтың белгісі аңғарылады.

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.
Істері адамдыққа жанаспаған,
Жануар – екі аяқты аңнан қорқам.

Бұл арада ақынның жаңадан орнаған кеңес үкіметі туралы тұспалдап айтып тұрғаны белгілі. Алайда оның болашағына сенімсіз қарауы да алашшыл ақынға жат құбылыс емес.

«Өтер ме екен?» деген өлеңдерінде барша алаш зиялыларының дйттеген мүддесі анық аңғарылады:

Қайғылы қара күндер өтер ме екен,
Қолайсыз мінді мінез бігер ме екен?

...Түсініп айтқан сөзге қазақ ұлы
Іждиһат ел болуға өтер ме екен?
...Табылып ойға алғаны бәрі болып
Еңіреп ер мұратқа жетер ме екен?

Ал Ғұмар ақын «Келер ме екен?» өлеңінде ұлт үшін өз жанын қиюға дайын алаш азаматтарының қадірін білуге шақырып, оны түсіндіруді өзіне парыз деп санаған.

Ақ орда алаш көріп келер ме екен,
Жамырап келін еніп кірер ме екен?
Сарғайып сағындырып қолға түскен
Асылдың қадір бұлын білер ме екен? –

дей отырып, тіпті, олардың әрбір ісін жоғары бағалап, сөзіне құрандай илануды уағыздайды. Мұның өзі ақын тұлғасының қашан да ұлт мүддесімен үндесіп жатқанын, өмірлік мақсаты болғанын айғақтай түседі.

«Көреміз бе?» өлеңінен қазақ елінің азат ел болуын аңсаған ақын арманын көреміз.

Жарық жолға бастаушыға ереміз бе,
Ақ жүректі шын ерлерге сенеміз бе?
Таза қанды, кірсіз жанды қазақ жұрты
Өз алдына ел болғанын көрсеміз бе? –

деп басталады да, әрі қарай өлең жолдарында жалпы Алаш партиясының, Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұраты арқау етіледі.

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын,
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын,
Тірілікте көзімізбен көреміз бе? –

деп аяқтай отырып, елінің дербес мемлекет болуын қалаған ақын қазағының болашағынан үміт үзбейді. Ал «Саған не болды» өлеңінде «Дұшпан шықты, жан-жағыңды қамады, Жиғаныңды алды, өртеді, талады, Қарсылассан тамағыннан шалады, Мұны көрмей, жұртым, саған не болды?» деп нақты қауіптің қайдан шығатыны ашық айтылады.

Қазан төңкерісінен кейін басталған түрлі жүгенсіздік, яғни, Уақытша үкімет тарапынан уәде етілген земстволық реформалардың кешігуі, бірі құлап, бірі келіп жатқан үкімет басындағы өзгерістер де Ғұмарға ықпал етті. Ақын халықтың осындай дүрбелендерге, бассыздыққа жол бергеніне күйіне жырлайды:

Сен жатырсың қатты – терең ұйқыда,
Өзді-өзіңмен алысуда миқыда.
Талас-тартыс үнемі ызы-қиқыда,
Оянбастай жұртым саған не болды?

Алдыға қойған мақсатқа жетуге жас кезде талпынуды уағыздап, екіжүзділік, дарақылық, мақтангөйлік сияқты әдеттерден жирендірген ақын өзі де «өмірге неге келдім, не бітірдім» деп терең тебіреніске түседі. Қазақ халқының іргелі, өнерлі ел болуын армандаған ол көршілес елдердің де татулығын қалайды. Ол туған еліне өз бақытыңды өзін жаса дегенді айтады. Мұны «өзің ту, ұл тусан да қыз тусан да» деген сөзінен «өз түсінді өзгертпей, өзгеге сліктемей ізгі дәстүрің мен мәдениетіңді жоғалтып алма» деген ойларын айқын аңғарамыз.

Түйіп айтқанда, Ғұмар Қарашұлының шығармашылығын зерттеу С.Мұқанов, Е.Ысмайлов еңбектерінен бастау алып, тәуелсіздік кезеңде арнайы қолға алынып қарастырылып жүргені белгілі және өлшеусіз зерттеле береді де. Өйткені ХХ ғасыр басындағы алашшыл ақындардың бірі Ғұмар Қарашұлы мұралары дәуір өткен сайын өз биігінде жаңғыра түсетіні сөзсіз.

Ғазиза Төлегенова

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 2-курс магистранты

«Азаматтың міндеті – елді қорғау...»

Міржақып Дулатовтың тұнғыш өлеңдер жинағы «Оян, қазақ!» 1909 жылы Уфадағы «Шарқ» баспасынан, екінші басылымы 1911 жылы Орынбордағы «Уақыт» баспаханасынан жарық көрген. Осы жинақ туралы Ахмет Байтұрсынов «Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы» калың ұйқыдағы халқының көңілдерін оятып, көздерін ашқан, ескіліктен арылтып, өнер-білімнің даңғыл жолында жанған жарық шам болды» деп әділ бағасын берсе, Қошқе Кемеңгеров «Оян, қазақ!» алғаш шыққанда Грибоедовтың «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты алашқа таратқан «Оян, қазақ!» болатын» /Еңбекші қазақ. - 1926 ж. - 1 желтоқсан/ деп жазды.

«Оян, Қазақ!» жинағы шыққан кезде Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кеткен деседі зерттеушілер. Міржақыптанушы ғалым Марат Әбсемет Бауыржан Қарағызұлымен сұхбатында бұл жөнінде мынадай ақпарат береді: «Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұнғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік еді. Ол 1917-1918 жылдары билікке келген кезде досы профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп «Оян Қазақ!» кітабын түрік тіліне аударып шығарған еді. Осы кітапқа еліктеп «Оян, Түрік!» деген кітаптар да шыққан. Ал Жақанның «Оян, қазақ!» кітабы Ататүріктің столының үстінде тұратын болған. 1994 жылы Түркияға шақырту алып, Стамбул университетінде Міржақыптан лекция оқыдым. Лекция соңында бір түрік ақсақалы келіп қолыма түрік тіліне аударылған «Оян, Қазақ!» кітабын ұстатты. Кітап 1930 жылдары Анкара қаласында шыққан екен».

1907 жылы маусым айындағы патша үкіметінің жарлығынан есеңгіреп қалған алаш азаматтарына 1909 жылғы М. Дулатовтың «Оян, қазақ» кітабы үлкен сілкініс жасағандай болды.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым енді жату жарамасты.

Ақын халқына осылайша «оян, қазақ!» деп ұрандап қана қоймай,

Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ, қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң, –

дегенді ескертіп, болашаққа үмітпен көз тігеді. Мұны тек қарапайым жұртқа ғана емес, сол елді отаршылдықтан құтқаруға жол іздеп жүрген қазақ зиялыларына да арнап тұрғандай. Осындай сөздері үшін ақын қиыншылықтарға тап болды да. Бұл туралы Сәбит Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында «Оян, қазақ» көп кешікпей қуғынға ұшырады. Жер-жердегі патша үкіметінің полицейлері «Оян, қазақты» іздеп, оны ұстаушыны қаузап, сатушыны абақтыға жаба бастады. «Оян, қазақ» үшін Міржақып абақтыға түсті» деген мәліметтер айтады.

Сонымен «Оян, қазақ!» жинағында ақын елдегі саяси жағдайға, қазақтың өткен тарихына тоқталып, халқының сол уақыттағы хал-ақуалына, яғни, жер, земство мәселесі, қоныс аударушылардың озбырлығы, әйел теңдігі, болыс болуға ұмтылушылық, мансапқорлық, білім-ғылым туралы, қазақтың көрген зорлық-зомбылығы жайында кеңінен толғанады.

«Оян, қазақтың» беташар өлеңі «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деп аталады. Бұл өлеңде өзін-өзі оятудан бастап, әрі қарай емін-еркін далада көшіп-қонып, бейбіт өмір сүріп жүрген халықтың басындағы ауыр жағдайды, патшаға бодан болғандықтарын, патша өкіметінің тепкісінде тұншыққан ұлтының аянышты, ауыр халінің шынайы шындығы айтылады.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,

Ай гүмай, күн һәм шықпай, түр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай...

Елін осынау қараңғылықтан қалай құтқарамын деп тырысқан ақынның жан айқайы естіледі. «Тарихылық халіміз хақында аз мінажат» атты өлеңінен де ақынның басты мұңын көруге болады. «Жас орнына көзімізден қан кетіп, Қолымыздан ата мирас заң кетіп» деп өкінген ақын:

Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...

Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік ғой отқа күйіп, өрттен қашпай.
Һәр халық алға кетіп жатса-дағы,
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай,–

деп қана қоймай, болашақ барар жолдың негізгі тірегі ел бірлігі екендігін баса айтып, ұлтының ұйымшылдығын, жастардың ғылым-білімге үйір болғанын қалайды.

«Насихат гумумия» деп аталатын өлең бірнеше бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімінде, қазіргі білім, ғылым заманында мақұлық болып қалмандар, бәрің бірігіп ынтымақ-бірлікке келіндер, көп қуғын-сүргінге ұшырадық, снді әрі қарай ешкімді басымызға шығармайық дегенді айтады.

Ішінде тәмір тордың шынжырлаулы,
Жатқанын көрмеймісің қайран халқың?
Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды,
Біздерге енді не бар аянатын?

Біз сонша сатып алған құл емеспіз,
Һәркімді төбемізге шығаратын.
Болады әбігер заман деген осы,
Байқасаң, Алаш ұғлы азаматым.

Дәл осы өлеңнің екінші бөлімінде жастар қайратты, талапты болып, халық үшін жанын қиюға дайын ер-азамат болудан қорықпау керектігі айтылады.

Шығады асыл – тастан, һүнер – жастан,
Тәрбие тәуір болса әуел бастан.
Мысалы, ғылым таппақ сол секілді
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан...

Халық үшін жанын қиып шыққан болса,
Хайырлы һәр қадамы болсын басқан.
Көрсетіп тар орында таудай ғайрат,
Құтқарса мұхтаждықтан болса сасқан...

Ал снді осы өлеңнің үшінші бөлімінде жастардың қиыншылықтан талмай, бастарын тауға да, тасқа да соғып, өмір тәжірибесін көбірек жинауы керектігі айтылған. Осы сияқты әр бөлім өзінің ерекшелігімен танылады.

«Сөз ақыры» деп аталатын өлеңінде жинақтағы азды-көпті дүниесін жазудағы мақсатын қорытындылауға және өлең жазуда үлгі болған ұстаз тұтар ақындар тобын таныстыруға бағытталған. «Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп. Қарғайып бұл уақытта Толстой тұр...» деп бастап, Абайды, Ахмет Байтұрсынұсты таныстырып өтеді. Одан әрі Әбубәкір молла Қыпшақбай, Ақмолла, Нұржан, Шөже, Орынбай, Мәшһүр Жүсіпті атап, «Һүнерін хатқа жазып халыққа шашқан» деген пікірін айтады.

Заманының талап-тілектеріне ілесе алмай отырған халқының тағдыры Міржақып Дулатовтың жанына батады. Айналаны түнек басты, осыған қалайша жарық түсірем деп

қынжылады. «Ел шауып, кісі өлтірсе батыр деген, Батырлар факирлердің хақын жеген» деп елдің берекесін кетіріп, әлсізге күшін батырып, барымта жасап, «батыр» атанып жүрген ерлердің кедейлердің ақысын жеп отырғанын сынап, осындай ерлікке қарсылығын білдіреді. «Шыққалы волост сайлау қырық жыл өтті, Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті» деп қазақ арасындағы болыстықтың қоғам ішіндегі іріткіге айналып отырғанына қынжылады.

Шынында да Міржақып Дулатұлының «Оян, қазағы» отарлық езгіге, қараңғылыққа, надандыққа қарсы намыс отын жаққан, халықты күреске үндеген, оқу, білімге шақырған, өз ұлтын жаңалыққа жетелеген ұлы шығарма болды.

Міржақып Дулатов өз халқының қайғы-мұңын тек қазақ жерін отарлаумен ғана байланыстырмай, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы ел арасындағы шерменделікті де егіле жазады. Ақынның ішкі сезімі, жан жарасы «Елім-ай» өлеңінен айырықша байқалады.

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғын өзегімді өртеген.
Тырп стпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!...

... Мұны құр бос өлең десең, өзің біл,
Жұрт болмаймын өлем десең, өзін біл.
Не болса да көнем десең, өзін біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!...

...Сол Күнінді көрсең – менін арманым,
Жоқтамас ем өзге тілек қалғанын...

Міржақып өз халқының жарқын болашағына, яғни, отарлықтан құтылып, қараңғылықтан жарыққа ұмтылатынына нық сенім білдіреді. Ақынның шерге толы бұл арманынан өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігін, азаматтық биік тұлғасын көреміз. Ақынның жауы қазақ байы да, кедейі де емес, қазақ халқының еркіне қол сұғушылар еді.

Міржақып Дулатовтың «Зар заман» өлеңінің қаналған қазақ елінің ұранына айналуы да осы идеяны жалынды жырға қосуында еді:

...Ел қорғайтын қайдасың, батырларым,
Өлең, күйдің шебері, ақындарым?!
Азаматтың міндеті – елді қорғау,
Төнгелі тұр басыңа күшті толғау.
Заман-ай! ...

Бұл өлеңді өзінің «Қазақтың 1000 әні» жинағына енгізген белгілі музыкант Затаевич «Зар заман» – патша уақытында шыққан, елді оянуға шақырған «жорық жыры» деп жазды.

Ақын өз шығармаларында байларды, олардың пасық істерін де қаламынан тыс қалдырмайды. Мәселен, «Пасық байларға» атты өлеңінде байларды қатаң сынға алады. Яғни, әлсіз халықтың дәрменсіздігін пайдаланып, жала жауып, сорып жатқан байларды ашына жырлайды.

Жалпы, Міржақып Дулатов қандай бір тақырыпты сөз етсе де өзі өмір сүрген тарихи кезеңдегі ұлт тағдырының шындығын жазды. «Оян, қазақ!» деген негізгі ұстанымымен азаматтық міндетін атқарып, өз із қалдырды.

Фариза Адылбекова

*ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 1-курс магистранты*

Ұлт жанашыры

Небәрі 33 жыл ғұмыр кешкен Смағұл Садуақасов – ел мүддесі үшін мемлекеттік істерге ерте араласып, ұлт саясатының жолында барынша табан тіресе күрескен алаш қайраткерлерінің бірі. Ол туралы Әлихан Бөкейханов «Қазақ деп туған екі ұл болса, соның – бірі, біреу болса, соның – өзі» деп таныстыруы тегін емес еді.

16 жасында «Бірлік» ұйымының «Балапан» атты колжазба журналынан каламын ұштай бастаған Смағұл Садуақасов 20-жылдардан бастап көсемші, сыншы, әдебиетші, жазушы, публицист ретінде өзін танытты. Мәселен, оның әдеби-сыни мақалаларының ішінде «Әдебиетті қалай сынау керек?» деген мақаласы көлемі жағынан шағын болса да бірсыпыра пікір айтылған. Әдебиетке сын айту үшін сыншы алдымен білімді болу керек деген шартпен «білімді сыншы «мінсіз» деген әдебиеттен де мін тауып алып, жазушыға көміс жерін күмәнсіз қылып көрсетуді біледі» дейді. Әдеби сынның қажеттілігін айта келіп, «әдебиетке, не оқу құралына мың сын қойылса да, одан жазушының еңбегі ақсамайтыны, қайта көркейе беретіні анық нәрсе» деген ойлар айтады.

Смағұл Садуақасов «Өмір үшін күресу» (1918), «Көтеріл, жастар!» (1920), «Қостанай-Торғай» (1922), «Өткен күндер хәм болашақ» (1922), «Шарт керек пе?» (1922), «Орта Азия өміріндегі жаңа дәуір» (1924), «Қазіргі дәуір іс дәуірі» (1925), «О национальностях и националах» (1928), т.б. мақалаларында қоғамдық-саяси мәселелерді сөз етсе, «Нужды аула» (1919), «Бірінші максаттарымыз» (1920), «Халық ағарту мәселелері» (1925), «Оқу ісінің кемшіліктері, оларға қарсы шаралар» (1926), т.б. мақалаларында елдегі оқу-ағартудың зәрулігі туралы толғанады, ал үлгілі театрды қалыптастыру мақсатымен жазған «Ұлт театры туралы» (1925), «Алғашқы тәжірибелер», «Баянды еңбек күтеміз», «Мәдениет тәрбиесі» (1923), «Ұлт театрына бір жыл» (1927), т.б. мақалаларында театр, пьесатану мәселесінде алғашқылардың бірі болып қалам тербейді.

1918 жылы жазылған «Өмір үшін күресу» атты мақаласында қазақтар мен немістерді салыстыруы, немістерден үлгі алу керектігі айтылады. Ол «Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы. Мысалы тұрмыс жүзінде ең әдісшіл Германиядағы немістің хәм ең әдіссіз біздің қазақты алайық. Екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі хәм заманға қарай өзгеріп отырады», – деп, немістердің әдісшіл қасиеттерін үлгі тұтады. Сол уақыттағы төңкерістің зардабынан қауіптенетінін жасырмайды. Мақала соңында автор «Бұрынғы уақытта біздің қазақтың оқыған азаматтары бірыңғай саясат жолымен жүруші еді. Әлі де азаматтарымыз сол жолда бұлай жүрмеске осы күнгі заман ағымы қоятын емес. Сонда да шаруаны кейінге қалдыруға болмайды», – деп ойын тұжырымдайды.

«Еңбек туы» газетінің 1920 жылғы 13 қарашасында жарық көрген «Көтеріл, жастар!» мақаласында «Енді бізде кім бар? Алдымыздағы асқар таудай жүкті кім арқалайды? Ұлттың ісін, елдің жұмысын кім атқарады? Еңбекшілердің кім ақылшысы болып, кім оларға жолбасшылық етеді?» деп қойған сұрағына өзі: «Жастар, жастар, жастар. Бұлардан басқа ешкімге сенім, ешкімнен үміт жоқ» деп жауап беріп, келешек жастарға сенім артса, 1920 жылы жазылған «Біздің жол» атты мақаласында Смағұл Садуақасов алаш зиялыларының қоғам жөніндегі түсінігінен сыр бөліседі. «Осы күнгі болып жатқан, үлкен ауыр іс төңкерістен кейін қазақ халқы, оның еңбекшіл тобы тұрмыс жүзінде қандай орын алмақ? Соны шешу біздің бірінші мәселеміз. Ол алатын орынға жету үшін қандай іс істеуіміз керек? Бұны шешу – екінші мәселе. Ол істейтін істеріміз жемісті болып шығу үшін неідей әдіс тұтамыз? Бұл – үшінші мәселеміз. Хәм жоғарыда айтылған үш мәселені шешу үшін бізге жалпы бір имам есім керек. Бұл иманымыздың түрін белгілеу – төртінші мәселеміз» деп, жастарды осы жолмен жүруге шақырып, «мінс, осы жолмен жүргенде баяғыдан бері тепкіде жүрген, қараңғыда, қапаста болған қазақ халқын біз адам қатарына қосамыз» деген пікірін жасырмайды.

Смағұл Садуақасов «Қызыл Қазақстан» журналында 1922 жылы жарық көрген көсемсөздік сипаттағы «Қостанай-Торғай» мақаласында: «Қазақ!.. Қазақты білесіз. Қазақтың

қолынан не дәрмен келеді? Қойша айдаған жаққа жүре беру. Қырса, үндемей қойша қырыла беру. Біз – мал емес пе!..» деген сөзді жолаушының аузымен айтқызу арқылы оның шындықтан алыс емес екенін бірнеше мәліметтермен дәлелдей түседі де. Сондай-ақ ол «Оның ойлауынша, ...қазақ – мал. Казак-орыс – қасқыр. Қазақ қырылу керек. Казак-орыс қыру керек. Қазақ жегізу керек, казак-орыс жеу керек. «Қырыла береміз-дағы» деген сөз жүрегіме октай тиді. Бұл не деген жуастық. Өлімге мойынсұнғандық, бүйте берсе кашан бұл қазақ адам болады!» деп елі үшін ет жүрегі езіле қынжылады. Қазақ жұртының ауыр халін сипаттауда тісін батырған өзге жұрттын қитұрғы іс-әрекеттерін де әшкерелейді. «Қостанай уезінің қазағы орыспен сан жағынан тепе-тең. Құқық жағынан, бостаншылдық жағынан Қостанай қазағының халі ескі замандағыдан төмен. Іс басында бір казак жоқ деуге болады. Бәрі орыстар. Олардың кейбіреулері қазақтың ескі жауы, кейбіреулері пайдалы жұмыс істегісі келсе де қазақтың ғұрпын, заңын, тұрмыс-жайын білмейді... Ел іші болса, дікілдеген, он мен солға қарамайтын продагенттер. Дүкілдеген ұзын шашты милитсиалар. Істегендері зорлық-зомбылық, киянат, қырып кету, жойып кету. Ел ішіне жақсылық сөзбен, таза пікірмен барған біреу жоқ», – деп көзбен көрген шындықты осылайша жайып салады көсемсөзші.

С.Садуақасовтың осы мақаласында «Қазақ жігіттерінің бұл ескілді елесіз орындарда отырған мәнісі олардың өнсір-білімі сондайларға ғана жеткендіктен емес. Бұл отаршылардың (колонизаторлардың) істеп қойған айласы» деп қостанайлық қазақ оқығандарының тиесілі орындарда жұмыс істей алмай отырғандарының себебін де ашып көрсетеді. «Колонизаторлардың әдісі жақсы-ақ!» – деп мысқылдап алады да, – «Біреуді «жалқау» дейді. Жалқау бола қалды, екіншіні «контр» дейді. Контр бола қалды! Өздері оңды, басқа жұрт жаман! Олар жазықты емес. Қазақтың өздері жазықты...» деп олардың қазақтарға көрсеткен «ерекше құрметін» де сынға алады. Сондай-ақ аштыққа ұшыраған казактардың хал-жағдайы да назардан тыс қалмай, қасақана жасалған кейбір ұйымдастыруларды, оларды кімдер жасап отырғанын да айтып қана қоймай, оны қайтіп болдырмау керек деген мәселеге ерекше көңіл бөледі.

«Қазаққа не керек?» (1922) деген мақаласында қазақ тұрмысының нашарлығының себептерін көрсетіп қана қоймай, оны қалай түзеу қажеттігі туралы ойларын ортаға салады. Шикізатты сыртқа шығармай, қазақ жерінде өңдеу, ол үшін тезірек фабрик-зауыт, шойын жол салу керектігін айтады. «Оқусыз адам уықсыз тігілген үй секілді» дей отырып, ең алдымен, оқу-білімнің ауадай қажеттігін жеткізеді. «Қазақтың теңдігі бес-алты жігіттің төре болғанымен табылмайды, осындай жұрттын тіршілігін көркейтетін жұмыстармен табылады» деп тұжырымдауында да ұлт теңдігінің ертеңгі жарқын болашағын ойлауы еді.

Түйіп айтқанда, елінің болашағына үміт артқан қайраткердің сенімі бүгінде ақталғандай. Сол сенімді қалың қауымның, әсіресе, жастардың жүрегіне ұялата алған Смағұл Садуақасовтың еңбектері, әсіресе, ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді халыққа әрқашан бүкпесіз, ашық жеткізіп отырғандығымен құнды.

Саняя Қырықбай

*ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 3-курс студенті*

«Ұлы даланың ұлы қыздары» энциклопедиясында /2007, 2008/ ана тәңірлері, скиф-сақ дәуірі мен түркі-мұсылман кезеңі, қазақ хандығы дәуірінің әйелдері туралы деректер қарастырылған. Журналымыздың өткен сандарында Ана тәңірлері ішінен Ұмай ана; сақ дәуірінің әйелдерінен Томирис, Зарина; көне түркі кезеңі әйелдерінің ішінен Елбілге-Қатун, Себек-Қатун; түркі-мұсылман кезеңі әйелдерінен Айша Бибі, қазақ хандығы

дәуіріндегі әйелдерден Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Баян-Сұлу, Ақбикеи, Айбике жайында сөз етілді. Сондай-ақ энциклопедияда қазақ хандығы дәуіріндегі әйелдерге Рабиға-сұлтан бегім, Данагүл, Дарабоз-ана, Айғаным ханша, Айтолыс-ана, Күнімжан ханым, Фатима тоташ, Бопай ханым да жатқызылған. Журналдың осы санында аталған әйелдердің ішінен **Бопай** ханым, Айғаным ханша, Күнімжан ханым сынды әйелдер қарастырылады.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР

БОПАЙ ХАНЫМ. Бопай, Батима (1690-1780 ж.ж) – мәмілегер әрі ел басқару ісіне араласып отырған қайраткер ретінде тарихта өзіндік із қалдырған әйел. Әбілқайыр ханның зайыбы.

Тарихи деректерге сүйенсек, Бопай ханымның 1731 жылы 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоанновнаға, 1748 жылы 5 қазанда Елизавета Петровнаға, сондай-ақ Орынбор әкімшілігіне жазған хаттарынан оның Әбілқайыр ханның саяси істеріне қолдау көрсетіп отыратындығы аңғарылады. Күйеуі өлгеннен кейін де Бопай ханшайым ел мүддесі үшін батыл ұстанымдарымен көзге түсіп, өзіндік бағытымен саяси істерді жалғастыра түседі. Баласы Нұралыны хан тағына отырғызуы да Бопай ханымның жасаған ірі жұмыстарының бірі болды. Мәселен, орта жүз бен кіші жүздің беделді билері мен батырларының келісімін алуы, Елизавета Петровнаға отінішін жеткізу үшін бригадалық генерал А.И.Тевкелев пен Орынбор губернаторы И.Неплюевке хаттарын жолдауы. Ал Елизавета Петровнадың Бопай ханымның хатын негізге ала отырып, «қырғыз-қайсақтардың ханы» етіп Нұралыны тағайындау туралы жарлық шығаруы, осы жарлықпен қоса, канцлер А.П.Бестужев-Рюминнің Бопайға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы да ханым саясатының үлкен жеңістерінің бірі еді.

Бопайдың зеректігі мен тапқырлығы

жөнінде ағылшын суретшісі Джон Кэстлдің кітабындағы құжаттық материалдар мен Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуліктерінің жазбаларында да біршама деректер келтірілген деседі зерттеушілер. Сондай-ақ қазақ-жоңғар қатынастарына тигізген ықпалы, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері де Бопайдың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартар керек. Құжаттарда көрсетілгендей, Бопай ханым қазақ ақсүйектерінің құрылтайына қатынасып қана қоймай, қалың жұртқа өз ықпалын жүргізе алатын беделді ұйымдастырушы болған деседі.

Жалпы, Бопай ханым – тарихта еліне, жеріне деген сүйіспеншілігімен халық есінде қалған дана қыздарымыздың бірі.

АЙҒАНЫМ ХАНША. Айғаным Сарғалдақызы (1783-1853 ж.ж) – ХІХ ғасырдағы қазақ әйелдерінен шыққан қоғам қайраткері, орта жүздің соңғы ханы. Абылай ханның келіні, Уәли ханның әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесі болған Айғаным ханшаның биыл туғанына 230 жыл, дүниеден өткеніне 160 жыл толып отыр.

Айғаным Есіл бойын мекен етіп отырған атақты Мәлім қажының ұлы Сарғалдақтың қызы. Кейбір деректер оны Әзірет Әлінің 43-ші ұрпағы деп жазады. Айғанымның әкесі Сарғалдақ Бұхарда оқыған білімді, әулис адам болыпты. Қызы Айғаным 6 тілді, соның ішінде араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін жетік меңгерген, озық ойлы, алғыр болып өскен. Сол кездері орыс ақсүйектерінің

сәніне айналған француз тілін де үйреніп, шығыс тарихы мен фәлсафасын жатқа білген екен. Сол білімімен ол Уәлидің әйелі ғана емес, кеңесшісі, ішкі және сыртқы мәселелерді шешудегі бас ақылшысына да айналған екен.

Ақылды да парасатты Айғаным күйсуі Уәли хан дүниеден өткеннен кейін ел мүдесі үшін ел тізгінін ұстамасына болмай, ханның орнын /1821-1822/ басып хан сайлаған...

Айғанымның тұлғасы жайында Н.П.Семенов-Тяньшанский «Шоканның әжесі, Уәлиханның жесірі Айғаным өз балаларымен бірге Россияға айнымас адал досы болып қалды. Александр I Айғанымға қырғыз сахарасында үй салдыруға әмір еткен. Ш.Уәлиханов сол үйде туған» деп жазса, Ш.Уәлихановтың таңдамалы жинақтарында «Ш.Уәлихановтың әжесі Айғаным (1783-1853) парасатты, терен ойлы әрі көреген, өзінің заманына қарай білімді болған әйел. Ол шығыстың бірнеше тілдерін білген, орыс мәдениетіне мейлінше ден қойып, Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаментімен және Петербургтегі Сібір комитетімен хат жазып, байланыста болған. Жергілікті халықтың арасында өте беделді болған. Архив мәліметтеріне қарасақ, Айғанымның қоғамдағы орны, саяси көзқарасы, ойлаған ой мүделері өте ауқымды болғанын аңғарамыз» деген мәліметтер берілген.

Академик Ә.Марғұлан тауып, зертеген Айғаным жазбаларының саны 100-ден асады екен. Сондай-ақ 1828 жылы Қызылжар қаласында Батыс Сібірді реквизициялауға келген Сенат өкілдерімен кездесіп, жергілікті халықтың талап тілектері жазылған хатты үкіметке жібертуі сияқты оның еңбектері де деректерде молынан кездеседі.

Айғаным ханым – қазақ тарихында өз бетінше билікке қол жеткізген өз заманының қоғам қайраткері, ел басқарған хан, еуропаша білім алып, бірнеше тіл меңгерген, ұрпақ тәрбиелеген тәлімі мол ана, әже ретінде өз ізін қалдырған дара тұлға.

КҮНІМЖАН ХАНЫМ. Күнімжан – бар ғұмырын елінің тәуелсіздігі үшін күресте сарп еткен Кенесары Қасымұлының әйелі. Күнімжан азаттық күрестегі барлық оқиғалардың куәсі болып қана қоймай, патша үкіметінің отаршылдық озбырлығы мен ел басына түскен ауыртпашылықтың бәрін Кенесары ханмен бірге көтере білген.

Күнімжан ханымның орыс тұтқынына түсуі және одан босауына байланысты оқиғалар архив құжаттарында көптеп ұшырасады екен.

1844 жылдың ақпанында патша әкімшілігінің жазалаушы отрядтары Кенесарыны жақтаған бірнеше ауылға, соның ішінде ханның жақын туыстары мен әйелдері тұратын ауылдарға тұтқыннан шабуылдар жасап, сол кезде Күнімжанды тұтқынға түсірген екен. Осы сәтте үкіметтің сүйікті әйелі үшін Кенесары күресті тоқтатар деген үміті де зор болыпты. Алайда Күнімжан өлім мен өмірдің арасында жүрседі күрестің тоқтағанын қаламай, ханға өзінің сенімді адамдары арқылы ниетін жеткізіп отырған. Адал жарының ісіне риза болған Кенесары патша үкіметіне деген қарсылық күресін жалғастыра түседі...

Тарихи деректер бойынша, Орскіде генерал-губернатордың өз атынан тұтқындағы Күнімжанға кәмшат ішік (ең кемі 20-30 жылқының құнына татитын) тіктірген екен... Жалпы, Күнімжанның дүние-мүлікке қызықпайтын аса ақылды әйел екендігін Герн сапар барысы жайлы рапортында айрықша атап көрсетіпті.

Үкіметтің Күнімжанды көздің қарашығындай күзетуі, оны еліне қайтарсақ, Кенесары жуасуға тиіс деп дәмеленгені де архив құжаттарының сарынынан анық сезіледі дейді зерттеушілер. Жалпы, Күнімжан ханым тек 1845 жылдың мамырында ғана тұтқыннан босатылыпты.

Сонымен, ақылды да әрі ел арасында сүйкімді істерімен аңызға айналған Күнімжан ханым қазақтың дара қыздарының бірі ретінде тарихта өз ізін қалдырған екен.

Редакция алқасы

Әдебиеттанушы ғалым

Ісімақова Айгүл Серікқызы 1958 жылы Қарағанды облысы Жаңарқа ауданы Атасу ауылында дүниеге келген. 1980 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, 1981-1985 жж. Мәскеу қаласындағы Дүние жүзі әдебиеті институтының ізденуші-стажер, аспиранты болды. 1985-1994 жж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, 1994-2000 жж. аға ғылыми қызметкер, 2001-2011 жж. Әдебиет теориясы және әдебиет методологиясы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған. 2011 жылдан бастап Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері болып еңбек етіп келеді.

«Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль» (1998), «Алаш әдебиеттануы» (2009), «Асыл сөздің теориясы» (2009), т.б. ғылыми еңбектердің авторы, филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісімақовадан сұхбат алған едік.



– «Алаш әдебиеттануы» атты кітабыңыз – біздің мамандықтағы студенттердің сабаққа пайдаланатын әдебиеттерінің бірі. Осы зерттеу еңбегіңізді жазуыңызға ықпал еткен себептер болды ма? Осы жайлы әңгімелеп берсеңіз.

– «Қазіргі казак прозасы» деген тақырыпта 1986 жылы Мәскеуде диссертация корғап, 1988 жылы елге қайтып келгенімде тарихи актаңдақтар ашыла бастады. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Алаш арыстарының еңбектерін бірінші болып кириллицаға аударып, жариялады. Мен сол кезде Әлиханның аудармаларын, әдебиет туралы ғылыми мақалаларын, Ахметтің «Әдебиеттанушының», Мағжанның Ақан сері, Базар жырау, Бернияз туралы, Жүсіпбектің «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласын оқыдым да, қайран қалдым. Бұл тіпті мақала да емес, Жүсіпбектің 1923 жылы Ташкенттегі жастар алдында оқыған баяндамасы ғана. Сонда мынадай тұжырымдар айтады: «Әлем әдебиетінде Мағжан сияқты Гейне, Гете, Байрон, Фет, Бальмонд, Блок бар», «Мағжанның ақындық күші, сөзге еркіндігі «Баянда» көрінеді. Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, биге – бише, батырға – батырша, ханға – ханша баға беріп, әрқайсысының аузына өздеріне лайық сөз салуы, сұлуды, махаббатты, бағырды, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгенді көрсетеді». Өзім пір тұтып жүрген Михаил Михайлович Бахтин жолда қалды. Ол кісі 1941 жылы «Әр ұлттық әдебиет тек диалогта ғана өмір сүре алады», «Кейіпкер жазушы өмір сүріп отырған заманмен, оқырманмен диалогқа түскенде ғана қаһарман болады» деген пікірлерді айтқан. Сөйтсем, дәл осы ойды Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы қазақтың ұғымына сай етіп, жағықтырмайтындай қылып, күрделі, түсініксіз терминдерді қоспай, өзінің сөзімен айтсақ, пән тілінде жазып беріпті. Осы кітап менің қазақша сөйлеуіме ықпал етті. Әйтпесе, мектепті, университетті оқығанмын, Мәскеуде бес жыл оқуым, әлбетте, орыс тілінде еді. Сөйтіп, қазақтық кәсіби әдебиеттану тарихы тереңде екеніне, әдебиетінің деңгейі биік екеніне көзім жетті де, осы ғылыми мәселені мәскеулік деңгейде дәлелдеп шығуды ғылыми мақсат еттім. Содан барып «Казахская художественная проза: поэтика, жанр, стиль» деген тақырыпта докторлық диссертация жазылды. Жұмысымның әр тарауы Мәскеуде өзім оқыған институттың теория бөлімінде талқыланып отырды. Ол кезде Әлихан, Жүсіпбек, Мағжандардың еңбектері орысшаға аударылмаған болатын. Өзім аударып отырып, сол мәскеулік ғалымдардың алдында ойымды дәлелдеп шықтым. Сонымен қатар, мәскеулік ұстаздарымның қойған сауалдары да күні бүгінге дейін

өзекті: XIX ғасырда Оксфорд пен Сорбонада ғылыми мақаласы жарияланған Әлихан Бөкейхановтай, 1926 жылы «Әдебиеттанушы» атты әдебиет теориясын жазған Ахмет Байтұрсынұлы ескілігі ғалымы бар қазақ-совет әдебиеттанушылары жұмған ауыздарын ашпай, осының бәрін қалай жасырып келген?». Бұл сауалға жауап беру оңайға түспеді. Қазір Кеңес кезінде сол кісілерді оқығанбыз, білгенбіз дейтіндер көп. Бірақ мен өз басым 1988 жылға дейін Әлихан мен Ахметтің естіген емесін. Кейін біліп жатырмыз. Қайым Мұхамеджанов, Тұрсынбек Кәкішев, Рәбиға Сыздықова, Рымғали Нұрғали сияқты санаулы адамдар ғана шәкірттеріне айтқан екен. «Тәртіпті әдебиетшілердің» арқасында біздің буынға 1988 жылға дейін қазақ әдебиетінің бұл классикалық кезеңі белгісіз боп келді. Күні бүгінге дейін Алаш тұлғалары еңбектерінің ғылыми деңгейін мойындамай келе жатқан академиктеріміз жоқ емес. «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанушы» ескірген, біз ғылымды әлдеқайда алға дамыттық» деп жүрген академик ағаларымызға түсіністікпен қараймыз. Ал енді Әлихан академик болмасын, бірақ оның ғылыми зерттеулері қазақ ғалымдарының ішінде тұңғыш болып Оксфорд пен Сорбонада жарияланғаны ғылыми дерек. Мұстафа Шоқай да академик емес, бірақ әлі күнге дейін еуропалықтар пайдаланып келе жатқан саяси сараптамаларын қайда қоямыз? Бұл Алаш ғалымдарынан атақты да, абыройды да қызғану - пендешілік дер едім.

Бүгінге дейін жас әдебиетшілерге ақынның шығармаларын зерттеуде Мағжанның Ақан сері туралы жазған мақаласын үлгі етіп көрсетемін. Себебі, әдебиетші, ақын Мағжанның сері ақан туралы зерттеу мақаласы тартылған күй сияқты. Бірде-бір артық сөз қолданбаған. Ақан сері туралы кейін неше диссертация қорғалды, бірақ бәрі де сол Мағжанның мақаласынан кейін тұрады. Ахмет Байтұрсынұлы бір ғасыр бұрын Абайды қазақтың бас ақыны деп бағалады. Міне, бүгінге дейін сол сөзі шындығын жоғалтқан жоқ. Мағжан алғаш рет «хакім Абай» деп қолданды. Жүсіпбектің, Халелдің, Қошкенің Абай, қазақ әдебиеті туралы жазған қысқа, нақты зерттеулері кәсіби ғылымилығымен таңғалдырады. Бұл зерттеулердің ерекшелігі – сөздің қадірін түсініп, талғаммен талғай білуінде. Осы мәселелерді зерттеймін деп жүріп «Алаш әдебиеттануы» деген еңбегімді жазып шыққаным рас. Бірақ мен бұған уақытымды жоғалттым деп өкінбеймін, керісінше қуанамын. Парызымды өтедім ғой деп ойлаймын. Жүсіпбектің «Ақбілегінде» мынадай бір жол бар: «Қазақ даласын көмірдей басып, ақтар өтті» дейді. Ақ деген қазақ ұғымында жақсылықтың түсі. Бірақ нисттері ақ емес екенін «көмірдей басып» деген теңеумен түсіндіріп кетеді. Бұндай метафора әлем әдебиетінде көп емес.

– *«Алаш әдебиеттануы» еңбегіңізде Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановты тұңғыш абайтанушы ретінде бағалайсыз. Осы жайында қысқаша тоқталып өтсеңіз.*

– Әлихан Бөкейханов Абай шығармашылығын жаңа ұлттықәдебиеттің басы деп түсіндірген. Сондықтан ғалым бұл асыл мұраны жинап, халыққа таратуды міндет санаған. Абайдың өсімі мен шығармашылығын орыс қауымына алғаш рет паш еткен. Ә.Бөкейхановтың Абай лирикасын еуропалық үлгілермен тең қоюы сондықтан. Абайдың қайтыс болуына бір жыл толуына байланысты жазылған «Абай Құнанбайұлы» мақаласы күні бүгінге дейін абайтанудың тұңғыш басты зерттеуі болып келеді. Әдебиетші Ә.Бөкейхановтың атсалысуымен Абайдың тұңғыш жинағы 1909 жылы сол кездегі Ресей астанасы Санкт-Петербургте жарық көрген. Абайтанушы Ә.Бөкейханов мақаласын бүкіл ел оқысын деген мақсатта орысша жазған: «Абай, как это покажут его стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость казахского народа. Еще не было казахского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года сделали бы честь знаменитым поэтам Европы». Ә.Бөкейханов 1904 жылы Абайдың қайтыс болуына байланысты қазанама-мақала жазды. Бұл мақала Семейдің «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы қараша айында жарияланды. Мұнда зерттеуші ақынның шын өсімі Ибраһим екенін айта кетіп, шешесі Ұлжан қойған Абай өсімі ел ішінде мойындалғанын алға тартады. Абайдың руы тобықты екені, бабасы батыр және би Ырғызбай екені, атасы Өскенбайдың да әділ би болғаны айтылады. Әкесі Құнанбайдың Қарқаралы аға сұлтаны болғаны, оның басқа рулар ішіндегі

абыройы мойындалғанын еске салады. «Абайдың қандай ресми білімі болды?» деген сұраққа да осы мақалада жауап берілген. Және әдебиетші Ә.Бөкейханов Абайдың бала оқытуға ерекше мән бергенін атап көрсетеді. Ә.Бөкейханов Абай шығармашылығын суропалық акындар дәрежесіне көтеріп, мұндай қазақ акыны бұрын болмағанын ескертеді. Абай шығармаларын оның ұлы Тұрағұлмен қатар, бірінші шығарушысы болғанын да осы мақала арқылы білсіміз. Сонымен қатар Ә.Бөкейханов – тұңғыш рет Абайдың оқыған кітаптарының тізімін анықтап берген ғалым.

– Қазіргі қазақ әдебиетінде айтылып жүрген постмодернизм жөнінде қозғарсыңыз қалай?

– Постмодернизм бізге ұнаса да, ұнамаса да бәрібір келеді. Модернизм әдебиетте ХХ ғасырдың басында туған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әдебиеттегі құбылысты постмодернизм деп жүрміз. Постмодернизмнің басында қазақ топырағында Олжас Сүлейменов тұрса, бүгінгі күні Бақытжан Момышұлы, Аслан Жаксылықов, Айгүл Кемелбасва, Дидар Амантайдың туындыларындағы стиль постмодернизмге сай қалыптасқан. Әрине, олар ондай мақсат қоймаған да бөлуі мүмкін. Бірақ бұл заман стилі.

– Қазіргі жазушылардан кімдерді бағалар едіңіз?

– Жұмабай Шаштайұлын. Өл кісінің Кеңес заманында қойшылардың өмірінен жазылған «Қызыл қар» повесі бар. Бәрі коммунизмнің жақсылығының арқасы, партия қолдап жатыр, қойшыларымыз жүз қойдан жүз елу қозы алып, жемісті еңбек етуде, қойшылардың жағдайы жақсы деп жалған ұрандаған Кеңес үкіметінің саясатын әшкерелеп, қойшылардың ақпандағы жұтта көрген қиыншылықтарын жазған. Бұл романды мен сонау 1986 жылы оқыдым. Сонда Жұмабай Шаштайұлының шындықты жазудағы жүректілігіне тамсанғанмын. Өйткені ол заманда Кеңес үкіметінің идеологиясына қарсы жазу қиынның қиыны еді. Жұмабай ағамыз сол романы үшін сөгіс те естіді. Ол кісінің бүгінгі биліктегі ағаларымыздың образын бейнелеген «Біздің заманның Аяз биі» романы бар. Қазіргі күннің шындығы суреттеледі. Қай заманда өмір сүрсе де, өз кезеңінің шындығын жаза білгені үшін де, Жұмабай Шаштайұлын жоғары бағалаймын.

Поэзияда Ардак Нұрғазыұлының өлеңдері керемет. Ардак өте сауатты жігіт. Постмодернистердің бәрін оқыған. Көп адам Ардақты түсінбейді. Дәстүрлі өлең үлгісін бұзды деп кіналайды. Меніңше, ұйқассыз өлең жазды екеп деп Ардақты «тәртіпке» салудың қажеті жоқ. Өйткені өлеңінің құрылымына емес, мазмұнына қарау қажет. Түсінген адамға Ардақтың өлеңінің әр жолында терең мазмұн мен гибрат бар.

– Соңғы уақытта оқыған көркем шығармаларыңыздың бірін атасаңыз. Және ол несімен құнды?

– Айн Рэнд деген жазушы бар екенін бұрыннан білуші едім. 1905 жылы туып, 1982 жылы қайтыс болған (Айн Рэнд - псевдонимі). Ең үздік бестселлердің авторы. Өмір бойы төрт-ақ кітап жазған. «Атлант расправил плечи» деп аталады. Бұрын ағылшынша аздап оқығанбыз, сөйтсек, өл аздық етеді екен. Биыл ғана Мәскеуден орысшаға аударылып, жарық көрді. Үш кітабы сатылымға түсті. Алматының дүкендерінде бар. Төртінші кітабы аударылу үстінде.

Сонымен, бұл кітап несімен құнды? Еуропа не үшін таласып оқиды, американдықтардың үстелінде не үшін Інжілмен қатар қойылады? Өйткені АҚШ-тағы ұлы депрессия кезі, дағдарыстың туу себептері, мемлекет басында отырған адамдардың жауапсыз әрекеттері, дағдарысты қолдан жасағандары өте шебер суреттелген. Оқитын болсаңыз, бүгінгі біздің қоғамды көресіз. Рухани дағдарыстың экономикалық дағдарысқа себеп болғаны дәлелденеді. Жемқорлық қайдан келеді, оның зардабы қандай. Жоғары лауазымдардан бастап, кішігірім қызметтегілерге дейінгі аралық романда жап-жақты көрсетілген. Ұсақ коррупцияның мемлекетке тигізетін зардабы тізбек ретінде айқындалады. Мемлекеттік шенеуніктердің бейнесін көресіз. Көпшілік алдында әділ сөйлеп, керісінше, істің басында табылады. Өйткені, сөған мәжбүр. «Сен ақылды болсаң, неге бай емессің?», «Адамзатқа «ақша жасау» деген түсінікті американдықтар үйреткен» деген секілді сөздер осы кітаптан шыққанын да айта кету керек.

Адамдар бірін-бірі алдайды, арбайды. Бірақ бәрібір Ардың тазалығынсыз берекеге жете алмайды. Романның басты кейіпкерлері ең бай, ең табысты, бүгін бәрімізге үлгі боларлық адам – ол ары таза адам скені дәлелдене түсседі. Оқитын болсаңыз, түсінессіз. Автордың идеясы мемлекетті ұстап тұратын, құлдыратпай, көркейтетін қасиет іскерлік, сонымен қатар, Ардың тазалығы дегенге саяды. Қазіргі ХХІ ғасырдағы интеллектуалды проза дегеніміз – осы.

– Ал қазақ жазушыларынан оқырман ретінде кімдерді оқып жүрсіз?

– Дулат Исабековтің «Қарғын» романын қайталап оқып шықтым. Дулат ағамыз қазақ әйелінің психологиясын аша білген жазушы. Бас кейіпкер Жасынды оқығанда көз алдыма Асқар Сүлейменов келеді. Думан Рамазанның «Көшін» оқып шықтым. Дүкенбай Досжанның әл-Фараби туралы повесін оқып тауыстым. Дүкенбайдың «Ақ орда» романын алғаш қолыма алғанда, билікке жағыну, билікті мақтау мақсатында жазылған роман ғой деп ойлағанмын. Оқып біткесін мүлде бөлек күй кештім. Тәуелсіздіктің көркем шежіресі екен. Қазіргі саяси романның ең бір жарқын үлгісі. Дүкенбайдың «Иненің ұшы» атты зиялы адамдардың балаларының СПИД жұқтырғаны туралы повесін оқып, бүгінгі күннің дертін айта білгеніне разы болдым. Онан соң қазіргі шет елде оқып келген жастардың шетелден алған білімінің қазақы ортаға сай келмей жатқанын айтқан романы бар. Жалпы Дүкенбай Досжанның соңғы жылдары жазған дүниелері керемет. Жаңадан көрініп жүрген Ерболат Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» деген шағын әңгімесін оқып, жыладым да. Бір әңгіменің бойына қалаға келіп, пәтерден-пәтерге көшіп жүрген қазақ жастарының қасіретін сыйғыза білген. Әңгімені оқып отырғанда, өзіміз тәуелсіз мемлекетте өмір сүре отыра жас отбасының ұйғырдың қуықтай, терезесі жоқ, төбесінен су сорғалаған тас кепесінде бағынышты болып, қожайынынан қорқып үйіне қонақ шақыра алмай, адами құқығы тапталғанына қынжылдым, бір жағы намыстандым.

– «Ар ілімі» деген журналыңыз туралы айтып өтсеңіз.

– Екі жылдан бері «Ар ілімі» деген журнал шығарып жатырмыз. Бұл журналдың атауына көп адам үрке қарайды. Діни журнал ма, әлде діни ұйымның аты ма? – деп сұрайтындар да бар. «Ар білімі» десек, шенеуліктер бұл журналды тарихшыларға, әдебиетшілерге, психологтарға ғана қатысты деп ойлауы мүмкін. Сондықтан әр адамға қажетті рухани қару – ар ілімі скенін алға ұстандық. «Ар ілімі» деген – қаруы жоқ адам жыртқыштық санаға салынады. Алып қалсам, жеп қалсам, өз отбасым, өзім-өзім деп, өзімшілдік түйсігімен кетіп қалуы мүмкін. Бірақ күндердің бір күнінде сол өзі аттап кеткен ары өзін тоқтатады. «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген ел скенімізді ұмытып бапа жатқандаймыз. Ата-бабамыз алдымен шарифатқа, содан соң осы ар іліміне жүгінетін. Ардың тазалығын қажет еткен заманда Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды би-ақсақалдар болған. Хандар мен батырлар осы кісілерден бата алмай ел басқармаған, жорыққа шықпаған. Қазір сол кісілердің жасына жеткен адамға ақсақал десеңіз ашуланады. Құдай сақтасын, қазақ ақсақал болуды армандаушы еді ғой. Жүсіпбек, Міржақып, Мағжан, Қошкелер ақсақал болуды армандап, соған жете алмай шәһит болып кеткен. Міне, осы нәрселерді еске салатын басылым болсын деген ниет. Осындағы шәкірттірмен бірігіп, өз қаржымызға шығарып жатырмыз. Ісімізге жауап беретін кезде біз қолымыздан келгенше осындай істің басынан табылдық деп айтармыз. Оқырманымыз жоқ емес, бар. Шүкір дейміз!

Ал сіздердің «Алашшыл жас» журналдарыңызды да оқып, танысып жатырмыз. Бастауы жаман емес, әрі қарай да осы қарқынмен шығып тұрса, көпшілік оқырманның көңілінен шығады деген ойдамыз. Сіздерге де тек сәттілік тілейміз!

– Сізге көп рахмет, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілейміз.

Сұхбат жүргізген: Сания Қырықбай

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті

Жыр күнделігінен



Шерхан Талап

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 3-курс студенті*

Арман қалам-ай...

Ей, Алматы!
Жатсынба баласын қырдың.
Көтерген едім жасымнан наласын жырдың.
Бел ісіз жаққа асыққан адамдарыңмен,
Келеді бірге тал түсте адасып жүргім.

Бағым ба, сор ма?
Білмеймін... шақырдың бүгін.
Жүректен күш бар көтерер батырдың жүгін.
“Ақын” боламын деп келген “ақымақ ұлға”,
Сыйлыққа тартыл жүрмесі пақырдың күнін.

Қорғансызыңды қиында қалқалап көрің.
Жылап жатпайын төсінде шартарап белдің.
Ұсақта – ұсақ тиынды тергізіп қойма,
Құшақта – құшақ арманды арқалап келдім.

Тірілді қайта бейуақта жоғалған арман.
Ескертіп қоймас барынды тонада жалған.
Сұлуларыңды көзіме оттай баспашы,
Жан жүрегімнің жартысы Оралда қалған.

Айтса да кеше ауылдың құмдары сырды,
Айтпайды шынын тым жұмбақ, мұндағы құрбы.
Қақсаң да шетке жамбастап жатып аламын,
Алатауыңның қар басқан шыңдары сынды.

Ақынның жолы бұралаң, соқпақ келеді.
Кетпеймін енді қусаң да, боктап та мені.
Арман қалам-ай, жағамнан жармаса берме,
Ақ Жайық маған: “Қадырды жоқтатпа” – делі.

Ақ Жайықты аңсау

Арсыздардың ашы үні жиі қарып,
Мына Шайтан Шаһардан жерідім бе?
Сағыныштың өртіне күйіп-жанып,
Ақ Жайығым, аңсаймын сені күнде.

Адасқанда арманға сан бастадың,
Жүрегіме жыр-сәуле жаққан едің.
Махамбеттің асынтып алдаспанын,
Жұбан-жырды алқа ғып таққан едің.

“Ақын бол” деп жібердің “тұл далаға”,
Ақындықтың азабын тартты жаным.
Қадыр ақын қарғайған бұл қалада,
Қадырымды қалайша арттырамын?

Толқынында тербеліп бұла-тұнық,
Арман қуып алысқа кетіп едім.
Нән қалада қайғыдан уағылып,
Жетімсіреп жылайды “жетімегін”.

Қамсыз ойнап-күлгенім төсіндегі,
Бақыт екен... жуыма, қапы қайғы!
Ей, Алматы, айналдым, кешір мені,
Оралыма оның да татымайды!

Бура бұлттар бұйдасы шұбатылып,
Қабырғасы сөгілсе нұр саулаған.
Оралыма оралам құлаш ұрып,
Түкірем де тірлікке құрсаулаған.

Жетем бір күн оранып ақ жалынға,
Асфальтында қаланың қалып ізім.
... Мені күтіп жүр ме екен вокзалыңда,
Сағыныштан сарғайған Сары қызың?

Жетім қозы

Жетім қозым, жетім қозым, жетімеқ,
Қашан сенің бел-буының бекімеқ?
Азғын тірлік азыққадай ауырып,
Өткен күзде аңаң тастап кетіп еді.
Жетім қозым, шарым көңіл, жетімеқ.

Қу жанымның азабынан жиі ұлып,
Тәтті ойдан көңілімде суынып,
Тірлігіне қараймын да қиналам,
Өзегімді өксікті мұң қуырып.

Үмітпенен атырамын таңды мың,
Қаңғылмай келмегесін қаңғығым.

Қозым сені, артық көрем досымнан,
Ұқсағасын тағдырыма тағдырын.

Жасытпақ боп жынды заман жекірді,
Бірақ мүлде бой бермеуге бекіндім.
Сен жетімсің еріп жүрер анаң жоқ,
Анашым бар, бірақ мен де жетіммін...

Арманымның есі ауысты ербендеп,
Қасіретімнен құтылармын өлгенде.
Ардан безген алкаш құсап шабасың.
Қолымдағы бөтелкені көргенде.

Жанарымда мөлт етсе де мөлдір мұң,
Күдігімді үмітіме жеңдірдім.
Қалың қойға ілесе алмай қойдың-ау,
Қалың оймен күресе алмай мен жүрмін.

Сәби болып қолын бұлғап пәктігін.
Көкірегіме орнап алды тәтті мұң,
Сені емізбей теңкілейді сұр ешкі,
Ылғи мені тепкілейді шаттығым.

Жырлар шақта күмілжіді комей мың,
Енді мұңды көр-бесікке бөлеймін.
Сен ешкіге қаншалықты жат болсан,
Мен өмірге соншалықты өгеймін.

Қошақарым, қал-жайымды сезбедің,
Мен өмірдің тарлығына төзбедім.
Мөлдiрeйдi сенiң мұңды көзiндей,
Жасы кепкен, жазығы жоқ қоздерім.

Сезімнен мөлдір шық тамып...

Жалған үмітке сеніп кей,
Қашанғы шыдар құр сүлде.
Жәудіркөз ару еліктей,
Жатырқап әлі жүрсің бе?

Керімсал мінез, керім Сен,
Тәуекелім ең бекінсем.
Кермаралдайын керілсең,
Көктемге сіңіп кетуші ем.

Жанымды өртеп, шарпып от,
Шері боп тұндым ғасырдың.
Тәкәппарлығына тәнті боң,
Менмендігіңе бас ұрдым.

Тірі жан ұқпас мұң ба едің?
Жетпейтін қолым биікте ең.
Асқақтығыңмен құнды едің,
Сен соныңменен сүйікті ел!

Сезімнен мөлдір шық тамып,
Паңдана керші қасыңды.

Сұлулығыңа сұқтанып,
Алайын сығып жасымды.

Кедейге біткен байлығым,
Бұралып өскен бұласың.
Қасиетін ұғып қайғышың,
Жыласа жаным жыласың.

Тербейді талмай күйші үміт:
“Тек мені қалқам күтердей”
Жүрейін сырттай сүйсініп,
Қол жетсе қиял бітердей.

Жақындамай-ақ жаныңа,
Ең ұлы жырды жазамын!
Қинашы мені тағы да,
Таусылмас тәтті азабым...

Театрға бару керек...

Театрға бару керек... жалғызбын...
Іздеп жүрмін жүзі сұлу, жанды ізгі.
Маған қиын ұқсамаса Гүліме,
Білегінен ұстап кету әр қыздың...

Театрға бару керек... жүдеуім...
Қарашы енді сағыныштың үдеуін.
Жалғызыма ұқсап кетті бір ару,
Ойға мас боп отырғанда түнеу күн.

Театрға бару керек... мұңды арман –
Жүргімде жазылмаған жыр қалған...
Жанымызды бір тазартып алайық,
Дүниенің боқтығына былғанған.

Театрға бару керек ұдайы,
(Қорғансызға жар болсыншы Құдайым)
Лас өмірде жұбанатын не қалды?
Шырмалайық басқа әлемде шынайы.

Театрға бару керек ұғынып,
Күрең күндер өтіп жатыр құбылып.
...Әртіс жігіт әсерлетіп сөз айтса,
Менің ішкі әлемімнің сырын ұқ.

Театрға бару керек... бұл шақ...
Бізде жұрттың бір қатарын құрасақ.
Тек екеуміз драмаға ду күліп,
Тек екеуміз комедияға жыласақ...

Театрға бару керек жұп болып,
Жанарына молдірген шық толып.
Ырыс тұнған шанырақ қой киелі,
Кетер балкім басымызға құт қонып.

ЖЫР күнделігінен



Балсан Мәді

*ҚазмемқызНУ
Қазақ филологиясы және әлем тілдері
факультетінің 3-курс студенті*

Келіп қапты қоңыр... аза-күз

Трасса...
Көше бойын жағалаған фарфор шам,
Ойым менін ойсырайды сәл тұрсам.
Жұлдыздар да көзін қысып қоймайды
Келетіндей ұшып құдды шақырсам.

Қызыл-жасыл...
Қала түні мазасыз,
Мүлгімейді шіркін тірлік қазасыз.
Мен «оюмын» деп жүргенде байқатпай
Келіп қапты қоңыр, күңгірт аза-күз.

Ғашықтар жоқ...
Саябаққа сән берген,
Бұлбұл құс жоқ, ертеменен ән берген
Тыр жалаңаш күйге енуде талдар да
Ерте көктем келместен-ақ сәнденген.

Көше бойын көңілсіздік жайлаған,
Ен болмаса жымимайды айналам.
Бүгін мен де жапырақпын сап-сары,
Күні ертең-ақ ақ ұлпаға айналам.

Ақын сезімі

Үңіліп кетсем қиялға терен,
Жан жоқ жерден де өзінді көрем.
Өзінді іздеп өлімші гүлдің
Солмаған соңғы қауызын өбем.

Өлен жолдарын тағы да сол бір
Өлімші күйде сағынып орем.

Өлтіріп барып тірілткен мені
Періштелерімді олгенше сүйем.

Махаббат үшін өлмесем керек,
Өлім деген ол ойыма орнек.
Өлмеймін деймін алайда маған
Не істеймін егер айтса ол: «Өл» деп?!

Өлімге мені кимайтын шығар,
Мен өлсем, оған өзгесі ұнар.
Білетін жалғыз дерегім менің
Бұл сезім мені өлтіріп тынар.

Өшпейді жалыны оның...

Тағы да толғағым келіп,
Босанам толағай жырлар.
Кәрілік бойыма еніп,
Елеусіз қалады жылдар.

Басымнан өтсе де нелер,
Өшпейді жалыны оның!
Бір күні алдыма келер
Өленім көтеріп тоңын!

Шекпенін арқама жабар,
Беліме белбеуін тағып
Өзіне қажетін алар
Шабыттың дінгегін жарып.

Досым да ұмытты мені,
Адыра қалдырып бәрін.
Бойдағы күдікті енді
Шарпыды «шайтани» жалын.

Қоңілді боп жүруші едім,
Кеудемді сокса да қайғы.
Себепсіз күлуші едім
Езуім антынан тайды.

Үнсіздік ұнайтын дара,
Басқаша сезімсымақтан
Жүректі қаптаған жара
Жанымды басты жыр аққан.

Түнді де түсінуші өдім,
Жаппардың құбылысы деп.
Шабыт- жыр ұсынушы еді
Қаламын тұғыр ісі кеп.

Талпынған тарпаң қанатым,
Талды да алысқа бармай
Көзімде арман жанатын

Кала берд(i) асуын алмай...

Осылай өтө де берді,
Оксiкпен күндерiм талай.
Жыр «кайгы» көтере келдi
Шыдаймын ендi оған калай?!

Таң сыры ол әкемнің құманында

Құлак ашын келемін жылға-жырға,
Есейiп өмiр танып жылдан-жылға.
Мен үшiн си керемет уақыт болған
Таң сыры ол әкемнің құманында.

Таң атып жақсылықтың жұрнағымен,
Қауышып жарық әлем сырларымен.
Жатқанда бiздiң үйдiң тiршiлiгi
Басталады әкемнің құманымен

Шашқанда күн өмiрге базарлығын,
Еститiнiм мешiттен азан үнiн.
Намазға дәрет алған әкемнің сол
Корсететiн құманы тазалығын!

Құлак аспай шайтанның арызына,
Бақыт тiлеп ертемен ұл-кызына.
Құманынан үлесiн алғаннан соң
Тұратын АЛЛАһ үшiн парызына.

Атқарып ретiменен мiндеттерiн,
Орындап намазының сүннеттерiн.
Болған соң ұйқысынан оятатын,
Үйiнiң тағы басқа үмбеттерiн.

Мiне, осылай тiршiлiк жалғасатын,
Екiнтi ақшамменен алмасады.
Күмiс құман көмегiн аямайды,
Әкеме енбекпенен арбасатын.

Қаранғылық түссе де жан-жағыма,
Iлiксе де «күн» түннiң қармағына.
Әкем тағы намазға жығылады,
Жүгiнiп сол баяғы құманына.

Мен тағы да қауыштым қараңғымен

Мен тағы да жоғалттым жарығымды,
Сондiрдiм жанарымды,
Өшiрiп бар үнiмдi.
Мен тағы да қауыштым қаранғымен
Төлей алмай жарыққа салығымды.

Шам жаққым кеп тағы да көңiлiме,
Сәуде iздедiм нәр болар өмiрiме.
...Сокыр сезiм алайда оянбады,
Болмағасын жарықтың сенiмiнде.

Қаранғылық. Түншықтым тағы да мен,
Бұйырса да «жап-жарық» бағыма өлең.
Қушағына кiрген соң қаранғының.
Аласпастан сонынан тағы да ерем.

Қап-қараңғы. Жалғызбын, тыныштықта,
Сырба өлен ертсе де дұрыстыққа.
Шалынғысып аяғым қала бердiм,
Сол шегi жоқ қараңғы тыныш ықта.

Қаранғылық,
ешқашан таусылмайды,
Мендегi саған деген «Қараңғы үмiт»!

Мүмкiн, ол да менi iздейдi...

Көптен берi жабырқаған көңiлдiң,
Тапқандаймын себебiн.
Байқап тұрсам, мендегi бұл өмiр-мұң
Өйткенi жоқ серiгiм.

Өлiп-талып сүймеймiн мен ешкiмдi,
Ешбiр жанға елжiремес жүрегiм.
Көз алдыма келетiн бiр кескiннiң
Бар екенiн бұл өмiрде бiлемiн.

Алайда ол кiм екенiн сезбеймiн,
Кездестiрiп қалмаймын да кенеттен.
Бiрақ, бiрақ ол жанды мен iздеймiн
Табамын ба деген үлкен тiлекпен.

Мүмкiн,
Мүмкiн
Ол да менi iздейдi,
Кiтапхана, театр ма парктен.
Үмiтiн де жалғап жүрiп үзбейдi
Қаранғыда iздер мүмкiн жарықпен.

Жағалауда жүрген шығар мүмкiн ол,
Сырын айтып шағалаға көктегi
Шын iздесе бiрiмiзге табар жол
Бүршiк жару үшiн көңiл көктемi.

Ойлы көздер көрiп қалсам көшеден,
Шақырамын козiмдегi елестi.
Бар әлемдi iздеп оны кезер ем
Бағындыру үшiн бақыт белестi.

Жүремылғи тасып-толған шабытпен,
Ол жанға айтар менде әркез сөз дайын.
Көздерiмдi тағы жұмып алып мен
Ханзадамды ақ ат мiнгеi сомдайын.

Сомдайын да, сиқын онын мәңгiге,
Жүрегiмнiң сандығына салайын.
Тiлейтiнiм атқан кезде таң күле
Маған шашсын махаббаттын арайын.



Алмас Мұратбеков

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Қазақ және орыс филологиясы факультетінің 2-курс студенті

Торғайда туып, өседі...

Кешегі өткен бір күнде,
Сырағам жолда жүргенде.
Қойыпты сауал бір кісі,
Жақындап оған келген де:

– Сұрайтын, аға, жайым бар,
Торғайға деген уайым бар.
Сіз жақта неге терек, тал,
Өспейді неге қайындар?

Тыңдай кеп кісі сауалын,
Азырақ қана түңіліп.
Берілті сонда жауабын
Кісіге әлгі үңіліп:

– Табиғат қылған ісі де,
Не амал Тәңір күшіне?
Деді алып: «өнер шыққан ғой
Торғайдың сары төсіне!»

Сөзімен алған есені,
– Ақыныменен, шешені
Бәрі де, – дейді, – суынан
Торғайдың туып-өседі.

Жауапқа бітіп сұрағы,
Жолаушы сөйтіп тынады.
Сыр аға осылай танытты
Екенін сөзге қырағы.

Жыр күнделігінен

Домбыра

Күй шықса домбырадан тамылжыған,
Көңілдің мұңды шерін алып жығам.
Ал егер күңіренсе қос ішегі,
Күйге енем көңілсіздеу, абыржыған.

Күй шықса домбырадан жорғалаған,
Көңілдің құм сағаты сорғалаған.
Ал егер желіктіріп жөнелсе кеп,
Өзімді мына өзім зорға бағам!

Күй өнері – құдіреті қазақтың,
Өзі ырғақты, бойды ұйытар, ғажап тым.
Осы күймен қуанышын жеткізген,
Және ауырын басқа түскен азаптың.

Күйді шерткен батыры да қарасы,
Күйші, ақын- бүкіл қазақ баласы:
Жер мен көкті қос ішекке сыйғызған,
Өр Алтай мен Атыраудың арасы.

Сол күй шыққан домбыраға қарашы,
Шерте білсен артық оның бағасы.
Қара қазақ домбырамен егіз ғой,
Тұрсын үйдің төрінде бір данасы.

Өмір-өзен

Өмір берген бақытты бір сәттерде,
Өмір жайлы толғау тұрттім дәптерге.
Өмір- өзен ағып жатқан арқырап,
Өмірге бұл тенеу жок еді әйткенде.

Өмір өзі мөлдір, тұнық тамшыдай,
Өмір бойы таусылмайтын тамшылай.
Өмірді біз осылайша айтқанмен,
Өмір деген сабы қысқа қамшыдай.

Өмірге біз келеміз де, кетеміз,
Өмірде бір армандарға жетеміз.
Өміріміз санамызға бағынса,
Өзімізді бақыттырақ етсеміз.

Өмір жолын өтсе биік айға алма,
Өмірге ен, таза адамға айнал да.
Өмірде адамдарды незде дейді,
Өтінемін, күнаһарға айналма.

Өмірге сен ғашық та бол, безінбе,
Өмір түгел қолымда деп сезінбе.
Өмір сені әлі талай сынайды,
Өміріңді бұзба жастық кезінде.

Өмір сұлу, сүйсініп бір қарасан,
Өмір ғажап, маңызды деп санасаң.
Өмір кейде буырқанып қайнайды,
Өмір бейне бұрқыраған арасан.

Өмір сүрсең имандыққа бет бұрып,
Өмір сені кинамайды тек тұрып.
Өмірінді кылғың келсе адал, ақ,
Өмір сүргін нәпсіңе өзін шек құрып.

Өмір-өзен кідірместен ағады,
Өлшеп-пішсең, бағыңды да жағады.
Өмірге мен келдім, оған өкінбен...
Өмір-өзен шайып кетер жағаны.

С.....

(Сырбай ақынға арнау)

Сұңғыла жырды жазыпсың,
Сыртыңа теуіп от-жалын.
Сөздерің елге азық шын,
Суырылып, тарттың ат жалын!

Санаға тоқып, қайралған,
Сыршылын шығыс, батыстың.
Сескенбей қанды майданнан,
Соғысқа да қатыстың.

Сезімі - алау жасынан,
Сыйлапты Тәңір тарланды.
Сүйіп те өстің жасыңнан,
Сексеуілді далаңды.

Сәуле-жыр төгу – сол мақсат,
Саралап ойды, гүл-бақты.
Серке жырың жол бастап,
Сүйсіңтер біздей ұрпақты.

Сикыр сөз өрген ғұлама,
Сел-тасқындай молайдың.
Суын іштің, Сыр аға,
Сырдария мен Торғайдың.

Саған тартып ұланың,
Салмақты жырды құрадым.

Сенің жырың, өр аға,
Самалы сынды Тұранның!

Сағынады ел сені,
Сар далаң тұрар ән қылып.
Сұлу сөздің семсері –
Сырбай жасар мәңгілік!

Қыз жүрегі мықты екен...

Қыз жүрегі мықты екен камалдан да,
Оған қарсы уәжін, дауан бар ма?..
Шыңғысханның әскері Отырарды
Шырғалаң боп, алты айда ала алғанда,
Мені алты ай шырғалаң еткен жүрек
Мықты екен-ау сол күнгі камалдан да.

Шындап мықты ол жүрек...
Амал бар ма?!
Берілсем де соны ойлап, сан арманға,
Ол жүрек берілмеді.
Бәлкім онда
Бір белгісіз құпия камалған ба?..
Мұқағали жырлаған жүрек – осы,
Мыстан, әлде қоладан жаралған ба?!..

Сергелден болдым қайтіп, санам барда?!..
Баһадүрің шығар сан камалдарға
Бір ару жүрегіне амал таппай,
Мұншалық қапаланып, арандар ма?..
Бакытына қызығам...
Қарап тұрып,
Жүрек онай берілген адамдарға.

Ажалын да сұрамас жан алғанда,
Сезім жоқтап жалғанда жаман бар ма?!..
Несі жақсы қан қатып жүрегіңе,
Мұн көріп тұрса егер жанардан да?..

Дегендейін жауабын таба алмаймын,
Тосыннан туындаған сауалдарға.
Әйтеуір, бір жібігер отым бар-ау,
Мұз-камалды...
Себеп жок алаңдарға.
Бастысы, барша жүкті көтерерге
Жүрекке күш, сабыр бер маған да, Алла...

ЖЫР КҮНДЕЛІГІНЕН



Әсел Сарқытова

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика
факультетінің 1-курс студенті*

Өзім жайлы өзгешелеу бір өлең

*Мен...
Құмармын
Самал желге жасап жүрер саяхат,
Мен...
Шынармын
Шаршасаң кел, көлеңкемнен сая тап.*

*Мен...
Әуелі
Тұнық тамшы мөлдіреген бұлақта,
Мен...
Әуенмін
Ұмытпашы, бойды алар кіріп құлақтан.*

*Мен...
Жауынмын
Бұлағына қосылып бір тау асам,
Мен...
Жалынмын
Шуағымнан жыту алғын жаурасаң,*

*Мен...
Көркеммін
Сыр ұғып ем табиғаттан еңселі,
Мен...
Еркеңмін
Қылығыммен қотеретін еңсеңді.*

*Мен...
Аруы
Құла таңы қазағымның рауанды,
Мен...
Тау ұлын
Ұнатамын, қайтпайтуғын табанды.*

*Мен...
Жалғызы (көздеме)
Танитын жанымды бағымның жалынды
Мен...
Қар қызы (өзгеге)
Қаритын қаныңды, жауратар жаныңды..!*

Ана тілің...

Туған тілін білмейді екен бір інім,
Бөгде тілде былдырлап жүр бүгін.
Асфальт дейді сұрағанға тұрағы
Өзге тілде көріп жатыр тірлігін.

«Тіл білмеуің қалай?» деген сұраққа:
– Атам қазақ, анам қазақ бірақ та
Тілім басқа, дінім бірдей болғанмен, –
Күлді інішек, – ...шала қазақ болам мен...

Ашу ойнап кетті сол сәт тұлғамда,
Қазақ болып, туған елде тұрғанла.
Шала қазақ дейді неге ол өзін
Ол туғанда шала болып туған ба?

Өз тіліңмен қайрай біл өз рухыңды,
Өз тіліңде табиғат та сүйкімді.
Анаң сенің бесік жырын айтқанда
Ана тілде кеуденс күмбір күй тұнды.

Жүрегіңде от боп жанып жалындар,
Анаң тілін бәрінен асқақ қойындар.
Өзінді өзін сыйласаң сонда ғана
Сонда ғана әлем сені мойындар!

Ана тілің – елдігіңнің айғағы,
Ана тілің – көтерген көк байрағың!
Ана тілің күнін болып нұр шашып,
Сәуле болып төгіледі айдағы.

Намысыңды өзін болып қамшылап
Үлес қосқын ана тілге тамшылап.

Сен азатсың, еркін елдің ұланы,
Ал ана тіл – қолындағы шамшырақ!

Сол шырағдан мәңгі жансын қолында,
Күш-жігерді аямай төк жолында!
Қазақ тілі – жүрегің ғой, өйткені
Сен қазақсың, қазақ қаны бойыңда!

Тәуелсіздігім – жеңісім...

Тәуелсіз ел!
Тұғыры биік, тұрақты.
Даласы кең!
Атар таңы шуақты.
Менің Қазақстаным!
Еркін ұлан
Атар таңға сенімді.
Елдік ұран:
«Болашақ- жас білімді»
Менің Гажапстаным!
Астанам бар
Асқақтаған айбыны,
Халқымыз бар,
Онынан туған ай-күні!
Бастауы болған бәрінің
Елбасшы – алтын көшбасшы!
Жарылқап, өзің, Тәңірім,
Халқымды өзің қолдашы!
Қазағым менің!
Жоғалтпаған қазақтығын,
Мәңгі болсын
Ата аңсаған азаттығың.
Мәңгі өркендей бер!
Қарыштап бас қадамды!
Тағы гүлдене бер!
Тамсандыр күллі ғаламды!

Бермеймін сені...

Қоңілде күдік, жанымда алаң
Сыр тұнған жүрек слітпей ме сен?
Өмірде жүріп жаныңдағы адам
Сыртыңнан күліп кемітпей ме екен?!

Сенім дегенің бір самал жел ме
Бағытын болжап біле алмас?
Кегім бе деймін дүлдәмал кейде
Жарытып жолда жүре алмас.

Бере салғым келеді ерік,
Күдікке кейде санамдағы алып.
Көре сала кетеді-ау еріп

Үмітке лезде айнала калып!

Сенгім де келмейді
Оқып ап көзбен
Ақтаймын сені, (келмейді сенгім!)
Бергім де келмейді ол қара көзге!
(Жат қайғы тегі)
Бермеймін сені!

Мен сенсіз...

Мен сенсіз...
Қаранғы түн екенмін
Жұлдызсыз жымындаған...
Мен сенсіз...кім екенмін?
Ойға алу қиын маған.

Мен сенсіз...
Түн ғанамын
Айы жоқ нұрын төккен.
Шертілмес мұң ғанамын
Суалған, сыры кеткен.

Мен сенсіз...
От қапамын
Жылытар жалыны жоқ.
Түйілген бұлт қанамын
Бір ерген жауыны жоқ.

Мен сенсіз...
Қыс қаһарлы
Кеудесін мұз қарыған.
Елсізде бір шаһармын
Сайрамас құс бағынан.

Мен сенсіз...
Мұз ғанамын
Су бетінде сабылатын
Сап-сары күз ғанамын
Көктемді сағынатын.

Мен сенсіз...
Шың ғана ем
Биігін ел алмаған.
Сыңарсыз бір дара ем
Ешкімге сене алмаған.

Мен сенсіз...
Жадау арман
Қорқатын қара түннен.
Сұқтанған жанарлардан
Сақтап қал қанатыңмен!



Куаныш Жазай

Қайнар университеті

Филология факультетінің 2-курс студенті

Әке...

Жіберетұғын күнде жүз қате,
Бала едік онда жас, бұла.
Бұзықтық етсек... бізді, әке,
Алушы ең таяк астына.

Даланы шарлап досымыз-Күнмен,
Өспедік қаңғып, доп қуып.
Есейіп ерте есіміз кірген,
"Көк-ала койдай" боп жүріп...

Өзінді катал ғанасың делік,
Ол шындық еді біз ұққан.
Таяк жемейтін баласын көріп,
Талай әкеге қызыққам.

Бекер-ақ саған өкпе артқам сонда.
Мұны да кешір, кеш білгем.
Таяқтан азап көп тартқан соң ба,
Саналы болып өстім мен...

Бұл күнде мығым олеңім, ісім,
Өйтпесең, мұндай бөлмас ем.
Өмірден таяк жемеуім үшін,
Таяқтансың ғой сонда сен...

Байқайсын ба, әке, шетінен кекті,
Ойлары қулық, тек нала,
Бұзықтық жасап, бетімен кетті,
Таяк жемеген көп бала...

Түзмейді олар қатесін не ғып,
(Кеміген бе әлде ой, айбын?)
Таяқтамаған әкесін көріп,
Баласын қатты айымын...

Жыр күнделігінен

Менде әлі күз...

Сенде көктем шығар, ә-ә-ә?
Менде әлі күз,
Саған шуақ...
Ал маған орнады мұз.
Сенде шаттық...
Менде зар...
Үйлеспейтін,
Екі түрлі кейіпке енді әніміз.

Сенде сәуір...
Менде әлі сол қараша,
Мезгіл неге біздерге болды араша?
Мен қарттарша жүрмін ғой күніреніп,
Күліп-ойнап жүрсін бе сен балаша?

Менде қазір күз...
Сенде қазір көктем.
Көңілді еді, шіркін-ай, сазың неткен!
Ех. мен болсам мұнлымын...
Себебі сол -
Сені ансаймын...
Аңсаймын жазымды өткен!

Катал тағдыр қоспады бізді, әй, нағып?
Соны ойласам жүрегім сыздайды анық.
Мен күз болсам, кетесің көктем болып,
Көктем болсам, кетесің күзге айналып...

... Сенде көктем шығар, ә-ә-ә?
Менде әлі күз,
Түйіспейді неліктен жолдарымыз?..
Бірімізге біріміз қосыла алмай,
Кетемізбе осылай, беу, сарықыз?..

Екеуімізге бір болуды қимады, ә?..

Екеуімізге бір болуды қимады, ә?..
Қайтеменді, мұнаям да көнемін.
Сен түсетін өмір атты кинода,
Басты рөлді ойнасам ба депедім.

Тағдыр дейтін режиссорға өтініп
Көріпедім, ашуланып шекті айбат.
Қалдым шетте бармақ тістеп, опынып,
Сәл де болса шеберлігім жетпейғап...

Кетті солай күрт үзіліп күдерім,
Кетті солай маңдайымнан күлші бек.

Мен ойнайтын гашык жанның ролін,
Әддөбіреу асыр салын жүр ойнап.

Қызғаныштан қасіретке толды ішім,
Сені өзімдік қылу үшін не ете алам?
Бексжанға ұксағым да келді шын,
Қара бет боп бірақ одан не табам?..

Есім жиып, айналаға пан қарап,
Өзіңе тек бакыт тілеп, сүйгенім,
Кеттім сосын басқа қызды таңдап ап,
Басты ролін ойнап басқа кинонын.

Соңғы сөз

Мен де ұмыттым,
Өткен күнді сен де ұмыт,
Енді ол жайлы қозғалмасын әңгіме.
Жок әлемнен сені табам деп жүріп,
Мен өзімді жоғалтқанмын мәңгіге.

Мен де өшірдім,
Есімімді сен де өшір,
Жүрегінді қанжылатып тырна да.
Біздер тартқан мол қасірет, мол кесір,
Соныменнен өше қалсын біржола!

Мен де ойламан,
Сен де мені ойлама,
Кетпе бірақ махаббаттан түңіліп.
Енді екеуміз дос болайық жай ғана,
Одан басқа күтпе менен жылылық...

Мен де ұмыттым,
Болған жайды сен де ұмыт,
Неғыламыз көрді қайта қазып біз.
Мендік сезім сені іздеймін деп жүріп,
Айдалада қанғыш өлген...
жазыксыз...

Ақталу

"Жаксы көрем!" деген сөзім өтірік,
Сене көрме!
Ешқашан да сенбегін!
Ойымдағы аруды ойлап отырып,
Айтқан сөзім болатұғын ол менін.

"Мен де!" дедін,
Оқыс шыққан сөзіңе,
Сасқанымнан "рас па?" деппін мен (ес жоқ).
"Рас!" дедін...
...Мұнарланып көзіме,
Ойдағы ару тұра қалды елестеп.

Күтүменен өткен еді ғұмырым,
Көрістім-ау!

Ақыры аңсап көрістім!
Шырынына шөлдеген ем,
Шырынын
Шырыныммен құмарлана болістім.

Мас кып тастап сезім деген бал қымыз,
Баттық, шіркін, белшемізден бакытқа.
Құмар қанбай, басылмастан мауқымыз,
Қанша отырдық?
Ол тек аян уақытқа.

Сүйдім оны тарқағанша бар шерім,
Ол да сүйді көздерінен жас тама.
Есім жисам онын емес, дәл сенің,
Құшағында отыр екем...
Масқара!..

"Сені сүйем!" дедім сосын...
Отірік!
"Мен де!" дедін екінші рет қайталай.
Ойымдағы жанға айтам деп отырып,
Саған айтып қойыппын-ау байкамай...

Саябақта...

Өткен күндер қайта оралмас...
өкініп
Еске аламын жүрек сыздап,
жан мұздап.
Анау шеткі орындықта отырып,
Әлі есімде жейтін едік балмұздак.

Ол кезде өмір балмұздақтай тәтті еді,
Ол кезде өмір ертегі еді ғажап тым.
Бұл ғаламда тендесі жоқ, жоқ теңі,
Дәурен кештік аз-ақ ғұмыр, аз-ақ күн.

Сол ғұмырға қойды тағдыр тез нүкте,
Амалсыздан екі жолды таңдадық.
Сонда өмірдің суығына төздік те,
Ыстығына неге төзе алмадық?..

Сертімізді неге бұздық?..
Бұ қалай?
Бастан кештік аптабы мол тамызды,
Біздің сезім сол аптапқа шыдамай,
Балмұздақтай еріп кеткен тәрізді...

Ескі бақта құлазымын жалғыз қап,
Одан басқа амалым жоқ, әттең, еш...
...Өткенді еске аяп жеп отырмын
балмұздақ,
Бірақ ол да бұрынғыдай тәтті емес...

Жыр күнделігінен



Назерке Сейсенбаева

*Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу
мемлекеттік университетінің
1-курс студенті*

Көңілімдегі қоңыр күз

Жанбырдан соң жүріп келем жолменен,
Арт жағыма қарайлаймын көңілдегі
ойменен.
Білем бірақ алдымда да артымда,
Бағыт сілтер жанның жоғын қолменен.

Тура жүрем алдымдағы түзу жолдын
бойымен,
Тік қараймын, көз алмаймын болашақтың
өңінен.
Қанша қиын болғанымсың қаймықпастан
қасқая,
Аллам жазса орын алам сол биіктің
төрінен.

Күзді сүйдім сол бір нәсер жауынмен,
Тұман, бұлтты, боран соққан дауылмен.
Сол бір нәсер, сол бір соққан дауылдар,
Жүрегіме есім берер нық орныққан
әнімен.

Жаңбыр төккен күннің маған берері не
білмеймін,
Әйтеуір сол алып-ұшып, кірпігімді
ілмеймін.

Көңілімдегі қоңыр күз сыр бөліссе мұнайып
Айналамды ұмытып, ештеңені көрмеймін.

Көңілімдегі қоңыр күз, өзіңмен жүрем
калықтай,
Жан-жағымды сен арқылы танып білдім
асықпай.

Қоңыр күзім, саған ғашық болмай қалсам егер
де,
Мына тылсым дүниенің өтер едім қызығына
қанықпай.

Әкешім...

Жаңарып ай, күн, өтеді күндер сырғып,
Алға қараймын, күтсді үміт жыр ғып.
Жүрегім алай-дүлей, білмеймін не боларын да,
Әкешім, күндер өтті өзіңсіз жылжып.

Ар тұтып арманымды асырауды,
Күйбеңмен әрнеге бір басым ауды.
Сол шақта өзіңді еске алып тұрып,
Түсіндім ешқашан басылмауды.

Қар алдындағы бір ұшқын

Қараша. Суық күн. Сұр тұман...
Жас акты әйнектің сыртынан.
Тірлікті көндіріп ыркына,
Аспан тұр шошытып сұрқынан.

Қозғалтып теректі жел де ескен,
Сенбестен мен тұрмын, жер көшкен.
Сор кешкен жапырақ қалтырап,
Жылауға шамасы келместен.

Көрінбей сұлбасы шатқалдын,
Көңілсіз... кешуде бақтар мұн.
Бозарып қарайды бозаң жер,
Сезгендей жауарын ақ қардын.

Сәлден соң тыншыды дала да,
Қар жауды керемет ақ ұлпа.
Біздерге сол сәтте қол сермеп,
Қоптасып кеткендей Жер-ана.

Аялы алақан

«Қазақстан» телеарнасындағы Бибігүл Дәулетбекқызының «Өмірдің тәтті дәмін тата алмай, тағырдың терен талқысына түсіп, пәк жүздері ащы жаспен шыланған бұлшіршін сәбилерге қол ұшын созамын деген үлкен жүректі азаматтардың назарына!» - деп басталатын қоңыр дауысты жалынды сөздер экран беттерінде қайталанған сайын Айсәуленің де кеудесін бір шым еткізетіні сөзсіз.

Иә, өмірден орнын таба алмай, тумай жатып қасіретті қақпанға шырмалған әрбір сәби тағдырлары шынымен де ащы екен... Олардың аянышты тағдырларына арашашы болып, қол ұшын берген әрбір жомарт жүректі азамат ағаларды нағыз ердің ері деп қалайша бағаламасқа!

Кемтар жандардың жауаңдаған жанарларынан «мәні жоқ мәнсіз өмірге неге келдім екен» деген окінішті смс, «Мен өмір сүруге тиіспін, болашақ азамат боламын!» деген қайсарлықты оқыған Айсәуленің жанарына ыстық жас келіп, ыстық қаны өн бойына шапшитын. Іштей аяушылық сезімге беріле аналық жүрегі езілетін.

Жаратушы мен табиғат ананың берген сыйын ала алмаған өсы бір жандардың тәнімен қоса жандарын қиып түскен қандай бір дерт екен!.. Олар табиғатты оның ауасын, суын, жерін, Отанын сүйеге бар болмыстарымен қарап, болашақтарын төзімділікпен, үлкен жүректіліктерімен тосатындай. Өмірдің не екенін біле алмаған тоң мінезді тұйық жандардың тағдырлары әр қилы. Біреулер туа біткен қасіреттен жапа шексе, екінші біреулері ойсыз ата-ананың саналарын осып өткен қателіктерінің айғағы болған тастанды сәбилер.

Қатігез өмірдің құрбанына айналған бұл жандардың көз жастары көктемгі жаңбыр суындай ен даланы су етіп жайылса да, алдамшы сезімге бой алдырғандар ескектерін сыртқа салып мәңгүрт киіптерде өмір сүруде.

Аждаһа өмірдің құрбандығына шалынған кемтар балалар да шынырау құздан құлап қанаты қайырылған балапанша жарыққа отты жанарымен қарап қинала талпынады. Әрине, олардың да өмірден алар өз орындары, өз сыйлары бар шығар. Олардың тәні мен жандарының дертіне шипа болар кең пейілді, жұмсақ жүректі, аялы алақандар да табылып қалары шексіз. Төрт қабырғада қамалып, жансыз терезеден жауаңдаған сәби жанарлары еріксіз осыны аңғартады. Кейбір кемтар жандар ешнәрсеге де селт етпей томаға тұйық күйде үнсіз отырып, алыстан көрінген бұлдыр сәулеге қадала түседі. Олардың кішкентай жүректері «айналайын» деген жылы сөздерді күтетіндей, мейірімді сөздерді естігісі келетіндей, маңдайларынан өпке желден ананың ыстық ықыласын іздесіндей, әкенің қайратты құшағын аңсайтындай... Жандарына керектінің бәрі табылғанымен ананың ақ сүтіне мейірленбеген, әкенің ыстық ықыласына бөленбеген сәбилерге әйтеуір бірдеме жетпейтіндей саф ауада тұншығады. Ауа, су, жер-ана тіршіліктің нәрлі мәңгілік көздері болса, бала да адамның мәңгілік мың жасайтын ұрпағы, өмірінің жалғасы, елінің тұтқасын ұстар болашақ азаматы.

Менің де ұлым өмірімнің жалғасы, оны менен ешқандай күш ажырата ала алмайды деген қызғаныштан баласын бауырына қыса түскен ананы селк еткізген оқыс дыбыс «Ананың аялы алақанын сезбей өскен бұл бұлдіршіндер әрбір таңды күліп қарсы алады» деген телеарнадан естілген диктор даусы еді.

Расында Асыланға бұл кездеспесе қазіргі бауырына басқан сәбиі де солардың санатында ананың алақанының жылуына бөлсеңбей ана мейірімінс шөлікпес өсер ме еді кім білсін?! Үілдеп отырған кемтар балаға кім қарасын. Балалар үйінен жандарын жылытар сәби іздегендер он екі мүшесі сау, денсаулықтыры мықты балаларды тандайды.

Елінің ертеңін жалғастырар-ау деген үміт артқан балалар шетел асып, мұхиттың ар жағына да жөнелтіліп жатты. Осының бәрін көріп куә болып жүрген Айсәуле үшін бұл таңсық оқиға емес. Күндсілікті қайталанып неше қайтара құжаттар толтырылып, заңдастырылып жатқан «сүйікті» жұмыстар. Ол балалар шет елге не үшін қажет екендіктері де сұралмайды. Оған ешкім бас қатырып жатқан жоқ. Есесіне кеткен баланың орны тағы бір тастандымен толтырылып, келесі шет елдік «қамқоршыларға» дайын отырады.

Аяғын басып орнынан тұра алмайтын Асланмен ешкімнің істері жоқ. Керек емес заттай өз мансәжінде отырғаны күтушінің берген тамағына тояттап. Қол созым жердегі ойыншықтарын да ала алмайды...

Осы бір балаға аналық сезімі оянып, аяушылық танытқан Айсәуле күйеуімен келісе отырып, жанұяларына мүше етіп алып тынды. Бәрі де сол сәттен басталған-ды.

Аслан барғаннан үйлері толып, той-думанға кенеліп шаттыққа бөленді. Сәби күткен бұлардың қуаныштары ұзағынан болып Асылан қарындасты да болды. Ата-ананың мейірімін оятқан ерлі-зайыптылар үшін Асылан ерекше сүйікті ұл еді. Бірінен-бірі қызғанып аялап өсірген ұлдары ата-ананың ыстық ықыласынан болар семіп қалған аяғына жан бітіп, апыл-тапыл аяғын басып жүре алатын халге де жетті. «Апалап» алдынан жүгірген ұлы мен қызын құшағына алған келіншек аналық махаббаттан жарыла жаздап, жүзі бал-бұл жайнап, «ең бақытты сәттерім» деп өз өміріне асыра баға беріп жатса, «Иә, шынымен ұлымыз, қызымыз бар біз бақыттымыз!» деп күйеуі сырттай күлімсіреп тұрды.

Дәл осы сәтте аялы алақанның жылуына бөленген ұл да, қыз да риясыз бақытты еді!

Назерке Әбдімәлікова

*Қызылорда қаласы «Болашақ» университетінің
4-курс студенті*

Бір бөлменің қыздары

Күні бойы кезекте тұрып, өз кезегі жеткенде Әлия мен оның туыс әпкесі комендант есігінен шығып карама-қарсы тұрған бөлмеге кіре берді. Бұл жаңа ғана жылы шыраймен қарсы алып комендант Нұржамал апайдың белгілеп берген, нұсқап жіберген есігі болатын. Әлияның қасында қалаға алғаш келген немере сіңілісін демеп, жол көрсетіп, жүгін көтерісіп жүрген араларында екі жылдай айырмасы бар Бағила болатын. Ол бұл қалаға бір жыл бұрын оқуға түскен. Осы аралықта үлкен қалада көрген-білгенін, Әлия үшін жат қаланың тыныс-тіршілігін сіңілісіне хабардар жүрсін деген ниетпен айтып қалады. Әлия оны бөтен ортада жалғыз қамқоршы ретінде көріп, оны бұрынғыдан да қатты жақын тартты.

– Уф, – деп Бағила ішке кіре бере Әлияның сөмкесін еденге қоя беріп, – Ой, Әлия бөлменді де алдык қой, әйтеуір, – деп мауқымын баса сөйледі. Перде әлі іліне қоймаған терезеден түскен күн сәулесі бөлмені жап-жарық қылып, кіре бергенде көзге шағылысады. Төр жақта орындықта терезеден далаға қарап отқан қыз кіріп келгендерге жалт қарады. Әлия төсекте жатқан тағы бір қызды байқады, ол бұларға көз қырын салды да өз жайымен жата берді. Екеуі де үн қатпады. Бағила бірден сіңілісін жайғастыруға кірісіп кетті. Мұнда екі қыз жатқанмен, бөлмеге төрт қыз орналасып қойған екен, Әлия бесіншісі болып жалғыз бос төсекке жайғасты, дегенмен әлі көрпе-жапқыштары жоқ екен. Бағила шала жайғастырып болған соң кетуге ыңғайланды. Әлия оның ертең тағы келерін білсе де қимастықпен шығарып салды.

Күн батуға таяп қалған кез. Жатақхана алдында кезекте тұрған қыздар саны азаяр емес. Әлияның бөлмесінде төрт қыз. Жаңағы екі қыздан бөлек тағы бір қыз бар екен, ол бірден жылы шырай танытты. Бойы орташа, қонырқай түсті, өзінің ерекше жымынсы сүйкімділігін айқындатып тұрғандай. Бұл Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданынан келген екен, есімі – Мақпал. Алғаш келгенде төсекте жатқан қыз екі күндік жол жүріп келіп Батыстан оқуға түскен жайы бар. Ол сұнғақ бойлы, аққұба, көздері ерекше, қой көздіге де, бота көздіге де жатқыза алмайсын, қарасы да басқаша, өз қатарластарынан шамалай үлкен көрінеді. Аты Бүлдірген екен, бұл есім Әлияға да, қалған қыздарға да, бұрын соңды естігенмен, үйреншікті емес көрінді. Әлия бөлмесінің бесінші қызын да көруге асықты, ол ертең сабакка қаладағы туысының үйінен бірден келетінін есіткен болатын.

Ұзақ әрі арпалысқа толы күнде қыздардың қарны ашып қалған секілді. Бүлдірген дүкеннен барып жүрек жалғар, жеңіл желпі жейтіндер мен сусын алып келді. Бір-біріне әлі үйренісе алмаған қыздар дастархан үстінде ашылып әңгіме де айтпады. Әсіресе, алғаш келгенде терезеге қарап отырған қыз Әлияға томаға-тұйық, сөзге сараң көрінді. Ол Бүлдіргенмен бойы шамалас, бір көз шалғанда адамды өзіне қарататын жүзіндегі жарасымды орналасқан меңдері мен кекілі бар, күріш отаны Қызылорда облысының қызы. Есімі – Жаңыл. Ол бірінші болып дастарханнан тұрып, төсегіне бірден жата кетті. Ал Бүлдірген мен Мақпал да ертең оқудың бірінші күні екенін есіне алып, олар да жатуға ыңғайлана бастады.

Әлия жатқанмен көпке дейін көз іле алмады, бөлмеде тынысы тарылып, әрі-бері аунақши берді. Ұйықтай алмауының тағы бір себебі, бөлмені, төсекті, тіпті қабырғаларды да қатты бөтенсіді. Бұл оған біреудің үйіне қонаққа келіп, ертең үйге қайта жол тартатындай немесе таңертең өз үйі мен өз төсегінде, анасының «қызым-ау, тұр, сабақтан қаласын» деген жұмсақ даусынан оянатындай көрінді. Бірақ бұлай болмайтынын ойласа, іші алай-дүлей болмақ. Сағыныш өрттеген Әлияны бұрын-соңды басынан кешірмеген сезімдері шырмады. Үйге, жаңұяға, ауылға, мектепке, жолдары әр тарапқа бағытталған достарға деген мұндай сағыныш, балалық шақтың енді оралып келмейтініне, бір сыныпта он бір жылдай оқыған жолдастарымен қайта оқу жылын жалғастыра алмайтынына деген өкініш біраз уақытқа созылары анық...

Ертеңіне Әлия және басқа қыздар Жаңылдың ұялы телефонының шылдырынан оянды. Оған елең етпей жатқан тек Жаңыл ғана. Тура құлақ түбінде тұрған шылдыр дауысынан ояна қоймаған Жаңылға қыздар таң қалысты. Ол атын екі-үш рет қайталап, түрткен кезде ғана ұйқысынан зорға оянды. Қыздар таранып, киініп, осы күннен бастап төрт жыл бойы білім алар ордасы болатын оқу орнына қарай жол тартты...

Әлия мен Ақжарқын кітап көтере бөлмеге кірді. Жүздерінде ойнақы күлкінің белгісі бар.

– О, кітап алғансыңдар ма, оқудың басталғанына бір жеті болып қалды, бізге де алу керек еді...- деп Жаңыл ойына бір салып қойды. Ол бұлардан сәл ғана бұрын келіп отырған болатын.

Ақжарқын жайлап кітаптарды сөреге орналастыра бастады. Ол ақ-сары, қастары домаланып, қалыңдау жайғасқан, адамды тартар жылы жүзді, мінезі жайлы Жамбыл облысының қызы болатын. Ол Әлияның осы бөлмедегі жалғыз жерлесі болып шықты. Артынша Бүлдірген мен Мақпал да кіре келді.

– Сабақтарын қалай өтті, қыздар? – деп бөлмедегі қыздарды көре Бүлдірген сұраса жөнелді. – Жаксы, – деген жауап ала сала, – Қасқа, Жаңыл сабақтан қалып қоя жаздадың ғой, – деп Бүлдірген Жаңылға қарай сөйледі.

– Бұл қыздың тұруы қиын ғой, шіркін, – деп Ақжарқын қыздарды ду күлдіре жөнелді, Жаңыл да күлкісін тияр емес:

– Мен үйде де сондай едім, құлақ түбіндегі шылдырға да елең етпейтінмін, анам күнде «Жаңыл, қалдың сабақтан» деп жиі оятушы еді, кей кезде тез тұрсын деген ниетпен бір сағат алға жылжытып айтатын, мен апыл-ғұпыл орнымнан тұрып, «мама, неге ерте оятпадың?» деп бұлқан-талқан болушы едім, сонда жүгіріп барып сағатты қарағанда бір-ақ есімді жиятынмын...-деп, кенет іркіліп, - жаным, анамды сағынып кеттім ғой... – деп қыздарды күлдіре келіп, артынан күрсіне тоқтады.

– Ештеңе етпейді, біз бармыз ғой, енді сені біз оятамыз, – деп Мақпал Жаңылды өзіне тарта сөйледі. Қыздар «иә, әрине» деп қостай жөнелді. Осы кезде Әлия басында суық болған бөлмеге шуақ кіргенін сезгендей болды, қыздар бөлмеге жан бітірді. Олар осы күні түн ортасына дейін шер тарқатып, өздерін жана қырларынан танытты. Бір айдың ішінде бір-бірінің мінезін, әдеттерін, ойларын, қабілеттерін таныды. Бөлмеде біреуі болмаса, бірдене жетіспей тұрғандай болады. Олардың көзқарастары да, ойлары да бірдей сияқты. Қаланың әсем жерлерін көріп бірге мәз болысты. Жатақханадағы әр күн әзілсіз, сыңғырлай естілетін

күлкі дауысынсыз өтпейтін болды. Олар тек қуанышты ғана емес, басына түскен қиындықты да бөлісе білді.

Енді Әлия кешке төсекке жатқанда сағыныштан өзегі өртеніп жыламайтын болды. Жарқын болашағын қиялдап, жана армандарға ерік берді. Өмірдің алтын кезені, ізденіс пен қызыққа бірдей толы студенттік кездің дәмін енді тата бастаған сияқты....

Айгүл Токташбай

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 3-курс студенті

Қираған өткел

Тарбағатай тауынан бастау алып, жол-жөнекей жер астына сіңіп, бері келе қайта жер үстіне шығып, ауылдың сыртын жағалай ағатын «Жас өзен» атты шағын өзен бар. Өзеннің бергі жағы төрт жүздей ғана түтіні бар «Ғажапстан» ауылы болса, арғы беті сол ауылдың малы жайылатын жазық, құнарлы дала. Екі бетті жалған тұратын ауылдың орта тұсындағы кеңес заманынан қалған «қираған өткел». Ескі жүк көлігінің қаңқасын салып, үстіне қалың тақтайларды жалпағынан қойып, оның үстінен күл-қоқыс төгіп тастаған көпірді көктем сайын арнасынан шығып кете беретін «Жас өзен» құр қаңқасын ғана қалдырып, ағызып кете береді. Ауыл-аймақ болып қайта жөндеу жасағанмен, шала жұмысты «Жас өзен» елей қоймайтын. Жылда сол көрініс қайталана береді.

Ержанның туып өскен жері осы – Ғажапстан. Тәуелсіздік алар жылдан бір жыл бұрын туған Ержанның отбасында өзінен кіші тағы үш бала бар. Әке-шешесі ұстаздық қызметте болғандықтан болар, Ержан мектепте озат оқушылардың қатарында жүрді. Ес білді, етек жинады. Студент болды. Қызметке тұрды.

Жарық, кең кабинеттің ішінде жалғыз отырғандығы болмаса, миында он адамның ойы, бес адамның тапсырмасы, тағысын тағылар кезіп жүрген болатын. Өзінен жоғары басшылардың мөрі мен қолы қойылған бір жалырақ қағаздың әуре-сарсаңға салатынын сезіп отыр. Бұрынғы қызмет жасаған басшылардың істеп кеткен жұмыстарының есебін де өзі жазу керек екенін есіне алса, жұмыс түгілі өзінен безгісі келеді.

Жұмыс үстеліндегі бей-берекет шашылып жатқан қағаздарға қарап отырды да, жүрегі айнып, таза ауамен тыныстағысы келді. Заманауи үлгіде салынған ғимараттың пластиктен жасалған терезесін ашып, күздің соңғы айларындағы тынық күндердің таза ауасын бір сәт көзін жұмып, демін кеудесіне толтырып жұтып тұрды да, ойындағы жүйесіз ойларды ұмытып, балалық шағындағы сағым кездерге шомып кетті. Таза, кіршіксіз көңілді бала кездің таусылмас қызық сәттерін көз алдына елестетті. Сағым болған сол күндердің бірінде болған оқиға есіне орала кетті. Он бірінші сыныпты бітіріп, түлектер кешінен кейін түнделетіп «Жас өзеннің» арғы бетіндегі жазыққа барып кастер жақпақ болған сыныптастар өткелге қарай бет алып келе жатқаны, көктемнің тасқын суы қопарып кеткен қираған өткелді көргені көз алдына елестеді. Сол шақта өмірдің бір белестен бір белеске өтетін көпір іспеттес көрінген өз өмірін ойлаған болатын. Жастық шағымнан үлкен өмірге өтетін өткелім де осы бір су шайған өткел сияқты болмаса екен деді. Қазіргі өмірі қалай шынайы болса, үлкен өмірдегі кадамым да шынайы болса дейтін. Жас күніндегі суреттер көз алдына бір сәтке тізбектеліп келе берді. Әсіресе, осынау бір кеңседегі жұмысқа отыруға септігін тигізген жоғарғы сыныптағы белсенді оқушы болып жүрген кезеңдерін есіне алды. Бәрі де шынайы еді сол шақта. Студент болды. Қоғамдық жұмыстарға белсенс араласып, жастар ұйымдарына белсенді студенттердің қатарында жүрген кездері де қызық та, шынайы болушы еді. Ең алғаш университетке Елбасы келгенде, оның алдында тұрып сөз сөйлегені, университет

басшыларының жазып берген сөздерін жаттап айтып берсе де, ол үшін қызық, ең бастысы шынайы көрінетін. Қазір міне, ақыл тоқтатып, білдей мемлекеттік мекемеге қызметке келіп, шынайы өмірге қадам бастым деген сайын, өмірдің шынайылығы кеміп бара жатқанын ойлады. Кенет, компьютеріндегі әлеуметтік желі – агенттегі достарынан хат келгендігі жайлы дыбыстан селк етіп, терезені жартылай жауып, кеңсе ортасында орналасқан столына жайғаса кетті. Сол тұнжыраған күйі Ержан жабырқау кейіпте үйіне барып, миын қажытқан қағазбастылықтан біразға дейін ұйықтай алмай, ой үстінде жатып қалғып кеткен болатын.

Бүгін ерте тұрды. Аядай ғана бір бөлмелі пәтердің күн ашық болса да, күннің сәулесі түспейтін қисынсыз қойылған терезесінен далаға көз салмақ болып еді, көршілес орналасқан үш қабатты коттеджен оның жалдамалы пәтерін бөліп тұрған тас камалға ұқсас қоршаудан басқа ештеңе байқай алмады. Үйде өзінен басқа төрт жан бар. Бір бөлменің ішінде орналасқан асхана, жуыпатын орындарға еркін қатынау үшін өзінің жердегі төсек-орнын жинап, бұрышқа бүктеп қойды. Беті-қолын жуып, түннен қалған ботқаны суықтай бір-екі асады да, заттарын жинап, жұмысқа шығып кетті. Үйдің басқа мүшелері де оянып жатқан болатын.

Ержан – төрт баланың үлкені. Он бірінші сыныпты аяқтап, арман қуып Алматыға келді. Абырой болғанда, жұрт сияқты үйдегі жалғыз сиырды құрбан қылмай, білдей бір жоғары оқу орнына тіл мамандығына грантқа түсіп кетті. Жасынан еті тірілігінің аркасында қоғамдық жұмыстарға араласып, университет басшылығының көзіне түсіп жүрді. Баспана жағынан да елге қарағанда есесі кете қойған жоқ. Алыс ағайындар болса да, өзімен қатарлас, бауырмал, аталас туыстары аядай бөлмеге сыйғыза білді мұны. Ойы озық, талабы таудай, аздаған аңқаулығы бар Ержан университеттегі басшылардың анау-мынау жұмыстарына таптырмайтын кадр болды. Осы кісілердің көнілін тапсам, мынау қиын-қыстау заманның қиындықтарында қаймықпай жүрермін, өмірлік тәжірибе жинармын деген ниетпен жүре беретін. Мамандығы бойынша жарытып білім де алмады. Бүгінгі заман – білімнің заманы скенін, әке-көкеснің заманы өтіп бара жатқанын сол бір орындаушылық жүйемен жүріп аңғармай да қалды. Университет бітірді. Қазір төменгі дәрежедегі мемлекеттік қызметкер. Бірақ кешегі студенттік өмірдегі құр жүгіріс, орындаушылық өмір Ержанның дүниетанымын тарылтып, сол жүйеге тәуелді етіп қойған болатын. Әлі күнге оның ойында бүгінгі қоғам, мына әлсем шынайылықтан тұрады деген сенім басымырақ. Бастықтарына деген сенімі де жүз пайызды көрсетіп тұратын. Құр жалаулаған сөздерге ергіш.

Алайда, кейінгі кезде үлкен өмірдің белестерін енсере бастаған тұста, теориялық білімнің көрсеткішімен емес, өмірлік практиканың көз жеткізгендеріне байланысты Ержанның өмірге деген пәлсапасында өзгерістер пайда бола бастады. Өзінің өмір сүріп келе жатқан кезеңінің – жастық атты жалынды шактан, аға буынға өтер сабырлы шактың арасына келіп қалғанын аңғарғандай. Бір емес, бірнеше рет өмірлік сабақ алуға итермелеген осы өмірі -- сонау бір ауылында қалған, жыл сайын су шайып кете беретін қираған көпірге ұқсап келе жатқанын түсіне бастағандай.

Кең, самаладай бастықтың кеңсесінде қызу талқыланып жатқан мәселе – жоғары жақтан келетін Әбекеннің келіп-кетуі, жүріп-тұруы. «Жиырма адам Әбекен келгенде иіліп тұрсын, жиырма адам түріне қарап сүйсініп тұрсын. Жарты кварталдан кілем төсеңдер. Қоймада жатқан әдемі заттың бәрін шығарып, кеткен соң қайта қойып қойыңдар» деп баскең тапсырмасын берді. Артынан Басекеннің ағайындарының тойына байланысты жағдаяттар қарастырылып, жиналыстан тарасты. Ержанның күнделікті көретіні осы.

Ержан бала кезінде армандайтын. Үлкен өмірге қадам басып, биік шыңдардан көрінген кезде, осы бір туған жердегі «қираған өткелді» жаңадан саламын деп. Алайда, оның ойына «қираған өткелді» санасы қираған қоғам тұрғанда жаңадан салу мүмкін еместігі кіріп-шықпайтын. «Қираған өткел...»

Бауыржан Айтқаримов
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 2-курс студенті

Бір үзім нанның дәмі

Бүгін күздің жаңбырлы кеші. Жай күндегі жаңбыр емес, ерекше нөсер жаңбыр. Баяу ескен самал желдің лебі білінер-білінбес қана. Таза ауа. Дәл бір бар дүниенің тұнығын жиып алғандай. Аспаннан жауған жаңбыр да бір ырғақпен билеп жауып тұр. Табиғаттың тамаша тылсым көрінісі.

Сағат кешкі жетіден жаңа ауған кез. Ауыл арасы тым-тырыс. Өрістен қайтқан мал да қорасына кіріп қойған болатын. Әншейінде жолға тыныштық бермейтін машиналардың да ізі жоқ. Анда-санда бір-сарандары болмаса. Мәншүк көшесінің атакты сүт сатушысы Базаркүл апай бүгін көрінбейді. Әдетте, Базаркүл апай кешкі жеті мен сегіздің арасында бұл көшемен кем дегенде үш рет өтетін. Мәншүк көшесіне кіре бергенде кок дарбазалы бірінші үй – менің үйім.

Мұндай жаңбырлы күні жарықтың сөніп қалуы қалыпты жағдай. Мен майшамның жарығымен кітаптың қызығына беріліп кетіппін. Үйдің іші қоңырланып, қараңғылана бастады. Сырттан тек терезені соққан тамшылардың сықылы ғана естіледі. Кенет есік ашылды. Қарасам, үсті-басы малмандай су, бірақ өзі шуағын шашқан күн секілді күлімдеп тұрған Айнаш екен.

Айнаштың шын аты – Айнагүл. Үйіндегілер «Айнаш» деп еркелеткеннен кейін бәріміз солай атап кеткенбіз. Айнаш менің үйімнен үш үйден кейінгі үйде тұрады. Екеуміз бала кезімізден тай құлындай қатар ойнап, қайғы-қуанышымызды бөлісіп өстік. Мектепке де бірге бардық. Тіпті, екінші сыныпта бір балаға ғашық болғанбыз. Ол екеуімізге де қараған жоқ. Балалықтың бала махаббаты осылай басталған.

Айнаш – көңілді, мейірбан, тым ақкөңіл, аузын ашса жүрегі көрініп тұрағын анқаулау қыз. Менің бір риза болатыным, кім ұрысса да әрқашан отыз екі тісін көрсетіп күліп тұрады. Ең сүйікті тамағы – рошки. Рошкиді бешбармақтан артық санайды. Таңғаларлық жағдай. Бір күні бала кезімізде (9-10 жасымыз-ау деймін) Мәншүк көшесінің шаңын шығарып ойнап жүрдік. Ішегіміз шұрылдай бастады. Айнаштың апасы таба нанды керемет пісіретін. Содан екеуіміз Айнаштың үйіне бардық. Шарбақтан кіре бергеніміз сол еді, үй артынан ыстық нанның иісі бұрқ ете қалды. Ұрлана үй артына аяндадық. Қарасақ, апасы жоқ екен, бірақ жаңа піскен нандар мұрынды жарып барады. Айнаш жақындап барып, бір үзім нанды үзіп алды да, содан соң екеуіміз тығыла қаша жөнелдік. Сайға барып әлгі нанды бөліп жедік. Бір-бірімізге қарап мәзбіз. Қазір ойлап қарасам, сол кезде неменеге ұрланып барып бір үзім нанды алып қашып жүргенімізді түсінбеймін. Апасынан адамша сұрасақ та бермейді емес, беретін еді ғой. Әй, балалық не істетпейді?! Кештетіп келіп тұрған сол Айнаш еді. Орнымнан тұрып:

– О, Айнаш, қалайсың? Жаңбырлатып жайшылық па? – дедім. Айнаш аяқ-киімін шеше беріп:

– Жақсымын, Шәкенай! Жақсы емеспін, өте жақсымын! - деді жадыраңқы жүзбен.

– Жақсылыққа жол болсын, төрлет! – дедім. Айнаш келіп жанымдағы диванға келіп жайғасты.

Менің алдымдағы оқып отырған кітап тарс жабылды. Айнаштың қуанышын білгім келіп шыдамсыздана отырмын. Айнаш сәл бөгелді де әңгімесін бастап кетті:

– Көрдім! – деді. Баяғы сары пәле Сейпішті көрдім. Түске таман апам дүкенге жіберіп еді. Дүкеннен шығып келе жатыр едім, артымнан таныс дауыс «Айнаш» деді. Жалт қарадым. Сөйтсем, екі езуі екі құлағында тұрған Сейпіш екен. Көргенде өз көзіме өзім сенбедім. Бір жағынан таңғалып, бір жағынан аяғымдағы қызыл галәштан ұялып жерге кіріп кетуге шак қалдым. Қал сұрасып, амандасып болдық. Ол үндемей көзіме қадала қарап тұр. Бес жыл бұрынғы мектептің артындағы маған қараған жанары әлі өзгермепті. Мен не істерімді білмей тыпырлай қалдым. Өзімнің асығып тұрғанымды айтып, үйге қарай жүгірдім. Сейпішті көргеніме қуанып келе жатқанда ақ жаңбыр құйды да кетті. Шәкенай, қалай ойлайсың? Сейпіш мені іздеп келді ме екен? – деп, кілт тоқтады.

Сейпіш мектепте бізбен бірге оқыған. Анығырақ айтсақ, сегізінші сыныпта Айнаш пен Сейпіш бір-бірлеріне ессіз ғашық болды. Бүкіл мектеп олардын кіршіксіз пәк махаббаттарына қызығатын. Мектеп бітіргеннен кейін, Айнаш оқуға кетті, Сейпіш әскерге кетті. Осылай екеуі бір-бірінен айырылып қалды. Хабарсыз кеткен соң Айнаш та үмітін үзе бастаған еді. Ал Сейпіш болса әскерден келгенде әкесі қайтыс болып, үйінің үлкені ретінде анасы мен артынан ерген үш бауырын алып Семейге көшіп кетеді. Содан бері бес жыл өтті. Екеуінің кездесіп отырғаны осы.

Айнаш маған үңіле қарап жауап күтіп отыр. Сейпішті көргеніме мен де қуанып:

– Әрине, сені іздеп келді! Сенен басқа осы ауылда іздейтіндей кімі бар еді оның?!-дедім. Айнаштың жүзі бал-бұл жаып, ұшып кетердей болып отыр. Ананы-мынаны айтып, далаңның қараңғыланып кеткенін байқамай қалыппыз. Жаңбыр да саябырлаған секілді. Айнаш мәз-мейрам болып үйіне қайтты.

Ертеңінде мен ерте ояндым. Далаға шықсам таңғы табиғат құшағын жайып тұрғандай керемет күй кештім. Аспанда нұрын шашып, күн де күлімсіреп тұр. Терен демалып, табиғаттың рахатына бөлсініп біраз тұрдым. Кенет бүгін жексенбі екені есіме түсіп кетті. Бүгін қалаға кететін күн. Ертең сабақ басталады. Ауылымды қимай, уақыт тоқтап қалса екен деп ойладым. Түс ауа Айнаштікіне бардым. Барсам абыр-сабыр жолға дайындалып жатыр екен. Сонымен кешкі алты жарымда жолға шығатын болдық.

Айнаш екеуіміз Алматыдағы Қыздар университетінде 3-курста оқып жатырмыз. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғаліміміз. Гоголь көшесінің бойындағы жатақханада бір бөлмеде тұрамыз.

Қалаға келген соң Айнаш Сейпішпен кездесе бастады. Бес жыл бұрынғы махаббат қайта бұр жарды. Ал, менің жеке басымда ешқандай жаңалық та жоқ, жігіт те жоқ. Анда-санда Айнаш та:

– Шәкенай-ау, кішкене былай-былай қимыл жасасайшы!-деп, қылқылдайды. Менің оған уақытым да құлқым да жоқ. Осылай уақыт зырғып өте берді. Бір күні Айнашқа ауылдан әкесі хабарласты. Тұтқаны көтерген Айнаш тындап тұрды да есінен танып құлап қалды. Есім шығып Айнашты жұлқылай беріппін. Бетіне су шашып, әрең есін жидырдық. Сөйтсем, өмірдегі жалғыз тірегі санайтын апасы қайтыс болыпты. Жанарымнан жас еріксіз төгіле берді. Ертеңіне Айнаш ауылға кетті. Апасының жаназасын өткізіп, бір аптадан кейін бір-ақ келді. Айнаштың бұл өмірде жалғыз сенері, көз-қуанышы апасы еді. Қатты қиналды. «Уақыт – емші» – деген, бұл ауыртпалық та ұмтыла бастады.

Көп ұзамай көктем де келді. Айнаш пен Сейпіш үйлесуге бел байлады. Сейпіш үйленетінін айтуға Семейге кетті. Айнаш ол кеткелі тыным таппай толқып, оның қоңырауын асыға күтті. Бірақ ол кеткелі хабарласпады. Айнаш та бірдеңені сезгендей уайымдай бастады. Екі күн өткен соң басын салбыратып Сейпіш келді. Айтуына қарағанда, анасы келісімін беріпті, бірақ көкесі «әкесі мүгедек, анасы жоқ келін керек емес» депті. Былтырғы апасының қайтқаны тағы бар. Анасы болса ағасына қарсы шыға алмай үндемепті. Сейпіш:

– Қайтсем де Айнашқа үйленемін! – деп, үй-ішімен ұрысып кетіп қалыпты. Айнашқа бұл жағдай да ауыр сокқы болып тиді. Айнаш ауылдан мүгедек әкесін алып келді. Әкесі қызының тұрмыс құратынына қатты қуанып, күйеу жақтың қарсылығын біле тұра, Айнашқа демеу болды.

Наурыздың жиырма сегізінде екеуі некеге отырды. Отбасылық жатақханаға орналасты. Сейпіш қара жұмыс істеп, өз күндерін өздері көріп, бақытты жанұяға айналды. Бақыттарын көп көргендей, бір қырсық шалып, Сейпіштің денсаулығы сыр бере бастады. Жөтел пайда болып, күннен-күнге асқына берді.

Бүгін түнде Сейпіш қатты ауырды. Айнаш не істерін білмей, тын-тебенін жинап дәріханаға кетті. Ол естігіп келгенше, Сейпіш о дүниеге жүріп кеткен болатын. Айнаштың жүрегі қан жылады. Мен қанша жұбатсам да құлақ аспады. Жанын жегідей жеп, жылай берді, жылай берді...

Мен Айнаштын жанына қонып жүргеніме, міне, бүгін үшінші күн. Айнаш жылауын қойса да, терең ойға шомып отыратынды шығарды. Күн кешкіріп қалды. Мен кешкі ас дайындап, Айнашты шақырдым. Үстел үсті тым-тырыс. Үн жоқ. Кенет Айнаш шоктай көзімен жалт қарап:

– Шәкенай, Сейпіш өлсе де, артында тұяғы қалды. Енді осы балам үшін өмір сүремін! – деді. Менің қуанғаннан қолымдағы қасығым түсіп кетті. Бір жағынан құрсағындағы нәрестенін бар екеніне таңғалдым. Алла Тағала біреуін алса, біреуін береді деген осы екен ғой. Мен Айнашпен бірге тұратын боп шештім. Уақыт өткен сайын іші де үлкейе бастады. Сейпіштің анасына барып едік, еш нәтиже болмады. Ол аман-есен босанды. Өмірге шекесі торсықтай ұл келді. Есімін Айнаштың әкесі Қастер деп қойды.

Қастер тілі былдырлап, сөйлей бастады. Айнашты «мама» деп, мені «әпе» деп айтатын болды. Айнаштың әкесі аз да болса зейнетақысын беріп тұрды. Оның үстіне мен де «Қазақ әдсбисті» газетіне жұмысқа кірдім. Осылай үшеуіміз күн көрдік.

Бүгін қасиетті жұма күні. Айнаштың жүзі салынқы. Себсібі, бүгін Сейпіштің өмірден өткен күні. Жеті шелпек пісіріп, көрші балаға құран оқыттырдық. Кеш құрым Қастерді көрші үйге тастап, Айнаш екеуіміз сыртқа шықтық. Асықпай әңгіме айтып, жол жисіне қалай таяп қалғанымызды байқамай қалыппыз. Қарасам, қақ алдымнан үлкен жүк көлігі зулап келе жатыр екен. Тура сол сәтте көзім ештеңе көрмей, құлағым да естімсі бақырайып қалыппын. Тек, Айнаштың «Шәкенай» деген дауысын естіп, жол шетіне итеріп жібергені есімде. Сол бір минуттар қас қаққанша өтті де кетті. Басымды көтерсем Айнаш жол бойында домаланып жатыр екен... Көз алдымда жан құрбым мені құтқарамын деп өлім құшты. Мен есеңгіреп, көзімнің алдын тұман торлап кеткендей болды. Жас жанарға толам десе бір-ақ сәт екен. Айнаштың соңғы рет «Шәкенай» деп шынғырғаны құлағымнан кетпеді.

Қызының өлімін көтере алмай, Айнаштың әкесі де жарты жылдан кейін көз жұмды. Айлар аттап, жылдар жылжыды. Қастер он үшке келді. Аппалдай азамат болды. Айнашымның шырағын өшірмейін деп Қастерді туған баламдай тәрбиеледім. Ендігі көз-қуанышым, Айнашымнан қалған көз Қастер болды.

Мен тұмау тиіп, төсек тартып жатып қалдым. Қастер ауылға кеткен болатын. Кеш бата оралды. Үйге кіре сала төсекте жатқан мені көріп жүгіріп келді. Қызуымды көріп, сулы орамал әкеліп бәйек болды. Көзіме аянышты жүзбен қарап қалыпты. Бұрын мен көрмеген көзқарас. Бір кезде жаныма жақындап:

– Мама, ауырманызшы! – деді. Әлгі «мама» деген сөзді естіп жүрегім елжіреп, жанарым жасқа толды. Бұрын «Шәкенай тәте» болып жүріп, бүгін «мама» атанғаныма балаша қуандым. Ауруымды ұмытып, Қастерімнің маңдайынан иіскеп ұзақ жаттым. Аяқ астынан ойыма Айнаш оралып, бұрынғылар еріксіз еске түсті. Тандайыма бір ыстық дәм келді. Кезіндегі бір үзім нанның дәмі екені анық.

Маржан Әбішова

*ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 1-курс студенті*

Қайта оралу

By Chris Rose «*The Comeback*»

(Ағылшын жазушысы Криз Роустын әңгімесі)

Фаусто Руиз ксмеден түсіп көше бойымен қалаға қарай аяңдап келеді. Ол бұл өлкеде елу жыл бұрын дүниеге келіп, соңғы жиырма жыл шамасында оралмаған. Ол теңіз жағалауымен жүріп келеді және өзінің туылған жерінің мұншалықты өзгеріп кеткеніне таңырқап, сенс елар емес. Көптеген зәулім тұрғын үйлер қаланы қоршап тұр. Оның есінде қалғаны – теңіз жағасындағы ескі тұрғын үйлер мен дүкендер. Ол әрі қарай теңіз жағалауымен қаланың орталығына қарай бет алды. Шынымен де барлығының өзгергеніне таңырқай келе жатып өзінің жас кезіндегі жиі баратын кішкентай кафеңі көреді. Тек өзгермеген осы кафе ғана болатын. Фаусто кафеге кіріп, барға қарама-қарсы орындыққа жайғаса бастайды. Сол жердегі даяршыны, басқа да жұмысшыларды танып қояды. Олар Фаустоға оғаш көздерімен қарағанда, Фаусто өзін жайсыз сезінеді. Әйтсе де ол орындыққа жайғасқан соң даяршының келгенін күтеді. Тіпті, даяршыны 10-20 минут бойы күтеді. Ал даяршы Фаустоны еш көзге елемей, жұмысын жалғастыра береді. Фаусто ашуланған күйі қолын бұлғап дауыстап даяршыны шақырады, бірақ еш өзгеріс болмайды. Даяршы болса әрі қарай жұмысын жалғастырып кете береді. Ашуланған Фаусто орнынан тұрып кафеден шығып кетеді, артынан есік ақырын жабылып қала береді. Ол көше бойымен ұзақ уақыт серуендеп келе жатқанда сол жерде орналасқан театрды көріп неліктен қайтып оралғысы келмегендігі есіне түседі. Театр Фаустоны үрейлендіріп, жиырма жыл бұрын болған оқиғаны есіне түсіртеді.

Жиырма жыл бұрын Фаусто әлемдегі атакты әншлердің бірі болған. Ол Лондонда, Москвада, Нью-Йорк, Буэнос-Айрес, Сидней, Токио қалаларындағы опера үйлерінде ән шырқап, әлемнің түкпір-түкпірін аралаған. Оның ән кеші үшін халық қомақты ақша төлеп билеттер алған. Фаусто ән шырқағанда халық шапалақ соғып, ұзақ уақыт бойы қошемет көрсетіп тұратын. Бір күні ол атак-даңқы бар болған кезінде қала шетінде орналасқан театрға ән кешін ұйымдастырады. Аз ғана уақыт ішінде билеттер түгелдей өтіп кетеді. Кеш құрым ән кешіне мындаған адамдар жиналады. Олар есімі аңызға айналған Фаустоны көруге келеді. Барлығы тынышталғанда, Фаусто сахнаға шығып ән шырқауды бастады. Әнді аяқтады, бірақ әлі сол тыныштық. Фаусто халықтан қошемет күтті. Бірақ ешкім қол соқпады. Ол келесі әнін жалғастырды, бұл әні де шырқалып, аяқталды. Тағы сөз тыныштық сақталып тұра берді. Кенеттен ысқырық пен айқай шу басталды. Фаусто бұл нуды басу үшін келесі әнді жалғастыра бергенде барша халық әйгілі Фаустоға қызанақ пен апельсин, яғни, жеміс-жидектер мен ескі аяқ киімдер лақтыруларын тоқтатпады. Фаусто театрдан ашуланып шығып кетгі де, сол түні өзінің туылған жерін тастап, енді қайтып оралмайтынына өзіне уәде етіп кетіп қалды. Бірақ жиырма жыл өткеннен кейін Фаусто өзінің ойын өзгертіп, өзі туылған өлкесіне қайта оралады. Ол театр бойын жағалай серуендеп келе жатып билет сатып тұрған ер адамды көреді. Ол жиырма жыл бұрын билет сатушы болған. Фаусто оған жақындап барып «Сәлеметсіз бе» деп амандасады. Бірақ ол адам оған ешқандай тіл қатпады. Фаусто театрдың ішіне кіріп, сахнаға көтерілгенде жиырма жыл бұрын болған оқиғаны есіне түсіріп, жабырқап, мұңайып кетеді. Театрдан шығып өзінің елу жыл бұрын дүниеге келген үйіне қарай беттейді. Фаусто әуелі өзінің үйіне жақын жерде орналасқан бала кезінде ойнайтын баққа барып, құрдастарын және мектеп кезіндегі достарын көреді де, жақынырақ барып «Сәлеметсіз бе» деп амандасады. Тағы да ешқайсысы оны көзге елемейді де, жауап қайтармайды. Сол манайдағы дүкендерге кіреді, ол жерде еш нәрсе өзгермеген, адамдары да сол қалпы. Фаусто оларға амандасады, бірақ ешкім оны көзге ілмей, жұмыстарын жалғастыра береді.

Фаусто қатты ашуланып, қоше бойымен келе жатып барлығына айқайлайды:

– Мен әйгілі Фаусто Руизбін! Мен атакты әншімін! Бәрің де естіп тұрсыңдар ма? – дейді. Бірақ ешкім тағы да тіл қатпайды. Ол әрі қарай жалғастырады: «Неге мені білмейсіңдер? Неге мені

танымайсындар?» - дейді. Тағы да тыныштық, үн жоқ. Сөйтіп жүріп өзінің үйінің ауласынан бір ескерткішті көреді. Ол өзінің, яғни, Фаустоның ескерткіші. «Маған ескерткіш орнатыпты, мені де ұмытпайтын жандар бар екен бұнда» деп ескерткішке жақындап барып астындағы жазуды оқиды, ол жерде «Фаусто Руиз әнші деп жазылған. Фаусто ол жазумен келіспей, «әнші емес, әлемдегі әйгілі әнші» деп жазу қажет еді» дейді де, астындағы жазуды мұқият оқиды. Ол жазуда Фаустоның дүниеге келген күні мен каза тапқан күні жазылған екен.

Аударған: Назерке Бижанова
ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 4-курс студенті

Махаббат әлде ақша

By Rowena Akinyemi «Love or money»

(Ағылшын жазушысы Роузна Акинемидің әңгімесі)

Клароксон әулеті Кэмбридж мемлекетіне жақын жердегі өзенге жақын ауылда тұрады. Олардың ескі үлкен үйі мен әдемі бақшасы бар. Бақша көптеген жайқалған гүлдер мен ағаштарға толы.

Шілде айының сәрсенбісі күні таңертеңгісін Джэки бақшаға барады. Оның бойы ұзын, дене бітімі толықша, жасы отызға келген. Бұл жаз айының ең ыстық күндерінің бірі болатын, бірақ соған карамастан Джэки қалың қоңыр юбка мен сары жейде киіп алған. Ол су ішкісі келіп асханаға барады. Сол кезде телефон шырылдайды.

- Кэмбридж 1379, - деп Джэки жауап береді.
- Сәлем. Бұл - Диана. Мен мамамен сөйлескім келіп тұр.
- Мамам үйде жоқ - деді Джэки. - Ол дәрігерге кеткен.
- Неге? Не болып қалды?
- Ештеңе болған жоқ - деді Джэки. - Сен неге телефон шалып жатырсың? Сен осы демалыс күндері келемісің? Мама барлығымыздың осында болғанымызды қалап жатыр.
- Иә, менің де барғым келеді, - деп Диана жауап береді. - Менің телефон шалып жатқан себебім, поездға билет алуға ақшам жоқ.
- Ақша жоқ! Мамам саған үнемі ақша береді!
- Осы телефон шалудың құны да өте қымбат тұрады, - деп Диана суық жауап береді. -

Мама келген соң оған айта салшы өтініш, маған ақша керек.

Джэки телефон тұтқасын қояды. Ол сөмкесінен темекіні алып тарта бастады. Өте ашулы болды, себебі оның сіңілісі үнемі ақша сұрайды. Диананың жасы жиырмада, отбасының ән кішісі. Ол Лондондағы үлкен үйдің бір бөлмесінде тұрады. Әнші болғанды қалайды. Өзі өте ғажап ән салады, бірақ ешқашан жұмыс істегісі келмейді.

Джэки асханаға қайта барады да сэндвич даярлайды. Сол кезде артқы есік ашылып, оның мамасы үйге кіреді.

- Өте ыстық! - деді Молли. Ол шляпасын шешіп үстел үстіне қояды. Ол бойы ұзын, қара торы келген, әдемі көзді әйел болатын.

Үлкен екі иті де ас бөлмесіне кіріп, Моллидың қасына жүгіріп барады. Ол жайғасып, қолдарын иттердің бастарына қояды.

Джэки сэндвичті үстел үстіне қойып, - Мама, - деді, - Диана телефон шалды. Ол поездға билет алуға ақша сұрап жатыр.

Джэки бір сәт көзін жұмады да, сәлден соң орнынан тұрады. – Бүгін үйді ретке келтіріп қойғаныңды қалаймын. Оо, ауылға барып менің дәрілерімді әкеліп берші, өтініш, – дейді Молли.

– Иә, мама, – деп Джэки жауап береді. Молли есікке қарай беттеді.

– Күте тұршы, – деп тоқтатты ол анасын. – Питер Хоббстан танерген үйге келген. Ол откендегі жағдай үшін саған өте ашулы. Жұмысынан айырылды, оны білесің. Неге сен оның офисін жазасың? Сенімен осы жайында сөйлескісі келген екен.

– Жарайды, бірақ мен ол адаммен сөйлескім келмейді, – деді де тағы да есікке қарай беттеді.

Джэки оны тағы тоқтатты да:

– Бірақ, мама, сен түсінбедің. Оның жасы небәрі он жетіде, және бұл оның алғашқы жұмысы болатын. Ол өте қатты ашулы. Ол сені өлтірсемін деді.

Молли жауап қайтармады. Ол бөлмеден шығып жүре берді.

Сенбі күні сағат таңғы жеті болатын. Джэки терезенің қасында тұрған. Машина ақырындап есікке қарай көтерілді де тоқтады. Ұзын бойлы, шашы ағарған ер кісі машинадан түсті. Бұл – Альберд, Моллидің әпкесінің күйеуі.

– Альберд көке осында, – деді Джэки. – Үнемі кешігеді. Ол бөлмеден шығып есікті ашуға ұмтылды.

Альберд ішке кіре салысымен бірден Моллиға барды.

– Оо, қымбаттым. Мен кешігіп қалдым. Мені кешірші, – деп отыра кетті. – Бүгін 50 жас! Қандай ғажап көйлек!

Молли күлімсіремеді.

– Рахмет, Альберд. Біз барлығымыз қартайып бара жатырмыз.

Бұл кеште ол ұзын кара көйлек киді, екі кара иті оның аяқ жағында отыр.

– Барлықтарың қазір осындасындар. Кешкі ас ішуге жүріндер, – деп үстелге қарай беттеді. Барлығы орындарынан тұрып, үстел басына барады.

– Үстел өте әдемі болыпты, Джэки. Неткен ғажап гүлдер! – деді Диана. Ол – ұзын кара шашты, қою көк көзді, әдеміше келген қыз. Ұзын қызыл көйлек киген.

Альберд Роджерден кейін отыр. Роджи – Моллидің ұлы. Моллидің екінші перзенті. Ол Кэмбридже қымбат үйде тұрады.

– Әлдебіреу Питерге телефон шалыпты, ол кошенің аяқ жағында мені тоқтатты, – деді Альберд Моллиге қарап. – Ол кім? Ол саған өте ашулы, Молли.

– Ол – Питер Хоббс, келесі көшеде тұрады, – деді де Джэки Моллиге қарады. – Ол өткен аптада жұмысынан айырылды, сол себепті барлығымызға өте ашулы.

– Оның ұнатпайтыны Молли, – деді Альберд.

Молли жауап қаптады. Барлығы тамақ жеуді бастады.

– Анни әпке қалай? – деді Джэки.

– Оның халі өте нашар, – деді Альберд. – Ол төсек тартып қалған. 24 сағат бойы мейірбикенің карауында жатыр.

– Мені кешір, деді Молли төмен қарап. Альберд тамақ жеуін тоқтатып Моллиға қарады.

– Сен білесің, бұл өте қиын да қымбат. Анни өзін бақытсыз сезінеді, себебі сен оның қал жағдайын сұрап бармайсың. Ол сені қатты жақсы көреді. Сен оның кіші сіндісі екеніңді білесің.

Молли бір сәт көзін жұмды.

– Мен мұны білемін, Альберд. Менің жасым елуде, бірақ үнемі мен оның кіші сіндісімін. Жарайды, бұл жайында сосын сөйлесерміз. Альберд күлді.

– Оуу, әрине, біз сосын сөйлесеміз. Сен үшін үнемі «сосын сөйлесеміз», Молли. Үнемі ертең. Ешқашан бүгін емес...

Джэки мамасына қарады. Мамасы Альбердке өте ашулы болып отырды. Молли ешқашан әпкесі Анни туралы сөз қозғағысы келмейді және оның жағдайын сұрауға да барғысы келмейді.

– Мынау әдәмі көйлек екен Диана. Бұл жаңа ма? – деді Джэки әнгімені басқа жаққа бұрып.

– Рахмет, Джэки. Иә, бұл жана әрі өте қымбат. Мен бұны сәрсенбі күні сатып алдым, - деп Джэкиға қарап жымиды.

– Сенің барлық затың қымбат, - деп тіл қатты Джэки қайтадан. Ол сәрсенбі күнгі телефондағы поезд билеті туралы айтқанын есіне түсіргісі келді.

– Мен арзан заттарды ұнатпаймын, - деді Диана. Сонымен қатар маған көп ақша керек. Менің Америкаға барғым келеді. Сен маған көмектесесің бе, Роджер?

– Ооо, жоқ, - деді Роджер бірден, - Ешкім саған көмек бергісі келмейді Диана. Сен жұмыс істегенді қаламайсың, біз барлығымыз бұл туралы білеміз, бірақ барлығымыз сенің жұмыс істегенінді қалаймыз.

Диана күлді.

– Олай ешқашан болмайды, Роджер. Маған сенің көмегіңнің қажеті де жоқ. Маған әрқашан мама көмектеседі. Мама мені қатты жақсы көреді. Ол кенеттен ақырын, әдемі жымығанмен, оның көздері суық болып корінді. Джэки мамасына қарады. Моллидің түрі бозарып кеткен. Джэки түсінбеді. «Неге мама Дианадан қорқады?». Джэки мамасының бұл кеште бақытты болғанын қалады.

– Альберд көке, ет жегің келе ме? - деді Джэки. - Әрқайсысымызға ішімдік алып келе аласың ба, Роджер? Роджер орнынан тұрып әрқайсысына шарап алып келеді.

– Бұл өте жақсы шарап. Молли сәл жымиып:

– Иә, сенің әкен осы шарапты жақсы көретін. Ол үнемі осыны ішетін, - деді де Альберд Моллиға қарады. - Әрі бұл вино өте қымбат.

– Осы демалыста Мистер Бриггсен кездесесің бе Роджер? - деді Джэки. Ол фирмадағы жаңа адам. Ол сенімен кездескісі кеп жүр.

– Бриггс? Бриггс? - деді Молли кенеттен ашуланып. - Маған ол адам туралы айтпандар. Мен оны ұнатпаймын. Ол өзінің фирмасына менің бакшамның жарты бөлігін алғысы келіп жүр. Ол көп жерді тартып алғысы келеді. Мен оның үйіме келгенін қаламаймын. Ол үнемі лас болып жүреді, әрі тістері де өте жаман.

Джэки орнынан тұрады да сөмкесін алады.

– Ғафу өтінемін, мен темекі шегіп келейін.

– Темекі! Сенің аузыңнан үнсімі темекі түспейді, - деді Молли. - Маған темекі ұнамайды. Темекі сен үшін де жақсы емес.

Джэки темекі тартуды бастап кетті. Ол ашулы болды, бірақ ештеңе айтпады. Бұл кеште мамасының бақытты болғанын қалады, бірақ бұл оңайға соқпады.

Роджер кішкене шарап ішеді.

– Жарайды, мама, мүмкін Мистер Бриггстікі дұрыс шығар. Бақша өте үлкен, сен білесің, - деп сөзін бастады ол. Саған ол жерде жұмыс көп. Үй де үлкен. Сенің жасың қазір елуге келді. Саған енді абайлап жүру керек.

– Роджер! Маған мейірбикенің қажеті жоқ, сен оны жақсы білесің. Мен күнде бақшада жұмыс жасаймын, мен ол жерде өзімді бақытты сезінемін, - деп Молли орнынан тұрды да, бәріне қарап: - Сендердің барлықтарыңның менің ақшамды қалап отырғандарыңды білемін. Сен де мұнда тегін кешкі ас үшін келгенсің, мені көргің келгеннен емес. Сен мені жақсы көрмейсің. Сен менің үйімді және ақшамды қалап отырсың. Жарайды, сендер барлықтарың күте аласыңдар. Мен өлмейінше ешкім менен ешқандай ақшаны ала алмайды.

– Олай айтпа, мама! - деді Джэки жылап тұрып. Молли есікке қарай жүріп кетеді.

– Мен ауырып тұрмын. Мен жоғарыға төсегіме барамын.

Молли бөлмеден шығып кетеді. Ешкім орнынан қозғалмады.

– Бір күні мен бұл әйелді өлтіремін, - деді Диана ақырын ғана.

Роджер Дианаға қарайды бірақ ештеңе демейді. Альберд басын жаймен жоғары - төмен қозғалтады.

«Ауырып! Ол ашулы, «бар болғаны» осы деп айтады. Молли үнемі ақша үшін ашуланады. Неге ол өз әпкесіне жақын бола алмайды? Аннидің өлетін күні жақындап қалды. Молли мұны біледі». Джэки темекісін тартып болады да орнынан тұрып:

– Кімнің кофе ішкісі келеді? Асханаға барайық, сол жақта ішеміз, – деді.

Келесі күні таңертеңгісін үй іші жым-жырт болды. Кенеттен Роджердің бөлмесінен кейінгі бөлмеден жылаған дауыс естілді, ол мамасының бөлмесі болатын. Роджер көзін ашып сағатқа қарайды. Сағат таңғы 7 екен. Ол төсектен тұрып есікті жайлап ашады. Сол уақытта мамасы жатқан бөлменің есігі ашылады да бөлмеден Диана шығып келе жатқанын көреді. Онын беті бозарып кеткен.

– Роджер! Бұл мама! Мен оған кофе алып барғанмын бірақ оны өлі күйінде көрдім. Ол өліп қалған... төсегінде жатып өліп қалған, – деп ол қатты жылады.

Роджер мамасы жатқан бөлмеге тез барады. Терезе ашық тұр, бірақ бөлменің іші жылы болып тұр. Молли төсекте, бір қолы басының астында жатыр. Өте суық. Төсектен кейінгі кішкене үстел үстінде бір стақан кофе мен бос стақан тұр.

– Мен дәрігерге телефон шалуға кеттім, – деді Диана.

– Ол өліп қалды, – деді Роджер ақырын дауыстап. Онын да түрі бозарып кеткен еді. «Мама өліп қалды!»

Диана есікке қарай барып:

– Мен дәрігерге телефон шаламын, – деді қайтадан.

– Кішкене күтс тұр!, – деді Роджер Дианаға қарап. – Бірінші отбасымызға айтайық.

– Отбасы? Ешкім де маманы жақсы көрмейді! Диана бөлмеден шығып кетеді де, төмен қарай жүгіріп түседі.

Роджер Дианадан кейін ақырын төменге түсіп, телефон қасында ұзақ тұрады.

– Дәрігер Прат, бұл – Диана Кларксон. Менің мамам өліп қалды. Сіз жылдам келе аласыз ба? Диана телефон тұтқасын қояды.

– Бұл жалған, Роджер! Мама өлді! Әкеміз өткен қыста өлді, ал қазір анамыз... – деп Диана жылай бастады.

– Жылама, Диана, – деді Роджер Диананы жұбатпақ болып. – Жүр, жоғарыға көтерілейік, Альберд көке мен Джэкиге айтайық.

– Жоқ! Оларға сен айтасың! Ешкім маманы жақсы көрмейді.

– Саған аянышты емес пе?

– Өзіне қара! Сен оның ақшасын қалаған сдің ғой. Бар болғаны осы.

Кенеттен Роджер Диананы ұрып жібергісі келді.

– Тыныш! – деді ол. – Ал сен ше? Сен де маманы жақсы көрмегенсің. Сен де оның ақшасын қалайсың. Бұл туралы ұмытпа!

– Бұл рас, – деді Диана. – Уф, мен мына үйде отыра алмаймын. Мен сыртқа кеттім. Мен иттерді алып өзен жағасын жүріп келемін.

– Жоқ! – деді Роджер айқайлап. Дәрігер үйге келгенде сенің осында болғаныңды қалаймын.

Диана ештеңе демеді. Ол ас бөлмеге барғанда, иттердің бірі орнынан тұрып Диананың қасына келеді.

– Әдемі ит! Әкешім де, анашым да сендерді жақсы көрген. Қазірден бастап мен де сендерді жақсы көремін. Ол артқы есікті ашып итпен бірге шығып кетеді.

(жалғасы бар)

Аударған: Айша Ердебекова
ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 4-курс студенті

Операдағы елес

By Rowena Akinyemi «The Phantom of the Opera House»

(Ағылшын жазушысы Роуэна Акинемидің әңгімесі)

– Тыныш! Тыныш! Есікті жап! Бұл ол! – деп Анна киім ауыстыратын бөлмеге жүгіріп кірді, түрі бозарып кеткен. Қыздардың біреуі жүгіріп есікті жапты, ал қалған қыздар Аннаға қарап қалды.

– Кім? Қайда? Не болды? – деп олар айкайлап жіберді.

– Ол елес, - деді Анна. - Мен оны дәлізден көрдім. Қабырға арқылы қарсы алдымнан шықты! Және... және мен оның түрін көрдім!

Қыздардың барлығы қорқып кетті, бірақ олардың ішінен бір ұзын бойлы, қара шашты қыз күліп жіберді.

– Мһм... – деді ол. – Барлығы операдағы елесті көргендерін айтын жүр, алайда ол жалған, ешқандай да елес жоқ. Сен бар болғаны дуалға тускен көлеңкені көргенсің, - деді ол. Бірақ ол есікті ашпады, дәлізге шығып қарамады да.

– Көп адамдар елесті көргендерін айтып жүр, – деді екінші бір қыз. – Оны екі күн бұрын Йозеф Букет көрген. Ұмытын қалдыңдар ма?

Кейін қыздар өзара әңгіме айта бастады.

– Йозеф елестің бойы ұзын, қара күртешесі бар екенін айтқан.

– Оның келбеті сары және мұрны жоқ...

–...Және көздері жоқ, тек қана қара үңірейген тесік.

– Ол туралы айтпаңдар! Ол өзі жайлы сөз қозғағанды ұнатпайды. Анам солай айтқан, – деп кенеттен кішкентай Мег сөйледі.

– Сенің анаң ба? - деді шашы ұзын қыз, – Сенің анаң елес жайында не білуші еді?

– Ол Йозеф Букет – ақымақ. Елес өзі жайында сөз қозғағанды ұнатпайды, және Йозеф Букет ол жайында айтқан сөздері үшін өкінетін болады – деді

– Сенің анаң не біледі? Айтып берші! Айтып берші! - деп басқа қыздар шулап кетті.

– Жарайды, – деді Мег. Тек өтінішім айтқан сөздерімді ешкімге айтпаңдаршы, - деді. –

Сендер білесіңдер менің анам осы опера үйінде қызметші жұмысын атқарады. Осы опера үйіндегі балкондардың бірі, бесінші балкон – елестің ж еке меншігі! Сол балконда отырып ол опера көреді және кейде анама гүл қалдырып кетеді.

– Елестің балконы бар! Және гүл қалдырып кетеді!

– Ооо, Мег, сенің анаң саған ертегі айтып жүрген сияқты. Елестің қалай жеке балконы болуы мүмкін?

– Бұл рас! Бұл рас! Мен сендерге айтып тұрмын ғой, – деді Мег. – Ешкім бесінші балконға билет сатып алмайды, бірақ елес әр опера болатын түні ол жерге барады.

Қыздар Мегке қарап қалды. «Бірақ сенің анаң оны қайдан біледі?» - деп қыздардың біреуі сұрады.

– Оның беті сары, мұрны жоқ, ер адам емес. Мұның барлығы жалған. Менің анам елесті көрмеген, бірақ оны естиді. Ол онымен сөйлеседі, бірақ көрмейді. Сонымен қатар елес адамдардың өзі жайында айтқанын ұнатпайды!

Бірақ сол түні қыздар елес жайында айтуларын тоқтатпады. Олар операға дейін де операдан кейін де, опера уақытында да айтуларын тоқтатпады. Олар елес жайында айтқан кезде жан-жақтарына ақырын қарайлап отырды.

Опера аяқталғаннан кейін қыздар киім ауыстыратын бөлмеге қайта оралды. Кенеттен, олар дәлізден біреуді естіді, және Гири ханым, Мегтің анасы бөлмеге жүгіріп кірді. Ол толық әрі қызғылт, бақытты да келбетті әйел болатын. Бірақ сол түні оның түрі бозарып кетті.

– Қыздар! – деп айкайлап жіберді ол. –Йозеф Букет өлді. Ол төртінші қабатта жұмыс істейтін еді, сол қабатта оның жіпке асылып тұрғанын қызметкерлер тауып алыпты.

– Оны өлтірген елес, – деді Мег.

Опера үйінде өте атакты және баскарушылары маңызды адамдар болған. Монсюэ Арман және Монсюэ Фирмин Ричардтардың баскарушылық қызметтерінің бірінші аптасы болатын. Басқарма бөлмесінде ол екеуі Йозеф Букет жайында сөз қозғады.

– Ол кездейсоқ болған жағдай, – деп Монсюэ Арман ашумен айтты. – Немесе Букет өз өзіне қол жұмсады.

– Кездейсоқ? Өзіне-өзі қол жұмсады? – деді Монсюэ Фирмин.

– Сен елес жайындағы әңгімеге сенесің бе? – деді.

Сол кезде Монсюэ Арман: – Маған сол елес жайында айтыңшы, – деді. – Біздің қол астымызда 1500 адам жұмыс істейді және оның әрқайсысы сол елес жайында айтып жүр. Олар есінен алжасқан. Мен ол елес жайында естігім келмейді, жарай ма?

Монсюэ Фирмин үстел үстіндегі хатқа қарап:

– Біз енді бұл хатты қайтеміз, Арман? – деді.

– Қайтеміз? – деп айқайлап жіберді Монсюэ Арман. – Әрине, ешнәрсе! Не істей аламыз? – деді.

Ол екеуі хатты тағы қайталап оқып шықты. Ол ұзақ емес еді.

Жаңа баскарушыларға:

«Сендер опера үйіне жаңадан келгенсіңдер, мен сендерге бірнеше маңызды жағдайлар жайында айтайын деп жазып отырмын. Бесінші балконға ешқашан билет сатушы болмаңдар, ол әр опера кешінде тек маған арналған жер. Гири ханым бұл жайында біледі. Сондай-ақ маған опера үйінде жұмыс жасағаным үшін ақша төлейсіңдер. Көп сұрамаймын, бар болғаны айына 20000 франк бересіңдер, бар болғаны осы. Естеріңде сақтаңдар, мен жақсы дос, жаман дұшпан бола аламын. О.С.»

– Бесінші балконға билет сатпандар, айына 20000 франк? – деп Арман қатты ашуланды.

– Опера үйіндегі ең үздік балкон – бесінші балкон, Фирмин – деді. – Онымен қоймай «О.С.» деген кім өзі? Маған соны айтшы, – деді.

– Операдағы елес, әрине – деді Фирмин. – Бірақ сен дұрыс айтасың, Арман. Біз бұл хатқа ешнәрсе жасамасақ та болады. Бұл әзіл, өте жаман әзіл. Біз мұнда жаңадан келгеннен бізді кейбіреулері естерінен алжасқан деп ойлайды. Бұл жерде ешқандай да елес жоқ.

Олар сол түні опера жайында әңгіме айтты. Сол кеште өтегін қойылымда әдетте Ла Корлотта Маргарита ән айту керек болатын. Ол Испандық әрі Париждегі ең үздік әнші болатын. Алайда сол кеште Ла Корлотта ауырып қалған екен. – Адамдардың барлығы опера коруге жиналыи жатыр, ал біздің әншіміз ауырып қалды, бүгінгі кеште ол ән сала алмайтын болды!

– Ашулана бермеші, Арман, – деді Фирмин. – Норвегиялық Кристина Даа деген жас әншіміз бар ғой. Бүгінгі түнде ол Маргаританың әнін айтады. Оның дауысы жақсы.

– Бірақ ол тым жас әнші, ешкім оны танымайды. Ешкімнің жана әншіні тыңдағысы келмейді. Көрсейік және күтейік. Мүмкін Даа Ла Корлоттадан да жақсы айтып шығатын шығар. Кім біледі?

Оның айтқаны рас болып шықты. Париж халқы қойылымдағы жаңа Маргарита жайында, әдемі дауысты, неріштедей дауысы бар қыз жайында айтып жүрді. Кристина өте ғажап, әлемнің үздік әншісі болды!

Сахна артында Мег Аннаға қарап тұрып:

– Кристина бұрын сонды бұлай ән салған емес. Неге бұл кеште ол өте әдемі орындап шықты? – деді.

– Мүмкін ән үйрететін жаңа ұстаз тапқан шығар, – деді Анна. Адамдар ұзақ уақыт қошемет көрсетті. Он төртінші балконда отырған Филиппи Комте де Чагни жас інісіне қарап жымыды.

– Иә, Рауоль, сен бүгінгі кеште Кристина жайында ойың қандай? – деп сұрады.

Рауоль Викомте де Чагни жиырма бір жаста болатын. Ол көгілдір көзді, қара шашты, ғажап күлкісі бар жігіт. Чагни әулеті бай болған. Парижде көптеген қыздар Рауольге ғашық болған, алайда ол бойжеткендерге көңіл бөлмеген.

Ол ағасына жымиып қарап:

– Не айта аламын? Кристина періште, бүгін мен оған бармақшымын, – деді.

Филиппи күлді. Ол Рауольден жиырма жас үлкен болатын, әрі ағасынан гөрі әкесіндей көрінетін.

– Мhm, түсінікті - деді ол. - Сен ғашықсың, бірақ бұл қалай болғаны, сен Парижге бірінші рет келдің және бұл сенің алғаш операға келген кезің ғой. Сен Кристинаны қайдан танысың?

– Сенің есіңде ме, менің демалыс кезінде Британияға барған уақытым, – деді Рауоль. – Сол кезде мен Кристинаны жолықтырдым. Мен оған сол кезде ғашық болғанмын, әлі де ғашықпын.

Комте де Чагни інісіне қарайды. – Мhm, көріп тұрмын, – деп ақырын айтты. – Жарайды, Рауоль, оның бар болғаны опера әншісі екенін ұмытпа. Біз оның отбасы жайында ешнәрсе білмейміз ғой.

Бірақ Рауоль тыңдамады. Ол үшін жақсы отбасы маңызды болмады, жас жігіттер ешқашан үлкен ағаларын тыңдамайды екен.

Кристинаның бөлмесінде сол кеште адам көп болды. Кристинаның жанында дәрігер болды, оның әдемі келбеті бозарып, ауырып тұрғандай болып көрінді. Рауоль жанына барып Кристинаның қолынан ұстап:

– Кристина! Саған не болды? Ауырып қалдың ба? – деп Кристинаның орындығының жанына отыра кетті. – Мені танымадың ба? Рауоль де Чагни, Британи қаласында?

Кристина оған қарады, оның көзінен үрейді көрді. Ол қолын тартып алып:

– Жоқ, мен сізді танымаймын. Сізден өтініш, бұл жерден кетіңіз. Мен өзімді жайсыз сезініп тұрмын, – деді.

Рауоль қызарып кетті. Ол енді сөйлемек болған кезде дәрігер алдыны орап:

– Иә, иә, шығыңыз бұл жерден. Барлығыңыз да бөлмені босатыңыздар. Кристинаға тыныштық керек. Ол өте қатты шаршады, – деді.

Рауоль есікке қарай жылжыды, соңынан адамдар да шығып бөлмені босатты. Кристина бөлмесінде жалғыз қалды.

Дәлізде тұрған жас Викомте ашулы әрі бақытсыз болды. Кристина қалайша оны ұмытып кетті? Ол бірнеше минут күтіп тұрды да, кері бұрылып Кристинаның бөлмесінің алдына келді. Бірақ ол есікті ашып ішке кірмеді, себебі бөлме ішінен бір ер адамның дауысын естіді.

«Кристина, сен мені жақсы көруге міндеттісің!»-деген дауысты естіді. Содан соң Рауоль Кристинаның: «Сен қалайша бұлай айтасың? Мен тек сен деп ән салған кезде...? Бүгін түнде мен саған барлығын беремін, барлығын. Ал қазір мен шаршап тұрмын» деген сөздерін естіді. Оның дауысы үрейлі әрі бақытсыз болып шықты. Қайтадан «Сен періштедей ән салдың» деген ер адамның дауысы шықты.

Рауоль жауабын алды да кетіп қалды. Кристинаның ғашығы болған. Бірақ оның дауысы неге бақытсыз болып тұрды? Ол қараңғыда сүйіктісін тартып алған дұшпанын күтіп тұрды.

Он минут өткен соң, Кристина бөлмесінен шығып, төменге түсіп кетеді.

Рауоль күтеді, алайда Кристинаның артынан ешқандай ер адам шықпайды. Рауоль ақырын бөлменің есігін ашып, ішке кіреді.

Өз артынан есікті жауып, – Қайдасың? Сен осындасың, білемін! Шық бері! – деп айқайлады. Бірақ ешқандай жауап қайтпады. Рауоль барлық жерді қарап іздейді, бірақ ешкімді таппайды.

Ол сейсенбінің түні болған. Сәрсенбі күні танерте Монсюэ Арман мен Фирмин өздерін бақытты сезініп жүрді. Париж халқы жана Маргарита әнін жақсы қабылдады. Келесі қойылым жұма күні болады. Бұл қойылымда да Маргарита әнін Ла Корлотта орындауы керек.

Олардың қуанышы ұзаққа созылмады. Сол күні түскі уақытта олар өздерін бақытты сезінбеді. Себебі операдағы елестен тағы да хат келген еді.

«Сендер неге мені тыңдамайсыңдар? Мен ашулана бастадым. Бесінші балконды мен үшін босатып қойыңдар. Және менің 20000 франкім қайда? Жұма күні Маргарита әнін

Кристина айтуы тиіс. Ол Париждегі ең үздік әнші. Ла Корлотта ән айта алмайды, оның дауысы құрбақа дауысы тәрізді жаман.

Естеріңде сақтаңдар, мен жаман дұшпанмын! О.С.»

(жалғасы бар)

Аударған: Индира Қожаназарова

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

Артық қылам деп тыртық қылма (Жыланға аяқ салу)

(Қытайдың халық мысалы)

Күндердің бір күнінде сауықшыл, сайраншыл жігіттер шарап ішпек болып, сыраhanaға барады. Барса, бір шыны ғана шарап бар екен. Бұл жігіттердің қарасы он шақты еді. Онға жуық кісіге бір бөтелке шарап. Әрине, бұл аздық етеді. Бұл шарапты кімге беру керек деп жігіттер өзара дауласып жатқанда, араларындағы бір жас жігіт «Біз барлығымыз жыланның суретін салайық, кім бірінші бітсе, шарап соныкі болсын» – деп ұсыныс жасады. Өзгелер де қолдады. Сонымен қызу жұмыс басталып та кетті. Мәредегі жүлде – бір бөтелке арақ. Олар жапатармағай жыланның суретін сала бастады. Жас жігіт жастық жалынмен жылдам салып бітірді де, маңайына бір қарап, мұрнын көкке көтерді. Бәрінін енді ғана бастап жатқанын байқап, «бәрібір мен жеңемін, олар аяқтағанша жыланға аяқ салайын» деп әрі қарай кірісіп кетті. Бір уақытта бір кісі: «Мен суретті тәмамдадым. Жүлде менікі», – деді. Жанағы жас жігіт ызаланып, «жүлде менікі», – дейді. – “Мен сенен бірінші болдым, әуелі жыланға аяқ салдым, әрледім” дегені сол еді, маңайындағы жігіттер:

– Мына кісі алыс, ол дұрыс салды. Біз бәріміз жыланда аяқболмайтынын білеміз, – деді. Сонымен асығыстықпен, артықшылық жасалынып салынған сурет қате болып, екінші адам жүлдені алады.

Осыдан кейін қытай халқында бір кісі артық іс жасап қойса «Жыланға аяқ салу» деп айтады екен.

Аударған: Фариза Айтлеуова

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті



Бүгінгі амал-әрекеттеріміз қайда апарар екен?

Бір ғана ғұмыр кешуге келген жұмыр басты пенде кеудесіндегі жұдырықтай жалғыз жүрегін отқа да, суға да салуға құмар-ақ. Қуансақ та, қайғырсақ та, ашуланып, һәм қорықсақ та барлық салмақты жүрекке әкеп саламыз. Мұның бәрі сезім арқылы байқауға болатын факторлар. Бұдан бөлсек көзбен көріп, қолмен ұстап тұрып жасап жатқан қияпатымыз қаншама...

Біздің өміріміздің барлық өткен-кеткен, қазір болып жатқан, әрі келешекте болатын барлық нәрселерді бүге-шүгесіне дейін Аллаһ Тағаланың білетіні хақ. Құлдарының да бұл дүниеде жақсы, жаман не істейтіндерін, әрі кімнің тозақтық, кімнің жұмақтық сәнін білсе тұра, Алла Тағала оларды мына дүниеге сынақ үшін жіберген. Хақ Тағаланың құлдарын сынаққа алуы олардың жағдайын білмегендіктен емес. Бұл мәселенің біз бірден байыбына бара бермейтін басқа да даналық тұстары жетерлік. Айуб пайғамбар былай деген екен: *«Әйелден туылған адамның өмірі қысқа және қайғыға толы: ашылып шығатын және солып қалатын гүл тәрізді, тоқтамай еріп жүретін көлеңке секілді...»*.

Расымен де, мына біртұтам қысқа ғұмырда біз мәңгі жасамаймыз, ертең, болмаса, арғы күні мәңгілік мекенге аттанатынымыз ақиқат. Өлгеннен кейін бізге не болады? Біз мүлдем жойылып кетеміз бе? Өмір дегеннің өзі не? Адамдардың өзінің жеке атағын шығару үшін жер бетіне кезекпен-кезек келіп-кетіп тұруы ма? Біз өлгеннен кейін әр түрлі жерге барамыз ба, әлде барлығымыз бір жерде боламыз ба? Осы сұрақтар кез-келген жанның көкейінде жүрері сөзсіз. Әркім өзінің мәңгілік қайда болатынын осы жер бетінде өмір сүрген кезінде тандау керек. Құдайдың алдында ақталғандар мәңгілік өмірге ие болып жұмаққа барады, ал оған сенбегендер тозаққа тасталып мәңгілік азап шегетін болады. Жұмақ пен тозақ – адамның өлімнен кейін қандай қалыпта болатынын сипаттайтын сөздер ғана емес, олар шынымен де бар орындар. Тозақ – сенбеушілердің Құдайдың тоқтамсыз қаһарына тап болатын орны. Бұл жайлы атақты ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы бір өлеңінде:

Насихат сөзім қазаққа,
Жаманның жаны азапта
Азырақ ынсап көрінді,
Жасауылдар айдап азапқа.
Тәубе қылған асылдар,
Арманда кетпей тозаққа.
Ісің кетіп тозаққа.
Келе алмай жүрме бұл жаққа.
Андып жүрген жау жақын,
Түспеймін деме тозаққа!–

дейді. Ақын бұл өлеңінде ұрлық қылып, жалған сөйлеген имансыз жандардың күндердің күні Аллаһ алдында жауап беретінін, сол істеген құналары үшін тозақ отына күйетіндерін айтады. Ал Құран-Кәрімде адамның бойындағы жаман қасиеттер оны тозақ азабына жетелейтінін жазады. Пайғамбарымыз былай деген: *«Бұл дүниедегі екі жүзділердің қиямет күнінде отқа оранған екі басы болады»* (Әт-Тәбәрани). Яғни, иманын үркітіп, шүкіршілігін ұмытып, тәубеге келмей, небір қасиетсіз қылықтарға жол берген жандардың о дүниеде ахирет азабын тартатыны хақ.

Иә, әркімге өмірінің соңы жайлы ойлану қажет-ақ. Адамдар өліммен бетпе-бет келгенде, бет пердесін шешіп, Құдай алдында жауап береді. Кезінде Мұса пайғамбардың: *«Бізге ғұмырымыздың аз күндерін есептеуді үйрете көр. Осылайша жүректерімізге даналық ұяласың!»* - деген дұғасы баршамыздың есте ұстауымызға тұрарлық дұға.

Әрбір адам құрсақтың құрсауынан қу тірліктесгі құл шағына жеткенше адам боп өмір сүріп, адам боп өлуі керек. Аллаһ Тағала біздің іс-амалдарымызды дұрыстап, тозақ отынан сақтасын, бізді күнә істерден сақтап, тек жақсы амалдар жасап, жәннатқа кіруімізді нәсіп етсін. Пайғамбарымыз бір хадисінде: *«Жәннатта көз көріп, құлақ естімеген, адамның ойына келмейтін нәрселер бар»*, – деген. Жәннатқа бұл дүниеде Аллаға иман келтіріп,

Алланың ақ жолында жүрген жандар ғана кіре алады. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Аллаһтың сүйген құлдарына ғана нәсіп етілген жұмақ әлемі жайлы былай дейді:

Дүние деген күрделі,
Жүрмейтін жаман мәні бар.
Осыларға алданбай,
Өткендердің ол күнде,
Көретін небір мәні бар.
Хауыз, кәусар, хор, ғұлман,
Халуамен біраз ішіп, жер
Неше алуан асы бар.
Саған да солар сақтаулы,
Құдайдың өзі кеуілді,
Қылмасаң кара, я шұбар,—

деп толғайды. Жұмақ төрі – иман нұрына бөленген пенденікі. Ол жерде барлық нәрсе адамның көңіліне қарай болады. Онда ауру, қорқыныш, қайғы-мұң жоқ. Ол жерде адам мәңгі-бақи жас болып қалады, қартаймайды. Бұл ғажайып мекенге кіретін құлдарын, пенделерін Субхана Аллаһу Тағала Қасиетті Құранда: *«Шынында иман келтіргендер құтылады. Олар сондай мұминдер намаздармен іштей жалбарынады. Олар бос нәрседен аулақ болады. Олар аманаттарын, уәделерін қорғаушы, олар намаздарына ұқыпты. Міне, солар – мұрагерлер. Онда олар мәңгі қалатын Фирдаус жәннатына мұрагер болады»*, – дейді. Бес күндік өмірдің қызығына бола, мәңгілік өмірдегі дайындалған жұмақ рахатынан алыстап, өз-өзімізді тозақ отына тастамас үшін, иманымызды әлсіретіп алмауымыз керек. Акірет камын қазірден ойлап, жұмаққа апарар жолды қазірден бағдарлауымыз кажет.

Қорыта келе айтарым, Аллаһ Тағала баршамыздың санамыз бен жан-дүниемізді түрлі шәк-шұбадан арылтып, иман нұрына бөлесін демекпін!

Мөлдір Қыдырбай

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті*

Құрбан шалу

(Мұсылмандар мерекесіне қатысты кейбір мәселелер)

Құрбан шалу Ибраһим пайғамбардан (ғ.с.) жалғасып келе жатқан жол екені барша жұртқа мәлім. Ибраһим (ғ.с.) баласы Исмайлды құрбандыққа шалуға не себепті бұйрылғаны хақында мазмұны жақын, себеп-салдары өзгешелеу бірнеше түрлі қиссалар айтылып жүр. Сол қиссалардың бірі – «Дұратұн насихин» деген кітапта төмендегідей баяндалады.

Ибраһим (ғ.с.) Алла жолында дүние-мүлкін аямайтын еді. Бір жолы құрбандық үшін 1000 кой, 300 сиыр, 100 түйе шалады. Мұндай телегей жомарттыққа періштелер және көз көрген қауым тандай қағып, таң қалысады.

Сонда Ибраһим (ғ.с.) «Егер менің балам болса, оны да Алла жолында құрбандыққа шалар едім», – деп, риясыз көңілін паш етіпті (Ол кезде Ибраһимның (ғ.с.) баласы жоқ еді).

Кейін ол Алладан үмітін үзбей: *«Раббым, маған жақсысынан бір ұл бер!»* («Саффат» сүресі, 101 аят), – деп, жалынып-жалбарынып бала сұрайды. Ақыры тілегі қабыл болады. Оның дәлелі мынау: *«Оны өте мүләйім бір ұлмен қуантты»* («Саффат» сүресі, 102-аят).

Баланың былдырлаған тілі, балдай қылығымен білінбей жылжып жатқан жылдар Ибраһимның (ғ.с.) баяғы уағдасын да ұмыттырып үлгереді. Бала әкесіне қолғанат болуға жарап (7-13 жас шамасында) қалған кезі еді. Бір күні Ибраһим (ғ.с.) түс көреді. Түсінде: «Сен

уағдаңа опа етпедің», - деген аян келеді. «Мен қайсы бір уағдама опа етпедім», - деп аң-таң болған Ибраһимның (ғ.с.): «Бұл Алладан болды ма, әлде шайтаннан болды ма?»,- деп күдіктеніп, қалай жорудың жөнін таппай, әр-сәрі болып, көңіліндегі шек-шұбадан арыла алмайды. Бұл күнді «Яумұт-тәруйя», яғни түс көрген күн емес «шек келтірген күдікті күн» деп атайды. Екінші күні оның кешегі түсі және қайталанатын. Ол бұл түс Алладан келген аян деген тоқтамға келеді. Бұл күнді «Яумұлғарафа» немесе «тану күні» деп ағайды. Үшінші күні әлгі түс және қайталанатын. Ибраһим (ғ.с.) неде болса бір бекімге келіп, көрген түсін баласы Исмайлға егжей-тегжейлі баяндайды.

Құранда бұл жайлы: *«Ұлы (Исмайл) өзімен бірге жүруге жеткен кезде: «Балақайым! Сені түсімде бауыздағанымды көремін; назар аудар, көзқарасың не?»,- деді. Ол: «Әй, әкетайым! Өзіңе не әмір етілсе, оны орында. Алла қаласа, мені сабырлардан табарсың» («Саффат» сүресі 103-аят), - делінеді.*

Ибраһим (ғ.с.) отбасымен ақылдаса отырып, түсінде көрген әмірді өңінде атқаруға шешім қабылдайды. Шайтан лағнет Адам баласына деген қаскүнемдігін аялдатқан ба? Әке, шеше, бала үшеуі арасындағы қимастық сезім-дертін қоздатып, ізгі ниеттерінен қайтаруға жанталасады. Тіпті, Исмайлды анасымен қоштастырған соң, құрбандыққа шалуға жол алғанда, әке мен баланың сонынан қалмай ілесіп әр алуан сикырлы сөздер айтып, жан-тәнімен азғыруға тырысады. Сол сәтте Исмайл жерден тас алып лақтырғанда, шайтанның көзін ағызып жібереді. Сөйтіп, әйтеуір шайтанның шырмауына шалынбай, нәпсінің қалауына бағынбай көздеген жерге де жетеді. Ибраһим (ғ.с.) Исмайлдың қол-аяғын мықтап байлап, оны бауыздаудың қамына кіріседі. Айтуға жеңіл болғанымен, атқаруға келгенде Ибраһимның (ғ.с.) қолы қалтырап жүрегі дауа таппай, әттең осыншама ауыр сынаққа тап болғаным-ай: «Я, Тәңірім, бұл істі басқа біреудің қолымен істетсең еді?»,- деп жалбарынады. Дәл осы мезетте Ибраһим (ғ.с.) ғана емес-ау, бүкіл періштелердің өзі «енді не болар екен, қандай бір көрмеген сұмдыққа куә болар екенбіз?» деп жан әлемдері астаң-кестең болып аласапыран күйге түседі.

Бұйрықтың бұлжымасын білген Ибраһим (ғ.с.) нар тәуекелге бел буып, баласының кекіл шашынан қайыра ұстап, тамағынан бауыздап жібереді. О, Құдірет! Ештеңе болмағандай, бәрі өз қалпында. Ибраһим (ғ.с.) өз көзіне өзі сенбей аң-таң. Исмайл: «Менің жүзіме қарап қолың батпаған болар, желкемнен бауыздаңыз», - деп етпетінен жатады. Пышақ желкесіне де өтпеді. Ибраһим (ғ.с.) пышақты ашуланып тасқа ұрған еді, оны бауша тіліп түсірді.

Дәл осы сәтте Алланың әмірімен Жәбірейілдің (ғ.с.) құрбандық шалу үшін қошқар алып: «Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар», - деп тәкбір айтып, аспаннан түсіп келе жатқанын көріп қуанышында шек қалмаған Ибраһим (ғ.с.): «Лә иләһа илла Аллаһу Аллаһу Акбар», - деп жалғастыра Алланы ұлықтай жөнеледі. Ал Исмайл да әкесіне үн қоса: «Уа лиллаһи Алхамду», - деп Аллаға мадақ айтады. Бұл турасында қасиетті Құранда: *«Сөйтіп, екеуі де ұнап, әкесі оны маңдайының үстіне жатқызады. Біз оған: «Әй, Ибраһим», - деп дыбыстадық. «Рас түсіңді шыңға шығардың. Күдіксіз ізгі іс істегендерді осылайша сынаймыз». Шын мәнінде бұл бір ашық сынау еді. Оны ірі бір құрбандыққа ауыстырдық (бір құрбандық қошқар берілді)», - делінген.*

Осылайша Ибраһим (ғ.с.) жанұясымен Алланың аса ауыр сынағынан сүрінбей өтеді. Бұл күн «Яумұн нахыр», құрбандық шалынған күн, яғни құрбан айттың бірінші күні еді.

Білген адамға құрбандық шалу шығын емес. Оның шексіз сауабы туралы Құранда және хадистерде айтылған. Оның үстіне өзімізге Алла берген байлықты сол Жаратушы Иемізге шүкіршілік ретінде құрбан шалу – адамдық іс. «Шүкір етсең маған, тағы берем саған, - депті Тәңірім», - деп түйіндеген ғой дана халқымыз.

Ақжұлдыз Әлібек
ҚазмемқызПУ Жаратылыстану факультетінің
4-курс студенті

Тілге абай болу

«Басқа пәле-тілден» демекші, адам баласы тіліне абай болу керек. Адамдар көп нәрсені тілден табады, сөз арқылы адамды режітіп те, қуантып та тастауға болады. Біздер барлық жерде тілімізді қолданамыз, онсыз сөйлейде алмай қаламыз. Пайғамбарымыз (с.а.с) Мугазға (Алла оған разы болсын) айтқан өсиетін осы барлық істерді басқаратын, реттейтін және оларды жетілдіретін амал ретінде – өз тіліне абай болу және оны түрлі жамандықтан сақтап, тізгіндеп ұстау керектігін түсіндірумен тәмамдаған. Мұның қаншалықты маңыздылығын айтқанда Пайғамбарымыз (с.а.с) *«Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне сенетін болса, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін»* деген сөздерді келтірген.

Тілді орнымен пайдаланып, мәдениетті түрде сөйлеуіміз керек. Әбу-Юср (Алла оған разы болсын): *«Бір адам «Уа, Алланың елшісі! Мені жәннатқа кіргізетін амал туралы айт», – деп өтінеді. Пайғамбар (с.а.с) «Мынаған сақ бол», – деп тілін көрсетеді. Ақиқатында адам өз сөздерімен жақсылықты да, жамандықты да себеді. Жақсылық сепкен және жақсы амал істеген адам құрметке ие болады, жаман амал істеп, жамандық сепкен адам өкінішке тап болады».*

Мугазға (Аллаһ оған разы болсын) айтылған адамдар көп жағдайда тозаққа өз сөздері себепті түсетіні аңғарылады. Әбу һурайра (Аллаһ оған разы болсын): *«Пайғамбар (с.а.с) «Көп жағдайда адамдар тозаққа екі нарсе – тіл және жыныс мүшелері себепті түседі», – деді.*

Зәйд ибн Аслам әкесінен риуаят еткен хадисте: *«Бір күні Омар Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) үйіне кіріп, оның өз тілін қолмен ұстап алып тартып отырғанын көріп: «Аллаһ кешірсін, тоқтат!», – деген. Сонда Әбу Бәкір: «Мені апатқа ұшырататын осы», – депті.*

Адамдар күнделікті өмір тіршілігінде осы тіл арқылы біреуді қуантып, біруді ренжітіп жатады. Өз ауыздарынан шыққан сөзге есеп бере бермейді. Ислам дінінде де осы тілге абай болу керектігін дәлелдер арқылы ескертеді. Әр жерде тек жақсы сөз сөйлесең табысқа жетесің, ал жаман сөз сөйлесең азапқа душар боласың. Тілімізді жақсы сөзбен Аллаһты еске алуға, тіл арқылы Аллаһқа мадақ айтуға жұмсауымыз керек. Әр сөздің о дүниеде сұрауы бар. Тілге абай болсақ, достарымызды, жақындарымызды ешқашан ренжітпейміз. Адамдар ашуланғанда тілге ие бола алмайды, сабырлы болып содан сақтану керек. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» демекші, ата-бабаларымыз да сөзге тоқтаған.

Исламда тілден шығатын күнәлі сөздердің бірі – көпқұдайшылдық, ал бұл – аса Құдіретті де Ұлы Аллаһтың алдында өте үлкен күнә. Мұндай сөздердің қатарына көпқұдайшылдыққа үнемі байланыста болатын білімсіздікпен айтылған Аллаһ тағала туралы сөздер және аса Құдретті де Ұлы Аллаһқа серік қосуға тең болып есентелінетін жалған куәлік беру, сондай-ақ ауыр және ұсақ күнәларға жататын өсек-аяң, сикыр мен дуалау, жала жабу, гайбаттау, жалған айту сияқты сөздер кіреді, осының бәрі осы тілден шығады.

Ибн Бурайда: *«Мен бір күні ибн Аббастың (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын) өз тілін ұстап тұрып «Ей, сөрың құрғыр, жақсы сөзді айт, сонда табысқа жетесің немесе жаман айтпа, сонда аман қаласың, біліп қой, ал басқаша болғанда өкінетін боласың», – дегенін көрдім. «Ей, Ибн Аббас! Не себептен бұлай деп айттың?» – деп сұрасты. Ол «Қиямет күні адам өз дене мүшелерінен, егер ол жақсы нарсе айтпаған болса, өз тілінен басқа ешбір мүшесіне соншалықты қатты ашуланбайтыны туралы естігенім бар», – деп айтты.*

Сымбат Тұрсынова

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері
факультетінің 3-курс студенті

Зәки Ахметов 85 жаста



Академик Зәки Ахметовтің 85 жасқа толуына орай Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен 2013 жылдың 22 қарашасында өткен «Зәки Ахметов және қазіргі қазақ әдебиеттануының даму бағыттары» атты студенттер мен магистранттардың ЖОО аралық ғылыми-практикалық конференциясында пленарлық және «Қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Қазақ әдебиетінің бүгінгі даму бағыттары», «Тіл білімі және аударматану мәселелері» атты үш секция бойынша 83 ғылыми баяндама жасалды. Журналымыздың осы санында пленарлық баяндамалардың қысқартылған нұсқасын ұсынып отырмыз.

Зәки Ахметов – терминолог

Зәки Ахметов казактың әдебиеттану ғылымына айрықша еңбек сіңірген, үлкен тұлғалардың бірі де бірегейі екені сөзсіз. Саналы ғұмырын әдебиетті зерттеу ісіне арнаған ғалым казактың өлең құрлысының теориялық негізін жасап, өлеңтану іліміне қатысты барлық толғақты мәселелерді жан-жақты қарастырған. Өлең құрылысын терең зерттеумен қатар казак әдебиетінің тарихы мен бүгінгі әдеби процесс туралы да көлемді көлемді еңбектер жазды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының арналы бір-бір саласына арналған абайтануға, әуезовтануға қатысты терең зерттеулері өз алдына бір төбе. Зәки Ахметов казак әдебиетіне байланысты қандай өзекті мәселе болса да өз пікірін білдіріп отырған. Әдебиеттану ғылымының қай саласында болсын казак әдебиетінің көкейтесті мәселелері турасында құнды теориялық ой-пікірлерін салып, әдебиеттану саласындағы термин мәселесіне де арнайы тоқталған ғалымдардың бірі...

Зәки Ахметов «Термин дегеніміз не? Ол қалай жасалады, оның қолданылу аясы қандай деңгейде болады? Жаңа терминнің өміршеңдігі неге байланысты?» деген сан салалы сауалдарға кеңінен тоқталады. Мәселен, терминдер белгілі бір ғылыми пәннің аясында қалыптасып, нақтылы мағына алған, сол пәннің өзіне тән ұғымды білдіретін сөздер (Ахмет Байтұрсыновша айтсақ «пәнсөз») десе, ал термин дегеніміз, былайша қарағанда, бір ұғымды ғана білдіретін немесе бір нәрсенің атауы сияқты сөз болып көрінуі мүмкін. Ал бірақ сол ұғымның өзі, мысалы, көркем өнер, ауыз әдебиеті, лирика, жыр, роман, айтыс, ақын, жыршы деген сияқты терминдердің қайсысын алсақ та, жүздеген әдеби шығармаларды қамтитын, не бір халықтың әдебиетіндегі үлкен бір ерекшелікті танытатын, әдеби құбылысты сипаттайтын сөз болып шығады. Ал осындай талай арнайы, көлемді зерттеулер жазып, талдауға тұратын күрделі әдеби құбылысты қысқаша ғана баяндап, оның мән-мағынасын, басты өзгешеліктерін жан-жақты айқындап беру, әрине, оңай емес, тұжырымды түсінік, мағлұмат беру ғана мүмкін. Әрбір ұғымға ғылыми дәл анықтама беру үшін оның жүйесін табу қажет.

Әдеби терминдерді қалыптастыру, зерттеу мәселесі сөз қолдануға ғана қатысты мәселе емес, әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғым-түсініктердің мағынасын тереңдеп айқындай түсіп, олардың тұтас жүйесін анықтап жіктеу, топтау тәсілдерін жетілдіру мақсатымен тығыз байланысты. Ғылымның өсіп-дамуына байланысты кейбір ұғымдардың бұрынғы айрықша мәні солғын тартса, осыған орай кейбір терминдер де сырылып шыға береді. Оның есесіне қандай жаңа ұғымдар қажет болса, солар ғылыми ойлау жүйесінде басты орынға ие болып, жаңаша мағына алып, сол ұғымдарды білдіретін жаңа терминдер қалыптасып, кеңінен орын тебеді. Қандай терминді болсын алу, алмау түптеп келгенде оның ғылымға қажеттілігіне байланысты, ал терминнің орнығу, орнықпауы оның көпшіліктің ұғымына қаншалықты

жақындығына, жасанды болмай, көңілге қонымды, табиғи болып, айтуға, қолдануға жеңіл, тілге оралымды, жатық келуіне байланысты.

3. Ахметов термин жасау барысында әдебиеттану саласындағы жанр және біздің халықтың әдеби процесс пен тарихи даму кезең ерекшеліктерін ескеріп отырған. Оның айтуынша, әдебиеттану ғылымындағы терминдер мағыналық ауқымы мен сыйымдылығы жағынан әр алуан. Оларды категориялық тұрғыдан шартты түрде болса да, *атау терминдер және ұғым терминдер* деп бөлуге болады. Сонымен қатар *жұптас терминдер де* кездеседі. Атау терминдерге көпшілікке бірден түсінікті сөздер (*абзац, конерген сөздер, мақала, монография*) жатса, ұғым терминдер белгілі бір ұғымның, сол ұғым арқылы танылатын әдеби құбылыстың өзгешелігін айқындап, түсін түстеп, атын атап көрсетеді. Мысылы, көркем өнер, жазба әдебиеті, көркемдік әдіс (романтизм, реализм), әдебиеттің идеялылығы, халықтығы, әдеби жанр (эпос, лирика, драма), әдеби процесс және т.б ұғымдарды жатқызуға болады. Жұптас терминдерге мазмұн мен түр, дәстүр мен жанашылдық, ұлттық және интернационалдық сипат секілді ұғымдарды жатқызуға болады.

3. Ахметовтың басқаруымен жасалған «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» кітабына төрт жүзден аса әдеби ұғымға қатысты терминдер енгізілген, оның ішінде жүз отыздан аса терминдерге түсінікті ғалымның өзі жазады.

Академик С. Қирабаевтың пікіріне сүйенсек, Зәки Ахметов нағыз «эстет» адам. Оның өмір сүріп өткен жолына қарасақ сұлулық пен адалдыққа толы. Ол адамдарға ғана емес әдебиетке де адал болды. Ол әдебиетті кәсіпке айналдырмаған. Себебі, «әдебиет – ардың ісі» екенін жақсы білген.

Әлия Бостанова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

Зәки Ахметов Абай аудармалары туралы

Қазақ поэзиясының алтын тұғырынан самғап ұшып, шексіз әлемге қанат қаққан, сөз патшасының шынайы қасиетін таныта білген ұлы ақын Абай Құнанбайұлы бүгінде күллі халықтың рухани жан-дүниесіне айналып, сарқылмас сағынышымен бірге самғап, мөлдір махаббатымен өріле, ғасырлар қойнауындағы тасқа жазылған тарихымен қауышып, біте қайнасып кеткендігін мақтанышпен айтуға хақылымыз...

Зәки Ахметовты ғалым ретінде танытқан – оның алғашқы кітабы «Абай және Лермонтов». Еңбекте қазақ-орыс әдеби байланыстары Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары негізінде нақтылы әңгімеленеді. Ұлы ақынның аударма саласындағы үздік өнеріне, сөз таңдау, сөз сақтау шеберлігіне, көркемдік ойлау жүйесінің тегеурін-қуатына барынша терең талдау жасайды. Ақынның Лермонтовты ықыласпен аударғанының себебін ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп өте-мөте бүйрегі бұрылып, ынтасы ауып, жүрегі қалап жақын тұтқанын зерделілікпен таразылап түсіндіреді...

Зәки Ахметов Абай шығармаларын орыс тіліне аударуда ешқандай жетістік жоқ деп те айтпайды. Тәуір аударылған аудармаларды да атап өтеді. Бірақ, аудармасы тәуір деуге мүлде ауыз бармайтын өлеңдер бұдан әлденеше көп екеніне налиды. П. Карабанның аударуымен жарыққа шыққан «*Сабырсыз, арсыз, еріншек*» («*Бесчестный, зверя жадней*») өлеңін ең сәтсіз шыққан аударма деп баға береді. Одан әрі қарай өлеңнің шумақтарын талдауға кіріседі. Өлеңнің ең басындағы шумағын:

Бесчестный, зверя жадней,
Грязный в словах и делах –
Такой герой наших дней,
Правит тобою, казах, –

деп аударылып, одан әрі қарай:

Он всех готов извѣсть
Хулой и клеветой.
...Он взятку сует в ответ, –

деп келтіргендіктен, Абайдың бейнелеп отырған «сабырсыз, арсыз, еріншек» адамын ел билеуші (правитель) етіп жіберген. Ал аударманын түпнұсқаға мағынасы жақындайды деген тұстары солғын шыққан, әбден жауыр болған жаттанды сөздерге көбірек ұқсайды.

Келесі бір өлеңі «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» («Вовек моя душа не рассветет» – аударған М. Замаховская). Абайдың махаббат лирикасының озық үлгісі болып саналатын осы әдемі өлең аудармада мағынасы бұзылып, мүлде өзгеріп шыққан:

Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ
Саған жар менен артық табылса да, –

деген жолдардың:

Тебя одну люблю я в целом свете
А ты влюбленным потеряла счет, –

деп аударылғанын қайтерсің. Сонда қол жетпейтін армандай болған ғашықтың өзі кім болып шықты? Келесі шумақта сүйіктімнің әуресіне көнемін («возлюбленной проделки я терплю») дсүмен тағы соның жаңағы қылығын ақтайтынын қайтерсің?!

Заки Ахметовтың мақаласындағы осындай мысалдардан, талдаулардан-ақ аудармаларға тән, көбіне ортақ кемшіліктер қандай екенін аңғардық дей аламыз. Жок жерден жалпылама шындықты айта қоюға бейімділік, Абайға тән смес, орынсыз ақылгөйлік сарындағы сөздерді әкеліп жабыстырғап аудармашылар ақынның бейнелі, көрікті сөздерін солғындатып, терсең сезіммен айтылған ойларын таяз, үстірт түрде жеткізгенін сынға алады.

Қорыта айтқанда, академик Зәки Ахметовтың еңбектері заман көші ілгері озған сайын тамырын теренге жіберген бәйтеректей жайқалып-жасарып, мәңгіге коктеп, ұрпақтарының аузында жүрері хақ. Ардақты азаматтың тағылымы қазақ үшін, қазақтың жарқын болашағы үшін қызмет ете беретін болады.

Мөлдір Қыдырбай

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология, әдебиеттану және
әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті*

Зәки Ахметов Абай өлеңдеріндегі ғылым-білім, ақыл-парасат хақында

Зәки Ахметов өз еңбегінде Абайдың ақындық әлемін тақырыптық-идеядық, өнерпаздық шеберлік, көркемдік қуаты ауқымында алып жан-жақты зерделейді. Ғалым ең әуелі ақын өмірі мен мұрасын тану тарихын тілге тиек етіп, өз тарапынан ақын мұрасын танып, танытуды ақын тұлғасы мен оның адамгершілік мақсат-мұратын зерделеумен жалғастырып кетеді. Кейінгі тарауларында ақынның табиғат, ғашықтық, сыршылдық, ойшылдық, әлеуметтік әусндер секілді бағыт, мазмұндағы өнерпаздық ерекшеліктерін талдап, саралауға күш салған. Ал біз өз мақаламызда ғалымның ақындағы ғылым-білім, ақыл-парасат туралы көркемдік ой-пікірлерін саралаудағы үлесін танып-білуді мақсат еттік...

Оқу-білім, ғылым мәселесі көбіне ақын өлеңдерінде өскелең ұрпақ, жастарға қатысты жырланады. З.Ахметов Абайдың оқу-білім, ғылымды насихаттаған туындылары ішінен екі өлеңін бөліп алып, олар жөніндегі өзіндік пайымдауларын баяндайды. Ғалымның ойынша, «Интернатта оқып жүр» және «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінің тұтас, бір бүтіндік сипаты мен ерекшелігі басым көрінеді. Ғалым өз ойының дәлелі ретінде осы екі өлеңнің 1909 жылғы жинақ пен 1922 жылы Қазанда жарық көрген басылымда қосылып, біртұтас шығарма болып келгенін дерек етіп ұсынады. Ғалымның ойынша, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін «Интернатта оқып жүр» өлеңінің жалғасы деп қабылдау қисынды болмақ. «Ғылым таппай мақтанба» дейтін өлең түгелдей ғылым үйренуге талпынған жастарға айтылған ақыл-кеңес түрінде келсе, «Интернатта оқып жүр» атты өлеңде осындай ақыл-кеңес, насихат сөздердің алдында сол оқушы жастарға тұжырымды сипаттама, мінездеме беріледі. Ғалым

«Интернатта оқып жүр» өлеңінде кейінгі өлеңде көбірек әрі кеңірек сөз болатын ғылым жайы мен оны насихаттау тақырыбы ерекше орын алатынын атап өтеді. Ғалым тұжырымдағандай, бүгінде екі түрлі өлең ретінде саналып жүрген акын шығармаларында ортақ тақырып, яғни оқу-білім мен ғылымды дәріптеген негізгі желі бар екені байқалады. «Интернатта оқып жүр» өлеңінде:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге, –

деп жырлаған акын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде енді сол ғылымның мән-мағынасы, оны игерудің пайдасы мен жолы, ғылым мен адамдық қасиеттің байланысы тұрғысынан кен танытуға ойысады. З.Ахметовтың пікірінше, екі өлеңдегі мән-мағына мен мазмұн, ойдың түйдектеліп айтылуы, сөздердің үйлесімі ұқсас, ортақ болып келеді. Ғалым екі өлеңнің мән-мазмұнын өз тарапынан талдай түсіндіріп, оқырманның да осы туындыларды тереңдей тануына жағдай жасайды...

Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлардың акын тарапынан қалай жырланғаны жөнінде ой толғайды. Ғалым түйіндеп жазғандай, ескілікке, кертартпалыққа қарсы тұрған Абай халықты сибекке, өнер-білімге ұмтылуға шақырды. Сөйтіп, З.Ахметов Абай өлеңдеріндегі ғылым-білім мен ақыл-парасат жайлы ойларды әртүрлі байланыс, түрлі қырдан танып түсіндіруге зор үлес қосқан.

Таншолпан Тохтағанова
*ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультетінің 3-курс студенті*

Заки Ахметов және ұлттық сөз өнерінің дамуы

...Академик Заки Ахметовтің ғылыми табысы – қазақ поэзиясының тілін екі түрлі ыңғайда байланыстыра қарастырғаны деп айтуға болады. Ол ғалым ретінде, бір жағынан, жалпы казак поэзиясының тіліне ортақ ерекшеліктерді анықтаса, екінші жағынан, поэзиямыздың белгілі өкілдері тілінің сипатын талдайды. Сонымен қатар, менің пікірімше, ғалым-зерттеуші халық тілі мен ұлы тұлғалар тілінің арасындағы жүйелі сабақтастықты, тілдік құбылыстардың түрлену сипатын, ұлттық тілдің ішкі табиғатын ашу принциптерін талдаған. Бұл бірден бір дұрыс принцип екені зерттеудің ұзын ырғасында әбден дәлелденеді. Автор тарихи дамудың негізгі кезеңдерін айқындау үшін халық поэзиясының ауызекі айтылатын түрлерінің, бұрынғы жазба әдебиеттің және қазіргі поэзиямыздың тілін танытатын факторларды сөз етеді. Зерттеулерде казак әдебиетінің ұлттық түрін зерттеудің айрықша мәні бар екендігі айтылады. Ғалым өлеңдегі поэтиканың ұлттық колоритін танытатын жағына баса назар аудару қажет екенін аса мән беріп айтады...

Өлеңтанудың және жалпы поэтиканың түбегейлі мәселелері Заки Ахметовтің “Өлең сөздің теориясы” деп аталатын келелі кітабында барынша дәл қарастырылады. Өлең теориясының екі үлкен тармағын “Тіл кестесі” және “Өлең өрнегі” деп екіге бөле отырып, өлең сөздің бейнелеу құралдарына тоқталады. Бірінші бөлімде автор сөз бейнелілігі деген ұғымға назар аудартады. Оның ерекшелігі неде, сөзді бейнелей қолдану әдісі қандай деген сұрақтарға жауап беріп, оқушыға жалпы поэзияның табиғаты, оны басқа жанрлардан окшауландырып тұратын қасиеттері туралы көп мағлұмат береді. Поэзияда қорытындылап-жинақтау мен даралау, ортақ сипаттар мен жекелік сипаттар ұштасып, ұласып жатумен қатар көркемдік, бейнелі түрде сияттау, суреттілік басым болатыны өте түсінікті де дәлелді айтылған және құрғақ, жалаң сөздермен емес, нақты мысалдарды талдау арқылы дәлелденген. Мәселен, Абайдың белгілі лирикалық өлеңі “Желсіз түнде жарық айының” талдау барысында өлең табиғатын өзінше талдайды. Мұндай өлеңді қалай талдау керек, әр лирикалық шығармадан нені көріп, нені негізгі мәселе екенін ажырата білу – оқушы қауымның бұл талдаудан алатын тәлімі...

З.Ахметовтің ғылыми-теориялық зерттеулерінің мән-маңызын дер кезінде жоғары бағаланды. Мәселен, Академик В.М.Жирмунскийдің өз пікірінде З.Ахметовтің «Өлең құрылысының теориясы» еңбегін «...тюркология ғылымына және өлең құрылысы теориясына қосылған ірі ғылыми жетістік», - деп жоғары бағалауы тек қана бір ғалымның емес, бүкіл түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ ұлттық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі үлес екені сөзсіз.

Қанша ғасыр өтсе де, мән-мағынасын жоймайтын, сонына сәулесін шашатын, қып түбінде жатқан алмас кездіктей жарқырай түсетін рухани мұралар болады. Уақыт өткен сайын тарих толқынына ілесіп, «келешек жағалауына» жол тартып жаңара береді, жаңғыра береді. Сондай рухани құндылықтардың бірегейі – З.Ахметовтың ұлттық сөз өнері мен әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі.

Г. Байғабылова

С.Демирел университетінің

1-курс студенті

Заки Ахметов – әдебиеттанушы ғалым

Заки Ахметов – қазақ әдебиеттану ғылымы ғана емес сол кезеңдегі кеңестік республикаларға да өзінің биік ғылыми өресімен, берік ұстанымымен жақсы таныс болған әдебиеттанушы, абайтанушы, әуезовтанушы, педагог, академик.

1964 жылы «Казахское стихосложение» атты көлемі 25 баспа табақ монографиясы жарық көргенде Заки Ахметов 36-ак жаста екен. Бұл ұлттық әдебиеттанудағы ірі жетістік қана емес, бұрынғы Одақ, әйтпесе, бүкіл түркі әлемінде елеулі маңызы бар еңбек саналады. Алайда сол уақыт үшін кітаптың орыс тілінде жариялануы қазақ ғалымының есімін кең аймаққа жария етті. Академик З.Ахметов “Өлең сөздің теориясы” (1973) атты еңбегінде “Өлең тіліне көркемдік сипат дарытатын, қуат беретін сөз ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлігі. Поэзия өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейнелеп суреттейді. Өлең сөз кестесіндегі, поэзия тіліндегі көп ерекшеліктерді дұрыс түсіну үшін, ақындық ойдан, көркем ойдың өзгешелігін, дүниені эстетикалық жағынан қабылдап-танудың өзгешелігін жақсы ұғу шарт. Өмірді көркемдік жолмен қабылдап, сезіну, эстетикалық, ақындық сезім, айрықша эмоционалдық, сезімталдық-поэзия тілінің басты ерекшеліктері. Өлең тілінің бейнесі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімінің әсерлі көркемдігін, бейнелілігін, сұлулығын танытады” деген теориялық тұжырымын ұсынады. Осы еңбегінде өлең сөздің бейнелеу құралдарын, халық поэзиясы тілінің байлығын, қазақ өлеңінің өлшем-өрнектерін, құрылыс жүйесін, Абайдың тіл ұстарту өнегесін, поэзия тілінің біздің дәуірімізде өркендеуін, қазіргі поэзиядағы ізденістерді байыппен бағдарлап, тыңғылықты талдан, теориялық түйіндермен тиянақтап, қорғасындай қорытып, ғылыми терең тұжырымдар жасайды. Бұл зерттеу – қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан терең талдаған еңбектердің бірі және бірегейі.

Академиктің осы еңбегімен “Поэтикалық тіл теориясы” атты кітабы сабақтаса ұштасады. «Современное развитие и традиции Казахской литературы» (1979) атты кітабында З.Ахметов әдебиетіміздің барлық жанрларын тұтас алып, көркемдік үрдіс сырын тарихи, теориялық аяларда қатар саралау әдісін ұстанды...

Заки Ахметов туралы «ішкі мәдениеті өте жоғары, мейлінше кіншіпейіл, жаны таза азамат еді. Көрініп калуға, жақсы көрінуге ұмтылмайтын. Кісінің қас-қабағына, көңіл-күйіне үлкен мән беріп, жағдайын түсінуге тырысатын. Жақсылық істеуге даяр тұратын, адамдарға өзі сияқты қарап, үлкен сенім артатын» деп еске алады шәкірттері.

Қажыбекова Ақбота

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау

мемлекеттік университетінің 1-курс студенті



Жазушы, Халықаралық ПЕН-клубы ұйымы сыйлығының лауреаты, «Кұрмет» орденінің иегері Смағұл Елубайдың өмірі мен шығармашылығы туралы 2013 жылы «Иман Республикалық қоры» баспасынан шыққан «Дарабоз» кітабында (2-том, 67-79 бб.) Бейсенова Гүлдананың авторлығымен «Әр сөзі саф алтындай мөлдіреген» деген тақырыпта көлемді материал жарық көрді. Журналымыздың осы санында материалдың қысқартылған нұсқасын ұсынып отырмыз.

Әдебиетте де, кинодраматургияда да танылған қаламгер

Смағұл Елубай – әдебиетте де, кинодраматургияда да өзіндік қолтаңбасымен танылған қарымды қаламгер. «Ойсыл-Қара», «Саттар соқпағы», «Білте шамның жарығы», «Жарық дүние» хикаялар жинағының және «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» романдарының, «Қызыл отау», «Өтелмеген парыз», «Ай астындағы үй», «Сұрапыл Сұржекей», «Батыр Баян», «Кек» және «Аншы бала» көркем фильмдерінің сценарий авторы.

Жазушының ұшқыр қиялынан туындаған «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» халықтың көңілінен шыққан кесек те тартымды, қазақ руханиятына қосқан сүбелі еңбектерінің бірі болып табылады. Қаламгердің осы шығармаларынан бөлек қазақ кинодраматургия саласында да шоқтығы биік туындылары бар екені барша қауымға белгілі. Әдебиет пен кинодраматургия саласының қос тізгінін берік ұстап, азаматтық ұстанымының өзіне тән айшықты бедері айқын қаламгер қазақ әдебиеті мен қазақ кино өнеріне ата-салт әдебі мен қазақы ортаның шынайы көріністерін суреттей отырып, қаншама образдық бейнелерді экранға шығарды.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында «Туған күн» атты шағын әңгімесімен әдебиет айдынына келген жас жазушы уақыт өте келе қанаты қатайып, суреткерлік тұғыры биіктей берді. Әдебиет әлеміне ұлтына қажетті халқының болашағына болжам болатын, өткен тарихи ақтандақтарды жастар санасына жеткізетін құнды шығарма «Ақ боз үй» атты трилогиясын өмірге алып келді. Әдебиет сүйер қауым, зиялы орта бұл шығарманы рухани жеңіс, ғажайып жаңалық, айтылмаған ақиқат және көзсіз ерлік деп бағасын берді. Академик Зейнолла Қабдолов «Талантқа ең керегі екі нәрсе: еңбек және батылдық. Смағұл Елубаевта осының екеуі де түгел, тұтас. Өзге шығармаларын өз алдына қойғанда, Смағұл аз жылдар ішінде үш роман жазды. Бұлар – күн демей, түн демей, ұзақ сарылған үлкен еңбектің жемістері. Ал батылдыққа келсек, үш роман да («Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние») қаламгердің қайсар батылдығынан, керек десеңіз, тіпті батырлығынан туған. Алғашқы екі шығарма кеңес кезіндегі қазақ атаулыны шыбындай қырып кеткен аштыққа, қуғын-сүргінге, ату-асуға арналған. Тоталитаризм тұсындағы бұл тақырыпқа бару біздің жазушылардың ішінде жас та болса тек Смағұлдың ғана қолынан келді» деген пікірін білдірді.

Шоқтығы биік шығармалар сол халықтың төлқұжаты іспетті. Мысалы, ұлы жазушымыз М.Әуесзовтың «Абай жолы» эпопеясы қазақ халқын әлемге танытқан классикалық туынды екені даусыз. Қырғыздың көрнекті қаламгері Ш.Айтматовтың шығармалары арқылы әлем халқы түркі дүниесін таныды. Ал С.Елубайдың «Ақ боз үй» туындысы арқылы жас ұрпақ өткен тарихымыздағы айтылмаған ақиқат, ақтандақ, зобалан жылдар қасіретін еске түсіреді. Осы шығарманың құндылығы жайлы мәскеулік танымал жазушы, кинодраматург Олег

Осетинскийдің суреткердің қаламынан туған «Ақ боз үй» трилогиясына қатысты «Роман Смагула Елубаева есть национальный шедевр, казахский «Тихий дон» деген пікірі, орыстың қабырғалы жазушысы Михаил Шолоховпен теңестіруі – суреткерге берген бағасы ғана емес, ұлтымызға, қазақ әдебиетіне берген бағасы, үлкен олжа.

Кинодраматург Смағұл Елубайдың сценарийлері бойынша түсірілген фильмдерде құрылымдық талдауларды «*Өтелмеген парыздан*» (режиссері С.Жармұхамедов) бастауға болады. 1983 жылы экранға шыққан «*Өтелмеген парыз*» фильмі жазушы Төлси Әбдіқовтің «Қыз-Бәтеш Ерсейіт» атты повесінің желісі бойынша түсірілген. Фильмнің бас кейіпкері Қожабек қарт жалғыз ұлынан айрылды. Мезгілсіз қайтыс болған ұлының артында тігерге тұяқ қалмағанына қатты қайғырған қария тосын жаңалық естиді. Картинада ұлы Сұлтаннан қалған ұрпағын іздеп қалаға келген қарияның азапты да ауыр күндері туралы баяндалады. Өзі тәрбиелеген өнегелі ұлының соңында қалған ащы шындық, адамшылық парызын өтеу жолындағы ар сынағы алдында Сұлтаннның тұрақсыздығы туралы есту қандай қиын болса да, оның өтелмеген парызын өтеу барысында көрген азапты сәттері баяндалады.

Түйіні көп, шешімі аз осы бір жалғанда күні кеше ғана досы түгілі, қасы да кісілігін мойындайтын, пендешіліктен бір сүйем биік тұратын Қожабек қарияның шаңырағы бір күнде ойран-топыр болды. Тосын оқиға – жол апаты. Кәрі қойдың жасындай жасы қалғанда жалғыз ұлынан айрылды, қураған қу бұтақтай бозарған қос мұңлық қаралы күндерін бастарынан өткізуде. Жанарында тамшы жас қалмай, қураған тіршіліктен кейіген қарттың өміріне өзгеріс енеді. Сарғайған сары уайымның тұнғығына батып, тобынан бөлінген ақсақ қойдай есенгіреген қарияның көңіліне шуақ шапқан жұбаныш – ұрпақ жалғастығы, ұлынан ұрпақ қалды деген жылы лебіз Қожабек қартты аяғынан тік тұрғызғандай. Баласының артында алданыш болар, шаңырағын көтерер ұрпақ қалғанын естіген Қожабек қарияда ес қалмады. Бейне бір құлындай құлдыраңдаған кішкентай немересі аталап төсіне секіретіндей, асығы алшысынан тұрып, бүкіл елді ойран-асыр тамашаға бөлейтіндей тәтті арман қарияны қалаға қарай жетеледі. Қаланың қайнаған өмірі, адамдарының тұрмыс-тірлігін көреді. Қожабек қарт ұлының достары арқылы Сұлтаннан қалған ұрпағын іздеу барысында «Адамның бір-біріне деген ықыласы, сүйіспеншілігімен шынайы болуы керек. Ол болмаған жағдайда, тұрақсыздық, пендешілік, өзімшілдік белсең алып адамның артында қалар парызы мен қарызы көбейс бермек» деген мәселелердің жауабын іздейді.

Смағұл Елубайдың сценарийі бойынша 1983 жылы «*Ай астындағы үй*» (режиссері Б.Омар) жарыққа шықты.

Фильм оқиғасы қызықты да қым-қуыт. Ол қала өмірін тәрк еткен Дәуіт жұбайы, қаланың қызы Салтанат пен ұлы Бекарысты алып, алыстағы ақ шағыл ішіндегі ауылға келуінен басталады. Кіндік қаны тамған туған топырағына келіп, айдалада табиғаттың небір сұрапыл дауылды күндерін бастарынан өткізеді. Бұл – осындай өмірдің қиыншылық сәттерінде ауыл өмірін көрмеген қаланың қызы Салтанат жұбайы Дәуітке серік бола білді. Ашуын ақылға жеңдірген жас шаңырақтың бірлігі, табиғаттың сұрапыл мінездеріне де, адамдардың небір қитұрқы іс-әрекеттеріне де, малшы өмірінің үлкен ауыртпалығына да қарсы тұрып, қиыннан жол таба білген сәттерін баяндайтын мелодрама.

Жазушы С.Елубайдың «Ақ боз үй» атты трилогиясының алғашқы кітабының негізінде режиссер Дамир Манабай 1991 жылы «*Сұрапыл Сұржекей*» фильмін түсірді.

Алыста жатқан бір мемлекеттің ішінен басталған үлкен қоғамдық өзгерістің ұшқыны, оның озбыр саясаты, құм ішінде жайбарақат жатқан ауылға да келіп жетті. Тіршіліктің дәстүрлі қалыбы бұзылып, адам санасына күштеп енгізілген таптық тартыстың салдары ағайын арасына, ауыл адамдарының психологиясына жік салып, бір-біріне айдап салып, ауылдың берекесін кетіреді. Ауыл бірлігін ыдырағып, халық тұрмысын тұралатады. Сол заманның сұрқылтайлары, жаңа қоғам өкілдері Сұржекей, Жорға Күрендердің озбырлығы, қиянаты халықты тығырыққа тірейді. Қолындағы бар малынан айрылған ел ашаршылыққа ұрынады. Қазақ ауылы тоз-тозы шығып, босып кетеді. Кинофильм зұлмат саясаттың кесірінен тұтастай бір халықты қынадай қырған нәубет кезеннің ащы шындығын айтады.

Жаз жайлауына шығып, көктеуі мен күздеуі бар, қыс қыстаған, төрт түлік малдың бабын тауып, тіршіліктің адамзатқа тән нәрімен өмір сүрген халыққа зауал келгендей болды. Табиғаттың осындай бір үндестігіне сай өзіндік өрнегін таба білген, ешкімге киянаты жоқ, қонақжай, иен даланың иесі – мәрт халықтың басына зобалаң заман орнады. Кер заман ауыл адамдарын бір-біріне қарсы қойып, әке мен баласын, ағасы мен інісін, ері мен әйелін жағаластырды. Тарыдай шашылған, қынадай қырылған халық қасіреті, нәубет заман келбетінің бар шындығын айтқан «Ақ боз үй» шығармасының кино баламасы «Сұрапыл Сұржекей» фильмінің тақырып желісі – осы.

«Отызыншы жылдары адам қолымен жасалынған қастандық – ашаршылық жайлы тарих беттерінде мүлде жазылмаған. Коллективтендіру науқаны болды, асыра сілтеу болды деген деректер ғапа жазылған. Солақай саясаттың зор зардаптары туралы, сол кезеңдегі қазақ халқының оқыған, зиялы қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов бастаған Сталинге жазылған «Бессудін хаты» халқына араша бола алмады, өйткені бұл ашаршылық Коммунистік партияның қолдан ұйымдастырған іс-әрекеттері еді», – деп айтқан еді суреткер бір әңгімесінде.

Халық басына түскен ауыр қасіретті сол кезеңдердегі саясат бүркемелеп, өзімізден жасырған ашаршылық жайлы әлем жұрты хабарлар еді. Жазушы С.Елубай осы деректер туралы мына бір ойларын айтады: «Ал енді ашаршылық дегенге тоқталайық. Кезінде Роберт Конквест деген ағылшын зерттеушісі «Қасірет орағы» деген кітап жазды. Батыста шыққан бұл кітаптың орыс тіліндегі аудармасында қазақтардың ашаршылықтағы шығыны 1 миллион деп көрсетілген, бұл өтірік, өйткені кітаптың түп нұсқасында қазақтардың шығыны 4 миллиондай делінген».

«Ақ боз үй» атты шығарманың кинотуындыға айналуына себепші болған көрнекті мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің сол кездердегі ашаршылық жайлы: «1932 жылғы халық трагедиясынан айналып оту арқылы біздің әдебиетіміз өзінің халық алдындағы міндет –парызын да айналып өтті. Ол сөйтіп, өзінің ар-ожданынан да айырылды. Ал ар-ожданын жоғалтқан әдебиеттің әрі қарай өсуі, өркендеуі екі талай», – деп айтқаны қаламгердің «Сұрапыл Сұржекей» фильмінің сценарийін жазуға себепші болды. Ал осы кездері «Ақ боз үй» романы баспадан жаңа шығып жатқан кезі еді.

Кинофильм әдеби нұсқадағы зерделі ой мен адам психологиясының күрделі суреттеулерін дәл бере алмағанымен, сценарий бойынша түсірілген фильм романдағы көптеген желі мен линияларды сақтай білді. Бірақ екі сағаттық фильмге үлкен романды салу киянат болды, қысқа-қысқа көріністер шығарма мағынасын терең бермегенімен де, талантты режиссеріміз Д.Манабай уақыттың келбетін, сұмырай саясаттың зымияндығын, халықтың көрген киянатын, қазақтың бастан кешкен ұлттық трагедиясын бере білді.

С.Елубайдың сценарийі бойынша 1993 жылы «Батыр Баян» фильмін режиссер С.Тәуекел түсірді. Қазақ елі – әрқашан даналарға, халқының қамын ойлар хандар мен билерге, елін сүйген ерлерге, ақындар мен батырларға бай халық. Елінің болашағын қорғандықпен болжаған, Алашым деп өз басын қатерге тігіп, елі үшін еңбектенген, халқымыздың ардақты ақын ұлдарының бірі Мағжан Жұмабаевтың шоқтығы биік шығармаларының бірі «Батыр Баян» дастаны болып табылады.

Ел басына күн туғанда, азаттық жолындағы Абылайдың ақ туының астына жиналған халқымыздың тарихи тұлғалары, батырлар мен билері, үш жүздің басының қосылуы жайлы баяндалады. Елін Жонғар шапқыншылығынан азат етуші Абылай хан мен оның сардарлары Батыр Баянның батырлығы және оның артынан ерген жас інісі Ноянның ғашықтық хикаяты туралы айтылады. Батыр Баянның басындағы трагедиясы жайлы кинокартина.

Мағжанның «Батыр Баян» дастаны – ақ жалын сезім, батырлар эпосына жаны жақын мұшлы көркем туынды болып саналады. Ал киноэкрандық тәсілі поэманың осы бір қайталанбас табиғаттың сұлу көріністері мен Батыр Баян ауылының сән-салтанатын, Абылай ханның ақ ордасы мен оның батыр мен билерін және эпизодтарындағы массовка, көпшілік

катысқан көріністер арқылы толықтырып, халқымыздың көшпелі өмір салтын бейнелеген кинопоэма болып экранға шыққан жақсы кино туындыларының бірі.

Ә.Кекілбаевтың «Күй» атты хикаятының негізінде сценарист С.Елубай 2006 жылы «Кек» атты фильмін режиссер Д.Манабаймен бірге түсірді.

Бұл кинотуынды көшпенді екі ел арасындағы тұтанған жер дауы, барымта және қарымта қайтару атты көнеден келе жатқан даудың соңы өштесу, кектесу секілді қайшылықтар барысында өрбиді. Фильмнің негізгі өзегі екі туысқан халықтар арасындағы бәсекелестік, жаугершілік, өшпенділіктің соңы – қантөгіс. Бір-біріне қастасқан батырлардың ұл-қыздары Ершора мен Жамал арасындағы туындаған махаббат сезімдері туралы. Шығарманың шарықтау шегі – екі жастың арасындағы мөлдір махаббаты екі ел арасындағы тұтанған кекке-кек атты өшпенділіктің құрбандығына айналуы.

Әдеби шығармада айтылмаған, ал киношығармаға сценарист С.Елубайдың қосқан аналар бейнесі – өзіндік айтар ойы бар образдық тұлғалар. Кинофильмде Дүйімқараның әйелі: «Батыр балаң не өлі емес, не тірі емес, бірдене болыпты дейді, ең құрығанда сүйсіне ие болайын, көмегінді бер», - деп ақ жаулығын Уаптың алдына тастап, басына топырақ шашуы «баламның орнына топырақ болайын» деген жан айқайын білдіреді. Ал Жөнсейттің әйелі қызы Жамалды арашалау үшін алмас қылышты өндірішегіне тақап, балам үшін жаным пида деген сертін қорсеткен. Осы екі көрініс бір-біріне ұқсас, демек, баласы үшін шырқыраған ана бейнелерінің тағдыры ұқсас екені осы эпизодтардан байқалады. Бұл – ұтымды шешім.

Кинофильмдегі басты кейіпкерлердің бірі Жөнейт бейнесін түрікмен актері Ходжадүрді Нармиев бейнелеген. Дүйімқарамен жекпе-жекте жеңіліп, оқшау тиіп, онашаны тонайтын бөрібасарлығына салған Жөнейт жеңілгенін ел емес, жел білмесін деген арамза ой жетегімен жазықсыз жанлардың қанын төгіп, жетім қалған баласы Көкбөріні асырап алған. Жау десе жалақтаған жүрек тұтқан көкжұлын етіп тәрбиелеген. Көкірегінде өшпеген кегі бар, сол кегін алу мақсатында қандай да болсын қатігездікке бара алатын образдық типті жақсы сомдаған. Мысалы, үй иесін, оның әйелін өлтіріп, баласын асырап алғаны әдеби нұсқада болмағанымен, кино нұсқасындағы бұл жағдай оқиға желісі мен тақырып мазмұнының ширығып, сюжетінің басқаша өрнектеліп, кинотуындыға басқа бір тың арнаның қосылғанын айғақтайды. Бұл арна – Жөнсейт образын толықтырып тұрған Көкбөрі образы. Бұл образдық бейне суреткер С.Елубайдың кинодраматургиялық айшықты тәсілдерінің бірі болып табылады.

Көрнекті жазушымыз Ә.Кекілбаев «Күй» атты хикаятындағы «мәңгүрт» атты ұғымды оқырман назарына өткен ғасырдың 60-жылдары енгізген. «Мәңгүрт» атты ұғымды алғаш оқырман назарына ұсынған жазушы Ә.Кекілбаевтың үлкен жаңалығы еді. Осы жаңалық «мәңгүрт» атты ұғымның әлемдік әдебиетте алар орны ерекше. Бұл ұғымды, осы терминді әлемдік әдебиеттегі ұлы тұлғалардың бірі Ш.Айтматов та өз шығармаларында жан-жақты толықтырып, романына арқау етті. Ал кино әлемінде осы мәңгүрт деген бейнені, оның кесір-кесапатын толықтай айта білген алғашқы кинокартина «Кек» екені даусыз. Бұл еңбек көрнекті жазушымыз Ә.Кекілбаевтың жаңалығы, жаңа ашқан тың тақырыбы болып қала береді. Ал осы тақырыптың ішкі динамикасына өз өрнегін салып, мәңгүрт бейнесін тереңдеткен кинодраматург С.Елубайдың ашқан жаңалығы қазақ кино өнерінің тарихында өз орнын алатыны сөзсіз. Кинофильмнің соңғы кадрларында бұрынғы көркем жігіт Ершора адамдық болмыстан ада, елін, жерін, дос-дұшпанын, сүйгенін танымас ой-санасы өшкен бейбақ. Бойында адамдық қасиеттен гөрі иттік инстинкт басым мәңгүрт бейнесін әсерлі бере білген. Режиссер Д.Манабаймен бірге түсірген «Кек» кинофильмінің алғашқы сценарийлік нұсқасында драматург С.Елубай: «Фильмнің соңғы көріністеріндегі мәңгүрт Ершора әкесі Дүйімқараны атып өлтіруі тиіс еді, өкінішке орай, осы эпизодты режиссер қажет деп таппады, менің ойымша, қысқартпау керек еді. Мәңгүрттіктің біздің халыққа, қоғамға қандай қауіпті екенін тиянақты түрде жеткізу керек еді. Мәңгүрт деген өз ана тілін ұмытқан, ата тәрбиесін ұмытқан, киналмай-ақ, ойланбай-ақ өз әкесін өлтіруге дайын құбылыс иесі екенін ашып көрсетсе болар еді. Кез-келген профессионал сценарист алдымен өзі қиялдайды, өзі

қағаздың бетіне түсіреді. Ал кейбір жағдайда сол жазған дүниелері экранға бұрмаланып шығады немесе сол көріністер мүлде алынып тасталады. Бұл көріністер кинодраматургтердің режиссерлерге ренжіп жүретін классикалық жағдай. О бастан-ақ екеуі екі түрлі тұлға, дүниеге екі түрлі көзқараста болуы мүмкін, сондықтан сценариидегі дүниелер экранға ешқашан 100 пайыз шықпайды. Бірақ фильмнің концепциясы, оқиғасы, тақырыбы, айтатын ойы 100 пайыз сценарий авторының ой-толғауынан туындайды», - деп еске алады.

Дегенмен де кинофильмдегі осы бір жан шошырлық көріністер, мәңгіргі бейнесін драматург С.Елубайдың шығарма желісіне қосқан үлкен жаңалығы, елеулі еңбегі деп бағалағанымыз абзал.

Өткен жылы экранға шыққан «Аңшы бала» фильмі (режиссерлері: Ерлан Нұрмұхамедов, Бегарс Елубай) кинодраматург Смағұл Елубайдың кинодағы жетінші фильмі екен. Ресейдің Анапа қаласында өткен Киношок фестивалінде және Голливудте өткен IFFF кинофестивалінде «Аңшы бала» бас жүлдені иеленді. Бұл оқиға жайлы АҚШ-тың Қазақстандағы елшісінің өкілі Тристан Перри мырза: «Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының «Аңшы бала» фильмі Голливудте өткен IFFF кинофестивалінің бас жүлдесін жеңіп алды. Бүгін мен фильм режиссерлеріне сол жүлдені тапсырып тұрғанымды өзіме зор мәртебе санаймын. Лондондағы XXX жазғы олимпиада ойындарында 7 алтын медаль олжалаған Қазақстанның бұл әлемдік деңгейдегі жеңіп алған сегізінші алтын медалі деп айтуға болады», - деді, 28 тамыз (2012 ж.) күні Алматыда өткен премьерасында сөйлеген сөзінде.

Зиялы қауым дегеніміз өркениетіміздің, қоғамымыздың қаймағы. Тәуелсіздік тұғырын, қазақ ұлтының рухын биіктерге асқақтатып, халқымыздың асыл қасиеттерін бойына жинаған, жаны таза, рухани сана-сезімі жоғары, еліміз деп туған ерлер әр қоғамда болатыны сөзсіз. Қазіргі біздің өмір сүріп отырған қоғамымыздағы өркениеттің ұлы көшін өрге сүйрейтін ұлтымыздың зиялы қауымының ішінен ақиқатын ашық айтатын, халқының жоғын жоқтар азаматтардың ішінен қазақ әдебиетіне, қазақ кино өнеріне және қоғамымызға елеулі еңбектерін қосып, ұлтының сөзін сөйлеп жүрген қаламгерлердің бірі – Смағұл Елубай.

Американың әйгілі «Азаттық, Азат-Еуропа» радиосының қазақ бөлімінде дүниежүзі қазақтарына 1995-2004 жылдар көлемінде қазақ халқының өзекті мәселелерін, тауқыметін, оның ерлік дастандарын, мұнын мұндап, оның қуанышты сәттерін күнделікті күн тәртібінен түсірмей, ұлтын ұлықтаған істерінің өзі бір төбесі, зерттелмеген кеңістік. Қаламгердің қазіргі шығармашылық жұмыстарынан бөлек қоғамдық жұмыстарының бір парасы «Репрессия мен ашаршылық – бір ұғымы емес» деген қоғамдық пікірді дұрыс қабылдап, шатастырмау керектігін айтады. Екеуі екі түрлі жағдай. Ашаршылық құрбандарына Астана мен Алматы қаласында мемориал-кешен керектігін айтып, қоғамдық пікір қалыптастыруда. Бұл игі шараларды іске асыру үшін жылдағы 31 мамыр – Репрессия құрбандарын еске алу күніне орай 4 миллионнан астам аштан қырылған қазақ ұлтына мемортал – кешен орнату, халық жадынан шығармау – қоғам қайраткерінің алдыға қойған міндеттерінің бірі.

Қаламгердің әдебиет саласындағы, кино өнері саласындағы елеулі еңбектері, халқына қажетті, келелі ой, түйінді толғамдары көп. Халқымыздың салт-дәстүрге, ұлттық құндылықтарға бай қазынасы қаламгер шығармаларының негізгі дінгегі екені анық.

Өнер бір күндік емес, ол – ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан рухани қазына, бағалы байлық. Рухани қазынамыздың інжу-маржандарын ұлт игілігіне жарата алатын Смағұл Елубай сынды қаламгерлердің, киногерлердің көп болғаны қазақ кино өнерінің, мәдениетінің, әдебиетінің үлкен байлығы демекші.

Гүлдана Бейсенова

*ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері
факультетінің 2-курс студенті*

Мамандық, диплом, жұмысқа орналасу мәселесі

Мектеп бітірген соң, әр бір оқушы жоғарғы оқу орнына түссем деп армандайды. Бірі оқуға түссе, енді бірі әр түрлі жағдайлармен оқуға (көпшілігі каражатқа байланысты) түсе алмай қалады. Жоғары оқу орнына түскен студенттер, болашақта жақсы маман иесі болуға ұмтылады. Көпшілік студенттер сабақтан тыс жұмыс жасап, оқу ақысын төлеуге әрекет жасайды. Олардың ішінен мейрамханада, дүкенде, құрылыста, автомойкада, супермаркеттерде жұмыс істейтін және базарда арба таситындары да кездеседі. Жұмыстан шаршап келген студенттің сабағына карауға да шамасы келмей ұйықтап қалатыны белгілі. Кейбірі түнде жұмысқа шығады, күндіз сабақта ұйықтап отырады. Әрине, сабағында қалғып-мүлгін отыратын студентті ешқандай оқытушы ұнатпайды, тіпті келесі курсқа өткізбей, құлатып та жібереді. Мұндай жағдайда студентті де, мұғалімді де кінәлай алмайсың. Мұғалім қалайда студенттің білім алуын қалайды, ал студент диплом алғанды. Жалпы тандаған мамандығымызбен жұмысқа орналаса аламыз ба? Осы сауалға байланысты көпшіліктің ой-пікірін білу үшін сауалнама жүргіздік.

Мақсат (II-сынып оқушысы): Бізге ең қиыны тест болып тұр. Себебі қаншама көптеген тесттерді жаттау қиынға соғады, және де қазіргі таңда шешілмей отырған мәселелердің бірі жасырын коррупция.

Айғаным (II-сынып оқушысы): Тест тапсырған бізге қолайлы. Емтихан тапсырғанға карағанда осы ыңғайлы. Тек жаттасаң болғаны.

Іңкәр (II-сынып оқушысы): Егер тандаған мамандығымыз қоғамға пайдалы болса, сұранысқа ие болса, әрине, жұмысқа орналаса аламыз. Тек тесті жақсы тапсырсақ болғаны.

Әрине, мектеп оқушыларының басты мақсаты тек қана тесттен жоғары балл жинап өту ғана. Ал, үлкен өмірге қадам басқан студенттердің көзқарасы басқаша болатыны айдан анық. Мектеп оқушылары ата-анасының қамқорлығында қиыншылықты сезінбейді. Студенттер алыста жүргендіктен ата-анасына қиналғандықтарын білдірмеуге тырысады. Студенттердің пікірін білсек.

Жансая: Қай жерге жұмыс іздеп барсаң да бірінші дипломыңды сұрайды. Онсыз жұмысқа орналасу мүмкін емес. Дипломың болса да, еңбек тәжірибеңе қарайды, жұмысқа орналасу үшін тест тапсырасың.

Қалыбек: Мамандықты тандап, оқып, диплом алу керек. Дипломсыз нақты, тұрақты бір жерде жұмыс жасай алмайсың, диплом – табыс көзі. Диплом арқылы өмірлік наныңды табасың.

Гүлдана: Көпшілік жағдайда диплом жұмыс табуға кепіл бола алмайды. Бұлай дейтін себебім, менің бір жақын танысым, өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмады. Өйткені, жұмысқа орналасу үшін көп каражат қажет болды. Алған дипломы өмірлік қажетіне жарамай, сандығында сақтаулы тұр. Бүгінде дүкенде жұмыс жасап жүр.

Айжан: Өзім де диплом жоқ. Ата-анам дәрігер болса екен деп оқуға түсірген болатын. Оқу қиын болды игере алмадым. Қазір сол үшін өкінемін. Сол кезде қиындыққа аз ғана шыдағанымда қазіргідей қиналмас едім. Мектепте еден жуамын. Күн суық кезде мұздай суға қолыңды салғанда бүкіл денеме суық тарайды, тапқан ақшамның көпшілігі дәрі-дәрмекке кетеді.

Мирас: Әрине, диплом керек. Сол үшін оқып жүрмін. Мектепті бітірген соң тест тапсырдым. ҰБТ-ның тестілеу нәтижесінде грантқа түсуіме төмен балл жинағандықтан келесі жылғы тестті күттім. Жақсы балл жинап грантқа түстім. Өз мамандығымды жақсы көремін.

Диплом керек. Онсыз өмірде өз орныңды табу қиын болады. Білім алып болашақта жақсы маман иесі болу жастардың өз қолында. Тек әрекет жасаса болғаны. Жоғары оқу орнында көптеген мүмкіндіктер бар. Оқып жүріп грантқа ауысуға, шетелге оқуға барып, білімін арттыруға да болады. Тек кез-келген студент өз мүмкіндіктерін білу керек. Кейбіреулер өзі оқып жүрген мамандығына ата-анасы айтқандықтан оқып жүргенін айтады немесе, оқу ақысы төмен болғандықтан түстім деп жатады. Қалай болған күнде де, оқып жүрген

мамандығына немқұрайлы қарамауы керек. Барынша білім алуға тырысып, содан бір нәтиже шығаруы керек. Себебі, ол – сенің болашағың.

Өмірде өз орындарын тауып, бақытқа жетіп жатқан қаншама адамдар бар. Бірі таңдаған мамандығының жемісін жесе, енді бірі өнерін өрге жүргізіп жетістіктерге жетіп жатыр. Алдыңғы аға буынның мамандық таңдауға байланысты пікірлерін білсек.

Жасұлан: Кішкентай кезімнен дәрігер болуды армандайтынмын. Мектепті бітірген соң оқуға түстім, қалаған мамандығымды оқып дәрігер болдым. Маған өзімнің жұмысым қатты ұнайды. Кейде қатты шаршаймын, қанша шаршасам да өз мамандығыма деген қызығушылығымнан болар жұмысқа баруға асығып тұрамын.

Нұрсұлтан: Егер қолыңда өнерің болса дипломның қажеті жоқ дер едім. Өзім суретшімін. Айналадағы адамдар мен жан-жануарларға, табиғатқа жан бітіре сурет саламын. Салған суреттерім басқалар үшін мәнді ме, жоқ па, ол жағы мен үшін маңызды емес. Бастысы өзіме ұнайды. Сурет салғанда жан-тәніммен беріліп, қызығып саламын. Көбінесе мектептегі плакаттарға суреттер саламын. Мұғалімдер ашық сабақтарына, апталықтарға керекті суреттерін салдыртады.

Арман: Кейде диплом алу үшін уақытты кетіріп оқудың қажеті жоқ сияқты көрінеді. Бастысы тірліктің көзін тапсаң болғаны. Диплом керек, оның ешқандай зияны жоқ. Болашақта керегі болады. Бірақ өзімде диплом бар, ол саламен жұмыс жасағым келмейді. Жеке бизнесім бар. Жерді жалға алып, жылыжай құрдым. Табысы көңілімнен шығады.

Арайлым: Таңдаған мамандығың бойынша жұмысқа орналаса аласың. Оқуымды жақсы бітірдім. Қазір банкте жұмыс істеймін. Жалақысы ай сайын уақытылы беріліп отырады. Тек жұмысқа уақытылы барып, тиянақты орындап отырсаң болғаны.

Сапар: Өмір бойы жейтін наның болғандықтан, мамандықты таңдаған кезде қателеспеу керек, ең бастысы оған деген қызығушылығың басым болу керек. Мен журналистпін. Жұмыста көптеген қиыншылықтар болады. Қиыншылығы мен қызығы қатар жүргендіктен бұл сала маған қатты ұнайды. Камераның аркасында қаншама ел көріп, жер көріп жүрмін. Кез-келген уақытта жұмыс бабымен шет елдерге кететін кездеріміз болады. Әрқашан бәріне дайын болу керек.

Асылайым: Маған өз мамандығым өте ұнайды. Тігіншімін. Қалаған уақытымда тігіс тігемін, шаршасам дем аламын, ешкімге тәуелді емеспін. Жастайымнан анамның тіккен тігістеріне қызығатынмын. Қазір өзімнің қолымнан келеді. Қалаған үлгідегі киімдердің суретін салып өзіме жарасымды етіп тігіп аламын.

Дулат: Жекелеменшік жұмыстың жалақысы көп. Тұрмыстық жағдайыңды жасауға мүмкіншілігің болады. Өзіңе көп уақыт бөле аласың, қалаған жеріңе бару үшін ешкімнен рұқсат сұрап жүрмейсің.

Бізді қызықтырған сауалға көпшілік осындай жауаптар қайтарды.

Кез-келген адам өмірін жұмыссыз елестете алмайды. Тіршілік жасау үшін тірліктің түрі көп. Әрбір адам өз қалауы бойынша мамандық таңдайды. Өздерін сол маман иесі ретінде бейімдеуде білмеген тұстарын оқып үйреніп, тәжірибеден өтетіні белгілі.

Салтанат Рыспанбетова

*ҚазмемқызНУ Қазақ филологиясы және
әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті*

Бойжеткендердің кейбір қылығы қынжылтады

Бірде қыздардың киім ауыстыратын жерлеріне бәріміздің басымыз косылып, жиналып қалдық. Сәнқой қыздардың бойынан балалық шақтан қалған бір де бір із табылмайды. Ерте есейгеннен не пайда?! Міне, сол есейген қыздардың күлкілерінде шек жоқ, дауыстарының жағымсыздығы, ауыздарына келген былапыт сөздерді айтқандықтары соншалық, жандарында отырған мен солар сияқты әпке-сіңілілерім барына арландым. Олардың маған істеген титімдей де жамандығы жоқ. Дегенмен, олардың бұл қылығы барша қазақ қызына істеген қиянаты деп білемін. Олардың қылығы жай ғана ауыздан шыққан былғаныш сөздері мен қазақ қызына тән мәдениетсіз күлкілері ғана. Ал, көшеден қолдарына түтіні будақтаған шылым ұстаған қыздарды көретініміз тағы бар. Шыны керек, мұндай көрініске бірте-бірте етіміз үйреніп барады. Қолдарында қымбат шылым, құшақтарында бір-бір жігіт ұстап тұрған қыздарды күніне жоқ дегенде бір рет кездестіреміз. Елімізде жетімдердің санын көбейтіп жатқан жандар да солар. «Бесіктен белдері шықпай» есеюге асығады да, өмірден опық жеп «көкек ана» атанады. Бұқар жыраудың «ақыр заман белгісі - сиыр пұл болар, қарап тұрған жігітке қыз артылар» деген сөзі дәл осы заманға арнап айтылғандай. Қарап тұрып, ақыр заман жақындап қалды ма деген де ойға қаласың. Менін түсінбейтінім, сол қыздардың үйінде ақыл айтар ата-ана жоқ па, әлде қара жолмен ақ жолды айыруға саналары жоқ па?! Ондай қыздан ертең қандай ана шығады?! Жаман қылықты бойына жинап өскен қыздан болашақта адал жар да, аяулы ана да шықпайды. Қазақ келіні деген сөзді естігенде кім-кімнің де көз алдына бүрмелі көйлегі, зерлі бешпенті, төгілдіре тартқан орамалы тал бойына жарасып, имене үлбіреген келіншек келері сөзсіз. Өмірге ұрпақ әкелумен қатар, бір әулеттің үрім-бұтағын көбейту, келін боп босаға аттау бұл – үлкен қуаныш, зор мәртебе! Ал, біздің аруларымыз осыны түсініп жатыр ма?! Ұлт болашағына аса мән берсек, мұндай қыздардың саны азаяр ма еді, бәлкім?!

Назерке Сейсенбаева

Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 1-курс студенті

Бұрынғандары нәзік жандыларымыздың қылмыс жасағандығы туралы хабар сирек естілсе, соңғы уақытта уыздай жап-жас қыздардың да, ақыл тоқтатқан әйелдердің де сотталып жатқандығы жаңалық болмай қалды. Күнделікті қоршаған өмірде шылым шегіп, шарап ішетіндердің ішінен қыздарды да көп байқайсың. Ғаламтор мен әлеуметтік желілерде де қыздардың төбелесі, ақша бопсалау туралы видеолар жетерлік. Өрімдей жап-жас қыздардың бірге оқитын құрбыларынан ақша талап етіп, бермесе шаштарын жұлып, жабылып теуіп, бас-көз демей төпелеп ұрып жатқан көріністерді көргенде еріксіз жағанды ұстайсың.

Қазақ қыздарының соншалықты қатігезденіп, қылмысқа бой алуларына не себеп болуы мүмкін? Жастықтың буы ма, әлде ақша табудың ең оңай жолы ма? Бүгінде судьялардың есебінде күнделікті алдына келген қылмыстық істердің үшеуінің бірі әйелдердің қолымен жасалған алаяқтық қылмыс екені туралы дерек жиі айтылады. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетуге тиіс болашақ аналар қылмысқа қасақана баруда. Ұлттың ұрпағын өрбітетін де, тәрбиелейтін де бұрымдыларымыз. Ал құқық бұзушылыққа барған қыздар кейін ұрпағын да өзі сияқты ұрда-жық, арысыз, пайдакүнем етіп тәрбиелеуі мүмкін. Күллі адамзаттың бастауы Хауа анамыздан бастап, Ұмай ана, Домалақ ана, жаужүрек Тұмар ханшайымның, берідегі батыр апаларымыз Әлия мен Мәншүктің сіңілдері шетел жаққа еліктеп, бас бұзарлыққа баруы жарамайтын қылық-ақ. Іштері пысып, өздерін қоярға жер таппай жүрген бойжеткендеріміз болса, бірлесіп қолөнермен, күші тасығандар спортпен, бимен, әйтеуір, пайдалы нәрселермен шұғылданданса игі еді.

Жайна Байғазы

ҚазмемқызПУ Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті

БАС РЕДАКТОР
Күнімжан Сәдірқызы Әбдікалық

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Қырықбай Сания

Қазак филологиясы және әлем тілдері факультетінің студенті

Ходжаева Ұлжан

Жаратылыстану факультетінің студенті

Әмірова Кәмшат

Педагогика және психология факультетінің студенті

Мерлибаева Сандуғаш

Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің студенті

Бөрібек Сымбат

Физика-математика факультетінің студенті

Мәтбаева Назекен

Өнер және мәдениет факультетінің студенті

Редакцияның мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 114, 2-қабат, 206-кабинет

Байланыс телефоны: 2 33 19 31; 8 778 312 92 33

E-mail: Alashshyl-zhas@mail.ru

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде есепке қойылып, 2012 жылдың 20 қарашасында №13157-Ж тіркеу куәлігі берілген.

Журнал 2013 жылдың наурыз айынан бастап шығады.

Басуға қол қойылған күні: 20.11.2013 жыл

Түрлі-түсті басылым, қалпы 60x84 1/8

Шартты баспа табағы 7,75

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 316

Журнал «Қыздар университеті» баспасында басылды
Баспаның мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі 116 үй.
Байланыс тел.: 279 38 33